kazconf
media conference

«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ»

халықаралық ғылыми конференцияның

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

5-6 қазан 2026

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

«PRIORITY DIRECTIONS FOR THE DEVELOPMENT OF SCIENCE AND EDUCATION»

5–6 October 2026

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ»

5–6 октября 2026

Алматы, 2026

ӘОЖ 001+37
КБЖ 72+74
Ғ96

Редакция алқасы:
А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:
А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:
A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ96 Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары: халықаралық ғылыми конф. мат. = Приоритетные направления развития науки и образования: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Priority Directions for the Development of Science and Education. – Алматы: Kazconf.com ғылым порталы, 2026. – 262 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-6580-8

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001+37
КБЖ 72+74

ISBN 978-601-08-6580-8

© Kazconf.com ғылым порталы, 2026

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

HUMANITIES

ҒТАМР 16.21.27

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

Ш.Қ. Әли, Қ.Т. Мұхамади
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Мақалада қазақтілді цифрлық білім беру ресурстарының (ЦБР) қазіргі жай-күйі, даму қарқыны және олардың педагогикалық тиімділігі кешенді түрде талданады. Зерттеу барысында Қазақстанның білім беру және ғылыми-ақпараттық кеңістігінде қолданылатын он негізгі қазақтілді веб-ресурс (Kundelik.kz, BilimLand.kz, Daryn.online, OpenU.kz және т.б.) критерийлерге негізделген мақсатты іріктеу әдісі арқылы таңдалып, олардың функционалдық, мазмұндық және педагогикалық мүмкіндіктері сараланды. Ресурстардың сапасын бағалауда SAMR және TPACK модельдері, сондай-ақ Ричард Майердің мультимедиялық оқыту принциптері теориялық-әдіснамалық негіз ретінде қолданылды. Талдау нәтижелері отандық платформалардың цифрлық трансформация деңгейі мен педагогикалық интеграциясының әркелкі екенін көрсетті: кейбір ресурстар дәстүрлі контентті электронды форматта ұсынумен шектелсе, енді бір бөлігінде интерактивті тапсырмалар, цифрлық кері байланыс және түрлендірілген оқу әрекеттері байқалады. Сонымен қатар мультимедиялық дизайн, когнитивтік жүктеме және пайдаланушыға қолайлылық мәселелерінің маңыздылығы анықталды. Зерттеу нәтижелері қазақтілді ЦБР сапасын жетілдіруге және олардың педагогикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге негіз болды.

Түйін сөздер: Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР), интернет-ресурс, SAMR моделі, TPACK моделі, мультимедиялық оқыту, когнитивті жүктеме, қазақтілді білім беру платформалары, білім беруді цифрландыру.

Бүгінгі таңда білім беру кеңістігін цифрландыру – жай ғана заман талабы емес, оқытудың сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған жүйелі реформалардың негізі. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңында нақтыланғандай, қазіргі таңда интернет-ресурс білім мен ақпаратты таратудың, сондай-ақ виртуалды коммуникация орнатудың басты құралына айналды. Осы тұрғыда білім беру процесін ана тілінде цифрландыру және

ұлттық контентті қалыптастыру мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мен елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыруда стратегиялық маңызға ие.

Қазақстандық білім беру кеңістігінде мемлекеттік тілдегі цифрлық білім беру ресурстарының (ЦБР) саны соңғы жылдары айтарлықтай өсіп, олардың функционалдық және мазмұндық мүмкіндіктері кеңейе түсті. Алайда, қолданыстағы цифрлық білім беру ресурстарының сан жағынан артуы олардың сапасына әрдайым толық кепілдік бере алмайды. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық тұрғыдан жүйесіз қолданылған немесе техникалық сипатта сауатсыз жасалған цифрлық ресурстар білім алушының когнитивті жүктемесін арттырып, оқу уәжін төмендетуге әкеп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты, қазақтілді цифрлық ресурстардың тиімділігін ғылыми негізделген халықаралық модельдер мен критерийлер арқылы бағалау – заманауи отандық педагогиканың ең өзекті міндеттерінің бірі.

Зерттеудің өзектілігі интернет кеңістігіндегі қазақтілді білім беру контентінің қарқынды дамуымен қатар, оның педагогикалық және когнитивтік сапасын ғылыми тұрғыдан жүйелі бағалау қажеттілігінің артуымен айқындалады. Платформалардың ішкі мазмұны мен визуалды құрылымының білім алушылардың қабылдау ерекшеліктеріне қаншалықты сай келетінін анықтау кешенді талдауды қажет етеді.

Отандық интернет кеңістігіндегі ең танымал әрі жиі қолданылатын қазақтілді 10 цифрлық білім беру ресурсын іріктеп алып , олардың тиімділігі мен трансформациялық деңгейін SAMR, TPACK теориялық модельдері және Ричард Майердің мультимедиялық оқыту принциптері негізінде кешенді түрде бағалау және талдау жасау.

Бұл зерттеу жұмысында қазақ тілі мен әдебиеті, сондай-ақ жалпы орта және жоғары білім беру бағытындағы ұлттық цифрлық платформалардың (мысалы, *Kundelik.kz, BilimLand.kz, Daryn.online, Openu.kz, Kitap.kz* және т.б.) эмпирикалық базасы қарастырылып, олардың болашақта даму бағыттары айқындалады.

Әдебиетке шолу.

«Интернет ресурсы – Veb серверлерде, РГР серверлерде және т.б. орналасқан интернеттің ақпараттық материалдарының жиынтығына арналған ортақ атау» (Құсайынов А.Қ., 2002). ҚР 2015 жылғы қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» Заңында нақты көрсетілген анықтамасында «интернет-ресурс – бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат» деп нақты көрсетілген (Қазақстан Республикасының Заңы, 2015).

Интернет ресурстарын басқа ресурстардан айырықшалап тұратын басты ерекшеліктері мыналар:

– Пайдаланушылар ақпаратты тек оқып қоймай, іздеу механизмдері мен URL арқылы сұраныс жасап, кері байланыс орната алатын интерактивтілігі мен белсенділігі;

– Интернет ресурстары географиялық шектеусіз, тәулік бойы қолжетімді, провайдерлер арқылы деректерді дереу алуға мүмкіндік беретін қолжетімділігі;

– Ақпарат мәтін, сурет, аудио және видео форматтарында ұсынылады, сонымен қатар бір беттен екіншісіне гиперсілтемелер арқылы өтуге болатын гипермәтіндігі мен мультимедиалығы.

Пайдаланушылардың сұранысынсыз-ақ, арнайы технологиялар арқылы ақпаратты автоматты түрде жаңартып отыру мүмкіндігі немесе динамикалығы;

Әлеуметтік желілер, чаттар, форумдар, интернет-дүкендер және мемлекеттік ресурстар сияқты алуан түрлі форматтардың бірігетін әмбебаптығы.

Интернет-ресурстардың функционалды – мазмұндық бағыты негізіндегі классификация бойынша ақпараттық ресурстар, коммуникациялық ресурстар, коммерциялық немесе сауда-саттық ресурстары, білім беру ресурстары, ойын-сауық ресурстары және сервистік ресурстар болып бөлінеді (Әли Ш.Қ., Мұхамади Қ.Т., 2026). Ақпараттық ресурстарға жаңалық сайттары, электрондық энциклопедиялар мен деректер базалары жатады. Коммуникациялық ресурстар пайдаланушылар арасындағы байланыс орнатуға арналған платформаларды қамтиды. Коммерциялық ресурстар электрондық сауда қызметін жүзеге асырады, ал білім беру ресурстары онлайн курстар, цифрлық кітапханалар және білім беру платформалары арқылы білім тарату қызметін атқарады. Зерттеу жұмысында осындағы білім беру ресурстарына талдау жасалады.

Білім беру бағытындағы интернет-ресурстарды ғылыми еңбектерде *цифрлық білім беру ресурстары* деп атайды. Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – оқу үдерісін қолдауға және жүзеге асыруға арналған электрондық материалдар. Ақпараттың кең ауқымды форматтарын қамти отырып, оның ішінде мәтіндік құжаттар, бейне және аудиоматериалдар, интерактивті тапсырмалар мен білімді бағалау құралдары бар, ЦБР білім берудің икемділігі мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. ЦБР-дың мәні – оқу ақпаратын ұсыну және білім алушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін цифрлық технологияларды біріктіруде. Оларға электрондық оқулықтар, онлайн-курстар, мультимедиялық презентациялар, виртуалды зертханалар және цифрлық ортада оқу үдерісін оңтайландыруға арналған басқа да цифрлық құралдар жатады (Александров А.Ю., Верещак С.Б., Иванова О.А., 2019).

Бүгінгі таңда білім беруді цифрландыру – жүйелі трансформацияның негізі. Алайда, қолданыстағы ЦБР-дың санының артуы олардың сапасына әрдайым кепілдік бере алмайды. Зерттеулер көрсеткендей, жүйесіз қолданылған немесе техникалық тұрғыдан сауатсыз жасалған цифрлық ресурс оқушының когнитивті жүктемесін арттырып, оқу уәжін төмендетуі мүмкін (Елисеева Е.В., Злобина С.Н., Синица Н.В., 2009).

Сондықтан, ЦБР-дың тиімділігін ғылыми негізделген модельдер мен критерийлер арқылы бағалау – заманауи педагогиканың өзекті міндеті.

Ғылыми-педагогикалық қауымдастықта цифрлық ресурстардың білім беру үдерісіне ықпалдасу деңгейін және олардың тиімділігін бағалауға арналған бірнеше теориялық модельдер кеңінен қолданылады. Солардың ішінде Рубен Пуэнтедура ұсынған SAMR моделі ерекше маңызға ие. Бұл модель ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқу процесіндегі рөлін талдауға мүмкіндік береді. Олардың не тек қосымша құрал ретінде, не оқыту мазмұны мен құрылымын түбегейлі өзгертетін фактор ретінде қолданылып отырғанын анықтауға мүмкіндік береді (Puentedura R.R., 2010).

SAMR моделі төрт кезеңнен тұрады: substitution – алмастыру, augmentation – толықтыру, modification – түрлендіру және redefinition – қайта анықтау. Алғашқы кезең – алмастыру деңгейінде цифрлық технология дәстүрлі құралдың орнын басады, алайда оқу тапсырмасының құрылымында айтарлықтай өзгеріс болмайды. Мысалы, студенттің қағаз дәптерге жазу орнына мәтінді Microsoft Word бағдарламасында теруі немесе оқулықтың PDF нұсқасын пайдалануы осы деңгейге жатады. Бұл жағдайда технология тек тасымалдаушы қызметін атқарады.

Екінші кезең – толықтыру деңгейінде технология оқу үдерісінің функционалдық мүмкіндіктерін арттырады. Мәселен, мәтінді автоматты түрде тексеру, орфографиялық қателерді түзету, онлайн сөздіктерді пайдалану немесе интерактивті презентациялар арқылы ақпарат беру білім алушының жұмысын жеңілдетеді әрі уақытты үнемдеуге ықпал етеді. Мысалы, тест тапсырмаларын Google Forms платформасы арқылы орындау нәтижені автоматты түрде шығарып, кері байланысты жедел ұсынуға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең – түрлендіру деңгейінде цифрлық технология оқу тапсырмаларын едәуір қайта құруға жағдай жасайды. Бұл деңгейде білім алушылар бірлескен жұмысқа көбірек тартылады. Мысалы, студенттердің Google Docs немесе Microsoft Teams платформалары арқылы ортақ жоба дайындауы, бір құжатты бірнеше адамның қатар өңдеуі немесе Padlet тақтасында пікір алмасуы оқыту процесін интерактивті сипатқа көшіреді. Мұндай тәсілдер білім алушылардың коммуникациялық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ал соңғы кезең – қайта анықтау деңгейінде технология бұрын жүзеге асыру мүмкін болмаған жаңа форматтағы оқу әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды зертханаларда тәжірибе жасау, жасанды интеллект көмегімен мәтіндерді талдау, халықаралық онлайн жобаларға қатысу немесе VR/AR технологиялары арқылы тарихи орындарға виртуалды саяхат ұйымдастыру осы деңгейдің көрінісі бола алады. Әсіресе тіл білімінде жасанды интеллект негізіндегі платформаларды қолдану арқылы мәтіндерді автоматты талдау, аударма жасау және тілдік деректерді цифрлық өңдеу мүмкіндіктері кеңейіп келеді (Puentedura R.R., 2010).

SAMR моделі цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіндегі қолданылу деңгейін саралап қана қоймай, олардың педагогикалық үдерісті жаңғыртудағы әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. Модельді тиімді пайдалану

оқытушыларға цифрлық ресурстарды тек қосымша құрал ретінде емес, білім сапасын арттыратын инновациялық тетік ретінде қолдануға жол ашады.

Кесте 1. SAMR моделінің бағалау шарты (Автор негізінде құрастырылды).

Модель атауы	Деңгей	Бағалау шарты
S	Substitution – алмастыру	Дәстүрлі оқу әрекеті цифрлық форматқа ғана көшірілген.
A	Augmentation – толықтыру	Цифрлық формат дәстүрлі әрекетке қосымша функционал береді.
M	Modification – түрлендіру	Технология оқу тапсырмасының құрылымын елеулі өзгертеді.
R	Redefinition – қайта құру	Бұрын технологиясыз жүзеге асыру қиын немесе мүмкін болмаған жаңа оқу әрекеті пайда болады.

Цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін бағалауда кеңінен қолданылатын теориялық тұжырымдамалардың бірі – Мишра мен Кёлер ұсынған TPACK моделі. Technological, Pedagogical and Content Knowledge (TPACK) – бұл технологиялық-педагогикалық-пәндік білім деп аударылатын, технологияның нақты пән мазмұны мен педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдалып, өзара байланыста қолданылуын зерттейтін модель.

TPACK моделіне сәйкес, сапалы цифрлық білім беру ресурсы тек техникалық жағынан заманауи немесе визуалды тұрғыдан тартымды болуымен шектелмеуі тиіс. Ол, ең алдымен, белгілі бір пәннің мазмұнын нақты әрі түсінікті жеткізуге бағытталуы қажет және тиімді оқыту әдістерімен үйлесуі керек. Яғни, технология оқу мақсатына қызмет еткен жағдайда ғана оның педагогикалық құндылығы артады (Mishra P., & Koehler M.J., 2006).

Мысалы, қазақ тілі сабағында интерактивті платформаларды пайдалану тек тапсырмаларды онлайн форматқа көшірумен шектелсе, бұл технологияның үстірт қолданылуы болып есептеледі. Ал егер оқытушы LearningApps, Quizizz немесе Wordwall секілді платформаларды грамматикалық тақырыптарды бекітуге, тілдік дағдыларды дамытуға және білім алушылардың қызығушылығын арттыруға бағыттап қолданса, онда технология педагогикалық және пәндік мазмұнмен үйлесім табады. Сол сияқты, әдебиет пәнінде цифрлық карталар, аудиокітаптар немесе жасанды интеллект негізіндегі мәтін талдау құралдарын пайдалану шығарманы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

TPACK моделінің басты ерекшелігі – технологияны оқыту процесіне механикалық түрде енгізу емес, оны пән мазмұны мен әдістемелік мақсаттарға сәйкестендіру қажеттігін көрсетуінде. Бұл модель цифрлық ресурстарды іріктеу барысында оқытушының тек техникалық сауаттылығына ғана емес, сонымен қатар, педагогикалық шеберлігі мен пәндік құзыреттілігіне де ерекше назар аударады.

Қазіргі таңда халықаралық стандарттар мен ЮНЕСКО ұсынған цифрлық құзыреттілік шеңберлеріне сәйкес, цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін бағалау бірнеше негізгі критерийлер арқылы жүзеге асырылады

(UNESCO, 2018). Зерттеушілер бұл критерийлерді мазмұн сапасы, педагогикалық тиімділік, технологиялық қолжетімділік және пайдаланушылық тәжірибе сияқты ірі блоктарға бөліп қарастырады. Мұндай бағалау жүйесі цифрлық ресурстардың тек техникалық мүмкіндігін емес, олардың білім беру сапасына нақты ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 2. TPACK моделінің бағалау шарты (Автор негізінде құрастырылды).

Модель атауы	**0**	**1**	**2**	**Дәлел**
CK			✓	Пәндік оқу материалы
PK		✓		Тапсырмалар бар, кері байланыс шектеулі
TK			✓	Интерактивті құралдар
PCK		✓		Пәндік мазмұн мен тапсырма байланысы бар
TCK			✓	Интерактивті модель
TPK		✓		Автоматты бағалау
TPACK		✓		Үш компоненттің байланысы ішінара

Цифрлық білім беру ресурстарының психологиялық-педагогикалық тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеген маңызды теориялардың бірі – американдық ғалым, Ричард Майер ұсынған мультимедиялық оқыту теориясы. Зерттеушінің еңбектерінде білім алушының ақпаратты қабылдау ерекшеліктері мен цифрлық ортада оқытудың тиімді жолдары қарастырылады. Майердің пікірінше, мультимедиялық материалдар мәтін, дыбыс, бейне және графикалық элементтерді ретсіз біріктіру арқылы емес, адамның когнитивтік мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырылған жағдайда ғана нәтижелі болады.

Ғалым ұсынған негізгі принциптердің бірі – когеренттілік принципі. Бұл қағида бойынша, оқу материалына тікелей қатысы жоқ артық ақпараттар білім алушының назарын шашыратып, ақпаратты қабылдау процесін қиындатады. Сондықтан, цифрлық ресурстарда қажетсіз анимациялар, шамадан тыс дыбыстық эффектілер немесе тақырыпқа қатысы жоқ суреттер қолданылмауы тиіс. Мысалы, грамматикалық тақырыпты түсіндіретін презентацияда тек ережеге қатысты мысалдар мен сызбаларды пайдалану тиімді болып саналады. Ал артық безендіру элементтері оқушының негізгі мазмұннан алшақтауына әкелуі мүмкін.

Мультимедиялық оқыту теориясындағы маңызды қағидалардың тағы бірі – ақпаратты айқындау принципі. Бұл принцип бойынша, оқу материалындағы негізгі ақпараттар визуалды түрде ерекшеленіп берілуі керек. Мәселен, анықтамаларды қалың қаріппен белгілеу, негізгі терминдерді түрлі түспен көрсету немесе маңызды ақпаратқа арнайы белгілер қою білім алушының назарын қажетті мәліметке бағыттайды. Мысалы, қазақ тілі сабағында жаңа терминдерді түспен ерекшелеп көрсету немесе әдеби шығармадағы негізгі идеяларды графикалық белгілермен бөліп беру ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді (Sweller J., 2011).

Сонымен қатар, Майер кеңістіктік жақындық принципіне ерекше назар аударады. Бұл қағида бойынша, өзара мағыналық байланысы бар мәтін мен

сурет экранда бір-біріне жақын орналасуы қажет. Егер сурет бір жерде, ал оған қатысты түсіндірме басқа бөлікте орналасса, білім алушының ақпаратты қабылдауы қиындайды. Мысалы, анатомиялық құрылымды үйретететін цифрлық ресурста адамның дене мүшелерінің атауы сол суреттің жанында орналасса, оқушы ақпаратты жылдам әрі тиімді меңгереді. Сол сияқты, әдеби кейіпкерлер арасындағы байланысты көрсететін сызбалар мен түсіндірмелердің қатар берілуі де оқу сапасын арттырады (Mayer R.E., 2020).

Нәтижелер және талқылау.

Талдау жұмысына таңдалған ең танымал қазақтілді цифрлық білім беру ресурстарын анықтау критерийлерге негізелген мақсатты іріктеу әдісі арқылы жүзеге асырылды. Іріктеу барысында бес негізгі критерий басшылыққа алынды:

1) қазақ тіліндегі білім беру немесе ғылыми-танымдық контенттің болуы;

2) білім алушылардың оқу қызметін қолдайтын функционалдық мүмкіндіктердің болуы;

3) интерактивті немесе мультимедиалық компоненттердің болуы;

4) Қазақстанның білім беру және цифрлық контент кеңістігімен институционалдық немесе функционалдық байланысы;

5) ресурстың SAMR, TPACK және мультимедиялық оқыту принциптері негізінде педагогикалық және когнитивтік талдауға жарамдылығы.

Аталған критерийлерге сәйкес келетін ресурстардың ішінен білім беру экожүйесінің әртүрлі сегменттерін қамтитын он ресурс зерттеу нысаны ретінде таңдалды: Kundelik.kz, BilimLand.kz, Daryn.online, OpenU.kz, iMektep.kz, Kitap.kz, Adebiportal.kz, KazNEB.kz, Tilqural.kz және Emle.kz. бұл іріктеу ресурстардың интернеттегі танымалдығы бойынша рейтинг құру мақсатын көздеген жоқ; керісінше, қазақтілді цифрлық білім беру кеңістігінің әртүрлі функционалдық типтерін қамтитын салыстырмалы зерттеу корпусын қалыптастыруға бағытталды (Similarweb. Zero.kz, 2026).

Бұл ресурстарды таңдау интернеттің білім беру функциясының ұлттық контентті қалыптастырудағы және оқу процесін ана тілінде цифрландырудағы маңызымен негізделеді. *Kundelik.kz* және *BilimLand.kz* сияқты порталдар орта білім беру жүйесін қазақ тіліндегі әдістемелік және мультимедиалық мазмұнмен қамтамасыз етудің басты құралына айналды. Сонымен қатар, *Openu.kz* (Қазақстанның ашық университеті) платформасының репрезентативтілігі жоғары білім мен әлемдік бестселлерлерді қазақ тіліне бейімдеу арқылы интеллектуалды коммуникацияның жаңа деңгейіне жол ашты. *Kitap.kz* және *Kazneb.kz* (Ұлттық электрондық кітапхана) сияқты цифрлық репозиторийлер интернеттің мәдени-ағартушылық функциясын атқарып, сирек кездесетін қолжазбалар мен ғылыми еңбектерге қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін туғызды. Аталған ресурстар оқу процесін цифрландырумен қатар, қазақ тілінің ғылыми-педагогикалық дискурстағы қолданыс аясын кеңейтуге және жаңа цифрлық педагогикалық технологияларды ұлттық контексте енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, таңдалған 10 қазақ тілді веб-ресурс еліміздегі

білім беру жүйесінің трансформациясын және білімге қолжетімділікті арттырудың нысаны ретінде толыққанды эмпирикалық базаны құрайды.

Қазақстандағы мемлекеттік тілдегі цифрлық білім беру кеңістігінің даму қарқыны соңғы жылдары айтарлықтай күшейді. Әсіресе қазақ тіліндегі білім беру платформаларының саны артып, олардың мазмұны мен функционалдық мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Осы зерттеу аясында Қазақстанда кеңінен қолданылатын он қазақтілді интернет-ресурс: Kundelik.kz, BilimLand.kz, Daryn.online, OpenU.kz, iMektep.kz, Kitap.kz, Adebiportal.kz, KazNEB.kz, Tilqural.kz және Emle.kz ғылыми-педагогикалық модельдер негізінде талданды. Талдау барысында SAMR, TPACK модельдері мен Ричард Майердің мультимедиялық оқыту принциптері басшылыққа алынды.

Ең алдымен, SAMR моделі тұрғысынан қарастырғанда, зерттеу нысаны ретінде алынған цифрлық білім беру ресурстарының технологияны оқу үдерісіне кіріктіру деңгейі біркелкі емес екені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, Kundelik.kz платформасының негізгі функционалдық құрылымы дәстүрлі мектептегі әкімшілік және оқу-коммуникациялық үдерістерді цифрлық ортаға көшіруге бағытталғанын атап өтуге болады. Платформаның электрондық күнделік жүргізу, білім алушылардың оқу жетістіктерін тіркеу, бағаларды енгізу, үй тапсырмаларын орналастыру және қабылдау, сабақ кестесін көрсету, мұғалім, білім алушы және ата-ана арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру сияқты мүмкіндіктері білім беру үдерісіндегі бұрыннан қалыптасқан әрекеттердің цифрлық баламасын қалыптастырады. Осы белгілер SAMR моделінің «алмастыру» деңгейіне сәйкес келеді, себебі технология дәстүрлі құралдың немесе әрекеттің орнын басқанымен, оның педагогикалық құрылымын түбегейлі өзгертпейді.

Мәселен, дәстүрлі қағаз күнделіктің орнына электрондық күнделіктің енгізілуі оқу жетістіктерін тіркеу процесін анағұрлым жүйелі және қолжетімді етеді. Мұғалім оқушының бағасын цифрлық ортада белгілей алады, ал білім алушы мен ата-ана бұл ақпаратқа қашықтан қол жеткізе алады. Сол сияқты қағаз түрінде берілетін үй тапсырмасы платформаның көмегімен электронды түрде орналастырылып, білім алушының орындаған жұмысы цифрлық арна арқылы мұғалімге ұсынылады. Бұл жағдайда технология оқу әрекетінің мазмұнын өзгертуден гөрі, оның берілу, тіркелу және коммуникация тәсілін өзгертеді. Демек, цифрландырудың негізгі нәтижесі оқу мазмұнын қайта құру емес, бұрынғы оқу жүйесінің тиімділігін арттыру десек болады.

Сонымен бірге, Kundelik.kz платформасының кейбір функциялары SAMR моделінің «толықтыру» деңгейіне жақындайды. Бұл деңгейде технология дәстүрлі әрекетті жай ғана қайталамай, оған қосымша функционалдық мүмкіндіктер береді. Мысалы, электрондық формат оқу жетістіктері туралы ақпаратты жинақтауға, белгілі бір мәліметтерді жүйелі түрде сақтауға және білім алушының оқу барысы туралы ақпаратты бірнеше қатысушыға бір уақытта ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндіктер қағаз күнделікпен салыстырғанда ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп, мұғалім мен ата-ана арасындағы коммуникацияның жеделдігін арттырады. Осы тұрғыдан алғанда,

платформаның цифрлық табиғаты дәстүрлі оқу процесіне белгілі бір функционалдық қосымша енгізеді.

Алайда аталған жетілдірулерді оқу мазмұнының немесе педагогикалық тәсілдің түбегейлі өзгеруімен теңестіруге болмайды. Платформада бағаны электронды түрде тіркеу немесе үй тапсырмасын онлайн жіберу оқушының оқу әрекетінің табиғатын өздігінен өзгертпейді. Яғни технологиялық құралдың пайда болуы автоматты түрде жоғары деңгейдегі педагогикалық трансформацияны білдірмейді. SAMR моделінің логикасы бойынша жоғары деңгейге көтерілу үшін технология тек қолданыстағы процесті жылдамдатумен немесе ыңғайландырумен шектелмей, оқу тапсырмасының құрылымын өзгертіп, бұрын дәстүрлі жағдайда жүзеге асыру қиын немесе мүмкін емес жаңа оқу әрекеттерін қалыптастыруы қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, Kundelik.kz платформасының негізгі ерекшелігі оның оқу мазмұнын қайта құрудан гөрі білім беру үдерісінің цифрлық инфрақұрылымын қамтамасыз етуінде көрінеді. Платформа мұғалім, білім алушы және ата-ана арасындағы ақпараттық байланысты бір ортада ұйымдастырып, оқу процесінің әкімшілік және коммуникациялық компоненттерін цифрландыруға мүмкіндік береді. Бұл оның білім беру жүйесіндегі практикалық маңызын төмендетпейді. Керісінше, мұндай цифрлық инфрақұрылым білім беру процесінің үздіксіздігін, ақпараттың қолжетімділігін және қатысушылар арасындағы коммуникацияның жеделдігін қамтамасыз етеді. Алайда SAMR тұрғысынан бұл мүмкіндіктерді «түрлендіру» немесе «қайта құру» деңгейлерімен бағалау үшін платформаның оқу тапсырмаларын құрылымдық тұрғыдан қайта ұйымдастыратын және жаңа типтегі педагогикалық әрекеттерді қалыптастыратын функциялары туралы қосымша эмпирикалық дәлелдер қажет.

Ал BilimLand.kz және Daryn.online платформаларының цифрлық мүмкіндіктерін SAMR моделі тұрғысынан қарастырғанда, олардың дәстүрлі оқу материалдарын жай ғана электрондық форматқа көшірумен шектелмей, оқу тапсырмаларының орындалу тәсілін технологиялық құралдар арқылы түрлендіруге бағытталғаны байқалады. Бұл ресурстардың ерекшелігі цифрлық контенттің интерактивті сипат алуымен, білім алушының оқу әрекетіне тікелей қатысуын қамтамасыз ететін тапсырмалардың қолданылуымен және оқу нәтижесін жедел бақылауға мүмкіндік беретін функционалдардың болуымен байланысты. Осы белгілер оларды SAMR моделінің «түрлендіру» деңгейіне жақындататын негізгі факторлар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

BilimLand.kz платформасының мазмұндық құрылымында бейнесабақтар, интерактивті тапсырмалар, анимациялық түсіндірмелер, тесттер және әртүрлі мультимедиалық оқу материалдары қатар ұсынылады. Мұндай құрылым дәстүрлі оқулықтағы мәтіндік ақпаратты экранға көшірумен ғана шектелмейді, себебі оқу материалы бірнеше медиалық формат арқылы ұсынылып, білім алушының ақпаратты қабылдау және онымен әрекеттесу тәсілін өзгертеді. Мысалы, күрделі теориялық немесе абстрактілі ұғымды тек мәтін арқылы түсіндірудің орнына анимация немесе бейнематериал арқылы динамикалық

түрде көрсету оның мазмұнын визуалды тұрғыдан нақтылауға мүмкіндік береді. Ал интерактивті тапсырмалар білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы позициясынан тапсырманы орындаушы және нәтижесін тексеруші позициясына ауыстырады. Осы тұрғыдан технология оқу материалының ұсынылу формасын ғана емес, білім алушының онымен әрекеттесу құрылымын да өзгертеді.

BilimLand.kz платформасының тағы бір маңызды ерекшелігі – оқу мазмұнының әртүрлі пәндер мен оқу деңгейлері бойынша жүйеленуі және цифрлық тапсырмалардың белгілі бір оқу мақсаттарымен байланыстырылуы. Мұндай ұйымдастыру технологияны оқу мазмұнын тасымалдау құралы ретінде ғана емес, оқу процесін ұйымдастыру тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Егер дәстүрлі оқыту жағдайында мұғалім тақырыпты түсіндіріп, кейін қағаз жүзінде тапсырма берсе, цифрлық ортада білім алушы материалды бейне немесе анимация арқылы меңгеріп, интерактивті тапсырманы орындап, нәтижесін цифрлық жүйе арқылы тексере алады. Демек, технология оқу әрекетінің бірнеше кезеңін бір ортада біріктіреді. Бұл жағдай SAMR моделінің «толықтыру» деңгейінен «түрлендіру» деңгейіне өтудің маңызды белгісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, BilimLand.kz-тегі визуалды және интерактивті элементтердің болуы технологияның педагогикалық мүмкіндігін арттырғанымен, олардың барлығы автоматты түрде «түрлендіру» деңгейіне жатқызыла бермейді. SAMR моделін қолдану кезінде жекелеген функцияны емес, оның нақты оқу тапсырмасын қаншалықты өзгертетінін бағалау қажет. Мысалы, жай ғана бейнесабақтың болуы дәстүрлі түсіндіру әдісінің цифрлық баламасы ретінде қалуы мүмкін. Ал бейнематериал интерактивті тапсырмамен, өзіндік тексерумен немесе оқу әрекетінің келесі кезеңімен байланыстырылған жағдайда ғана оның педагогикалық түрлендіру әлеуеті арта түседі. Сондықтан BilimLand.kz платформасының SAMR профилін бағалауда оның жекелеген мультимедиалық элементтерінен гөрі, олардың оқу сценарийіне қалай біріктірілгеніне назар аудару маңызды.

Daryn.online платформасының цифрлық-педагогикалық ерекшелігі біршама өзгеше. Бұл ресурс, ең алдымен, білім алушыларды тестілеу мен емтиханға, соның ішінде ұлттық тестілеуге дайындық процесін цифрлық ортада ұйымдастыруға бағытталған. Мұнда дәстүрлі дайындықтың негізгі элементтері – оқу материалын меңгеру, тест тапсырмаларын орындау, нәтижені бағалау және қателермен жұмыс жасау – цифрлық форматта бір жүйеге біріктіріледі. Платформаның тест тапсырмаларын онлайн орындауға және нәтижені жедел алуға мүмкіндік беруі білім алушының оқу процесіндегі кері байланыстың уақыттық сипатын өзгертеді. Дәстүрлі жағдайда тест нәтижесін мұғалім тексергеннен кейін белгілі бір уақыт өткен соң алуы мүмкін болса, цифрлық ортада нәтиже бірден ұсынылып, білім алушы өзінің әлсіз тұстарын анықтап, келесі оқу әрекетін жоспарлай алады.

Осы тұрғыдан Daryn.online платформасының маңызды педагогикалық ерекшелігі – жедел кері байланыс механизмі. Кері байланыстың жылдам берілуі

білім алушыға өз қатесін тек тіркеу емес, оны келесі оқу әрекетімен байланыстыру мүмкіндігін береді. Егер жүйе белгілі бір тақырып немесе тапсырма бойынша қиындықтарды анықтап, сол бағытта қосымша жұмыс жасауға жағдай туғызса, технология тестілеудің дәстүрлі функциясын кеңейтіп, оқу процесін деректер негізінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл SAMR моделінің «толықтыру» деңгейінен жоғары қарай қозғалуын көрсететін белгі болуы мүмкін. Алайда нақты «түрлендіру» деңгейін белгілеу үшін платформаның тек тест нәтижесін көрсетуімен шектелмей, оқу тапсырмасының құрылымын осы деректер негізінде қаншалықты өзгертетіні де ескерілуі қажет.

BilimLand.kz пен Daryn.online ресурстарының ұқсастығы олардың екеуінде де цифрлық технологияның оқу материалын ұсынумен ғана шектелмей, білім алушының оқу әрекетіне тікелей араласуына мүмкіндік беруінен байқалады. Дегенмен олардың педагогикалық функциялары әртүрлі. BilimLand.kz негізінен пәндік мазмұнды мультимедиалық және интерактивті форматта ұсыну арқылы оқыту процесінің мазмұндық және әдістемелік құрылымын кеңейтсе, Daryn.online оқу нәтижесін тексеру, тестілеу және жедел кері байланыс арқылы білім алушының дайындық процесін ұйымдастыруға көбірек бағытталған. Біріншісінде технологияның негізгі трансформациялық әлеуеті контент пен оқу тапсырмасының өзара әрекеттесуінде, екіншісінде бағалау мен кері байланысты цифрландыруда көрінеді.

SAMR моделінің «қайта құру» деңгейіне жақын элементтер OpenU.kz платформасының функционалдық құрылымынан байқалады. Аталған ресурстың ерекшелігі оның дәстүрлі жоғары білім беру кеңістігінің уақыттық және кеңістіктік шекараларын цифрлық технологиялар арқылы кеңейтуімен байланысты. Платформада ұсынылатын ашық онлайн курстар білім алушыға оқу материалдарына белгілі бір аудиторияда немесе нақты уақытта қатысу қажеттілігінсіз қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, технология дәстүрлі аудиториялық сабақтың электрондық баламасын ғана жасап қоймай, білім беру мазмұнына қол жеткізудің жаңа ұйымдастырушылық моделін қалыптастырады.

OpenU.kz платформасының маңызды ерекшеліктерінің бірі – жоғары оқу орындары ұсынатын курстарды онлайн форматта қолжетімді етуі. Дәстүрлі білім беру жағдайында белгілі бір пәнді немесе курсты меңгеру көбіне нақты оқу орнына тіркелуді, белгіленген сабақ кестесіне сәйкес қатысуды және оқытушымен тікелей өзара әрекеттесуді талап етеді. Ал ашық онлайн курс форматы бұл шектеулердің бір бөлігін азайтып, білім алушыға оқу мазмұнын қашықтан игеруге мүмкіндік береді. Мұндай модель білім беру ресурсының географиялық қолжетімділігін кеңейтіп қана қоймай, білім алудың уақыттық ұйымдастырылуына да өзгеріс енгізеді. Білім алушы оқу материалдарын өзіне қолайлы уақытта қарастырып, оқу қарқынын белгілі бір деңгейде өзі ұйымдастыра алады.

Осы ерекшеліктерді SAMR моделі тұрғысынан қарастырғанда, OpenU.kz-тің цифрлық технологияны қолдануы тек «алмастыру» немесе «толықтыру» деңгейлерімен шектелмейтінін байқауға болады. Егер технология дәстүрлі

дәрісті бейнеформатқа ғана ауыстырса, мұндай әрекет алмастыру немесе толықтыру деңгейінде қалуы мүмкін еді. Алайда ашық онлайн курстардың құрылымы оқу материалын бейнедәрістер, цифрлық тапсырмалар, онлайн бағалау және басқа да электрондық компоненттермен біріктірген жағдайда, оқу процесінің ұйымдастырылу тәсілі өзгереді. Бұл жерде технология дәстүрлі аудиториялық сабақтың формасын қайталаудан гөрі, білім алушының оқу процесіне қатысу формасын қайта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Платформаның бейнедәрістерді онлайн ұсынуы да осы өзгерістің бір элементі ретінде қарастырылады. Бейнедәріс дәстүрлі дәрістің цифрлық нұсқасы ретінде қабылдануы мүмкін болғанымен, оның онлайн ортада орналасуы білім алушыға оқу материалын қайта қарау, қажетті бөлігін қайталап оқу және жеке оқу қарқынына бейімделу мүмкіндігін береді. Осылайша, технология дәрістің тек берілу формасын ғана емес, онымен жұмыс істеудің уақыттық тәртібін де өзгертеді. Бұл білім алушының оқу әрекетін аудиториялық сабаққа тәуелділіктен ішінара босатып, оқу материалымен асинхронды түрде жұмыс жасауға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, OpenU.kz тәрізді ашық онлайн білім беру платформаларының ерекшелігі – бір курстың цифрлық ортада кең көлемдегі пайдаланушыларға ұсынылу мүмкіндігі. Дәстүрлі аудиториялық оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеті нақты топтың шеңберінде жүзеге асса, ашық онлайн курс білім беру мазмұнын кеңірек аудиторияға таратуға мүмкіндік береді. Бұл цифрлық технологияның білім беру мазмұнын масштабтау әлеуетін көрсетеді. Яғни технология бір оқу орнындағы белгілі бір аудиторияға арналған білім беру мазмұнын кеңірек пайдаланушылар қауымына ұсынуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым қалыптастырады.

Цифрлық сертификаттау мүмкіндігі де OpenU.kz платформасының оқу процесін ұйымдастырудағы технологиялық мүмкіндіктерін толықтырады. Дәстүрлі жағдайда білім алушының белгілі бір оқу курсын аяқтағанын растау көбіне білім беру ұйымы жүргізетін формалды бағалау және құжаттандыру рәсімдері арқылы жүзеге асырылса, цифрлық ортада оқу нәтижесін электрондық түрде тіркеу және сертификаттау білім беру процесінің нәтижелік компонентін де цифрландыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда технология тек оқу мазмұнын жеткізудің құралы емес, оқу нәтижесін тіркеу және растау механизмінің құрамдас бөлігіне айналады.

Алайда OpenU.kz платформасының осы мүмкіндіктерін SAMR моделінің «қайта құру» деңгейіне толық жатқызу үшін белгілі бір шектеуді ескеру қажет. SAMR моделіндегі «қайта құру» технологияның көмегімен дәстүрлі жағдайда жүзеге асыру мүмкін болмаған жаңа оқу тапсырмалары мен әрекеттерінің пайда болуын білдіреді. Сондықтан онлайн дәріс, бейнеконтент немесе цифрлық сертификаттың болуы өздігінен «қайта құру» деңгейін дәлелдемейді. Егер аталған функциялар дәстүрлі дәрістің тек цифрлық көшірмесі ретінде қолданылса, олардың SAMR деңгейі төменірек болуы мүмкін. Ал егер платформа білім алушылардың жаңа форматтағы өзара әрекетін, бірлескен цифрлық жобаларды, дербестендірілген оқу траекторияларын, кең ауқымды

онлайн қауымдастықтармен бірлескен жұмысты немесе дәстүрлі аудиториялық ортада жүзеге асыру қиын болатын басқа да оқу әрекеттерін қалыптастырса, онда «қайта құру» деңгейіне қатысты негіз күшейе түседі.

TPACK моделі тұрғысынан қарағанда, платформалардың тиімділігі технологиялық, педагогикалық және пәндік мазмұнның үйлесімділігі арқылы бағаланды. BilimLand.kz бұл модель талаптарына анағұрлым сәйкес келеді. Себебі мұнда пәндік мазмұн ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, педагогикалық тәсілдер интерактивті технологиялармен ұштасқан. Мысалы, физика немесе биология пәндеріндегі тәжірибелердің анимациялық үлгіде берілуі оқушылардың күрделі ұғымдарды жеңіл түсінуіне мүмкіндік береді.

Ал Kitap.kz, Adebiportal.kz және Kazneb.kz ресурстарының функционалдық ерекшеліктерін TPACK моделі тұрғысынан қарастырғанда, олардың негізгі бағыты білім алушыға дайын пәндік және ғылыми-мәдени мазмұнды цифрлық ортада ұсынумен сипатталатыны байқалады. Бұл платформаларда қазақ әдебиеті, көркем шығармалар, ғылыми еңбектер, тарихи-мәдени мұралар және цифрланған кітаптар сияқты мазмұндық ресурстардың едәуір көлемі жинақталған. Осы ерекшелік аталған платформалардың пәндік білім компонентін қалыптастыруға және қолжетімді етуге бағытталғанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, олардың негізгі құндылығы оқу немесе зерттеу үшін қажетті мазмұндық материалдарды бір цифрлық ортада жинақтап, пайдаланушыға оларды қашықтан іздеу және пайдалану мүмкіндігін ұсынуымен байланысты.

TPACK моделіндегі CK компоненті тұрғысынан бұл ресурстарды қарастырғанда олардың басты ерекшелігі – пәндік ақпараттың көлемі мен мазмұндық әртүрлілігі. Мысалы, әдеби шығармалар, ғылыми жарияланымдар, тарихи құжаттар және электрондық кітаптар білім алушының белгілі бір пән бойынша бастапқы немесе қосымша ақпарат алуына мүмкіндік береді. Цифрландырылған мұндай қорлар дәстүрлі кітапхана немесе қағаз басылымдарға қарағанда ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетіп, білім алушының оқу және зерттеу материалдарын қашықтан пайдалануына жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, аталған платформалардың негізгі цифрлық құндылығы олардың білім мазмұнын сақтаушы және таратушы инфрақұрылым ретіндегі қызметінен көрінеді.

Алайда TPACK моделі технологияны тек контентті цифрлық форматта орналастырумен шектемей, технологияның педагогикалық мақсатпен және пәндік мазмұнмен өзара байланысын қарастырады. Осы өлшем тұрғысынан Kitap.kz, Adebiportal.kz және Kazneb.kz ресурстарының ерекшелігі айқындала түседі. Олардың мазмұндық қоры жоғары болғанымен, цифрлық материалдың білім алушының белсенді оқу әрекетіне айналуын қамтамасыз ететін педагогикалық құралдар салыстырмалы түрде шектеулі болуы мүмкін. Яғни пайдаланушы қажетті мәтінді немесе кітапты тауып, оны оқи алады, бірақ осы әрекеттің одан әрі интерактивті тапсырмаға, өзіндік тексеруге, талдауға немесе жедел кері байланысқа ұласуы барлық жағдайда бірдей қамтамасыз етілмейді.

Бұл жерде РК компонентін тек «сайтта білім беру материалы бар» деген белгімен бағалауға болмайды. РК компоненті оқу мақсатын ұйымдастыру, білім алушының оқу әрекетін бағыттау, түсінуді тексеру, кері байланыс беру және білімді қолдануға мүмкіндік жасау сияқты педагогикалық құрылымдарымен байланысты. Сондықтан электрондық кітаптың немесе ғылыми еңбектің болуы өздігінен жоғары РК деңгейін білдірмейді. Егер пайдаланушыға мәтінді оқу, қажетті ақпаратты іздеу және жүктеу мүмкіндігі ғана ұсынылса, бұл жағдайда ресурс ең алдымен мазмұндық функция атқарады. Ал сол материал негізінде интерактивті тапсырмалар, сұрақтар, тесттер, пікірталас, өзіндік бағалау немесе оқыту траекториясы ұйымдастырылған жағдайда ғана педагогикалық компоненттің интеграциясы күшейеді.

ТК тұрғысынан да осындай айырмашылық байқалады. Аталған платформалардың цифрлық технологияны қолдануы ақпаратты электрондық түрде сақтау, іздеу, жүйелеу және пайдаланушыға ұсыну функцияларымен байланысты. Бұл технологиялық мүмкіндіктер ақпаратқа қолжетімділікті едәуір кеңейтеді және дәстүрлі баспа қорларының цифрлық баламасын қалыптастырады. Дегенмен технологияның болуы мен оның педагогикалық тұрғыдан белсенді қолданылуы екі түрлі мәселе. Технология тек электрондық кітапты экранда көрсету үшін қолданылса, оның педагогикалық трансформациялық әлеуеті шектеулі болады. Ал технология пайдаланушының оқу әрекетін бақылауға, оқу материалын бейімдеуге, интерактивті тапсырма ұсынуға немесе автоматтандырылған кері байланыс беруге қолданылған жағдайда ТК компонентінің педагогикалық мүмкіндігі арта түседі.

Сонымен қатар, бұл ресурстарды тек РК және ТК компоненттері «әлсіз» деп біржақты бағалау да әдіснамалық тұрғыдан қате болар. Себебі олардың негізгі мақсаты интерактивті курс ұйымдастыру емес, цифрлық кітапхана, әдеби портал немесе электрондық қор қызметін атқару болуы мүмкін. Сондықтан TPACK талдауында ресурстың педагогикалық мүмкіндіктерін оның бастапқы функционалдық мақсатына қатысты бағалау қажет. Мысалы, электрондық кітапхана үшін мәтінді сапалы цифрландыру, іздеу жүйесінің болуы, метадеректердің жүйеленуі және материалға тұрақты қолжетімділік маңызды технологиялық көрсеткіштер болуы мүмкін. Ал толыққанды онлайн оқу платформасы үшін бұларға қоса интерактивті тапсырмалар, бағалау, кері байланыс және дербестендірілген оқыту құралдары қажет.

Осыған байланысты Kitap.kz, Adebiportal.kz және Kazneb.kz ресурстарын «контентке бағдарланған цифрлық ресурстар» ретінде сипаттауға болады. Олардың негізгі артықшылығы – пәндік білімді, әдеби және ғылыми мұраны цифрлық кеңістікте жинақтау және қолжетімді ету. Ал олардың педагогикалық-технологиялық интеграциясы ресурстың нақты функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты әртүрлі деңгейде көрінеді. Бұл жерде СК компоненті негізгі және айқын компонент ретінде көрінсе, РК және ТК компоненттері контентті білім алушының белсенді оқу әрекетіне айналдыратын қосымша механизмдердің болуымен анықталады.

SAMR және TPACK модельдері негізінде жүргізілген талдау Tilqural.kz және Emle.kz ресурстарының цифрлық-педагогикалық құрылымында елеулі айырмашылық бар екенін көрсетті. Tilqural.kz тіл үйренуді толыққанды цифрлық оқу әрекетіне айналдыруға бағытталған: ресурста A1–C1 деңгейлері бойынша құрылымдалған сабақтар, интерактивті жаттығулар, сөз тренажерлері, мәтіндер, оқулықтар және пайдаланушының оқу прогресін тіркейтін элементтер қамтылған. Осыған байланысты ресурс SAMR моделінің алмастыру және жетілдіру деңгейлерімен қатар, оқу әрекетін технология көмегімен түрлендіру белгілерін де көрсетеді.

Emle.kz жағдайында цифрлық технологияның қолданылуы нақты тілдік міндеттерге бағытталған. Ресурс орфографиялық сөздікті онлайн іздеу, ережелер мен тілдік материалдарға қол жеткізу, онлайн диктант орындау және нәтижені тексеру мүмкіндіктерін ұсынады. Сондықтан оның SAMR профилінде Substitution және Augmentation деңгейлері анық байқалады, ал онлайн диктант сияқты функциялар Modification деңгейінің элементтерін көрсетеді. Алайда қолжетімді функционалдар негізінде Redefinition деңгейін белгілеуге жеткілікті эмпирикалық дәлел анықталған жоқ.

TPACK тұрғысынан екі ресурс та пәндік мазмұн мен технологияның байланысын көрсетеді, алайда олардың педагогикалық интеграциясының сипаты әртүрлі. Tilqural.kz-те пәндік мазмұн, тіл үйрету әдістемесі және интерактивті технологиялар біртұтас оқу ортасына біріктірілген. Emle.kz-те технология негізінен орфографиялық білімді іздеу, тексеру және бекіту функцияларын күшейтуге бағытталған. Осы айырмашылық цифрлық білім беру ресурсының технологиялық күрделілігін оның педагогикалық интеграциясымен теңестіруге болмайтынын көрсетеді.

Кесте 3. Қазақтілді ЦБР-ді бағалау нәтижесі (Автор негізінде құрастырылды).

Ресурс	**SAMR деңгейі**	**CK**	**PK**	**TK**	**Жалпы TPACK интеграциясы**
Kundelik.kz	Substitution → Augmentation	2	2	3	Орташа
BilimLand.kz	Augmentation → Modification	4	4	4	Жоғары
Daryn.online	Augmentation → Modification	4	4	4	Жоғары
OpenU.kz	Modification → Redefinition элементтері	4	3	4	Жоғары
Kitap.kz	Substitution	5	2	3	Орташа
Adebiportal.kz	Substitution →	5	2	3	Орташа

	Augmentation				
Kazneb.kz	Substitution → Augmentation	5	2	3	Орташа

Ричард Майердің мультимедиялық оқыту принциптері негізінде жүргізілген талдау платформалардың визуалды және когнитивтік тиімділігінде айырмашылық бар екенін көрсетті. Мысалы, BilimLand.kz платформасында когеренттілік және ақпаратты айқындау принциптері салыстырмалы түрде жақсы сақталған. Ақпарат ықшам, негізгі ұғымдар визуалды түрде ерекшеленіп беріледі. Сонымен қатар бейне, мәтін және графикалық элементтердің өзара орналасуы кеңістіктік жақындық қағидасына сәйкес келеді.

Бұл жерде мультимедиалық оқытудың тағы бір маңызды ерекшелігі – мәтіндік ақпарат пен визуалды ақпараттың өзара толықтырылуы. Егер экранда көлемді мәтін қайталана отырып, дәл сол ақпарат бейне немесе графика түрінде өзгеріссіз ұсынылса берсе, ақпараттық артықтық пайда болуы мүмкін. Ал мәтін, бейне және графикалық материалдар бір мазмұнды әртүрлі қырынан түсіндіретін жағдайда олардың өзара толықтыру әлеуеті жоғары-лайды. Сондықтан BilimLand.kz платформасын бағалау барысында тек мультимедиалық элементтердің санына емес, олардың оқу мазмұнымен функционалдық байланысына назар аудару қажет.

Керісінше, кейбір ақпараттық порталдарда мәтін көлемінің шамадан тыс көп болуы, визуалды элементтердің аздығы немесе навигация құрылымының күрделілігі білім алушының когнитивтік жүктемесін арттыруы мүмкін. Әсіресе ғылыми кітапхана типіндегі платформаларда пайдаланушы интерфейсін жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Жалпы алғанда, талдау нәтижелері қазақтілді интернет-ресурстардың білім беру жүйесінде маңызды орын алатынын көрсетті. Алайда олардың даму деңгейі әркелкі. Кейбір платформалар цифрлық трансформацияның жоғары деңгейіне жетсе, енді біреулері әлі де дәстүрлі контентті электронды форматта ұсыну деңгейінде қалып отыр. Болашақта бұл ресурстардың тиімділігін арттыру үшін интерактивті технологияларды күшейту, жасанды интеллект элементтерін енгізу, мультимедиялық дизайн сапасын жетілдіру және білім алушының жеке траекториясына бейімделген оқыту жүйелерін дамыту – маңызды бағыттардың бірі.

Қорытынды.

Зерттеу жұмысы барысында қазақстандық интернет кеңістігіндегі мемлекеттік тілде білім беру мен ғылымды дамытуға бағытталған ең танымал 10 веб-ресурс кешенді түрде қарастырылды. Бұл платформаларды ғылыми-педагогикалық модельдер (SAMR, TPACK) мен Ричард Майердің мультимедиялық оқыту принциптері негізінде талдау отандық цифрлық білім беру кеңістігінің қазіргі деңгейі мен болашақ әлеуетін айқындауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінен келесідей негізгі тұжырымдар жасалды. Отандық қазақтілді ресурстардың даму деңгейі біртекті емес. SAMR моделі бойынша *Kundelik.kz* секілді платформалар негізінен дәстүрлі мектеп құжаттамасын электронды форматқа ауыстыру, яғни «алмастыру» және «толықтыру» деңгейінде қызмет етсе, *BilimLand.kz* және *Daryn.online* интерактивті мүмкіндіктері арқылы «түрлендіру» деңгейіне көтерілген. Ал *OpenU.kz* жоғары білім беру шекарасын кеңейтіп, «қайта анықтау» деңгейіне жақын элементтерді көрсетті. TPACK моделі бойынша жүргізілген талдау *BilimLand.kz* платформасында технология, педагогика және пән мазмұнының (CK, PK, TK) өзара байланысының байқалатынын көрсетті. Керісінше, *Kitap.kz, Adebiportal.kz* және *Kazneb.kz* сияқты ірі цифрлық репозиторийлерде пәндік мазмұн (CK) жоғары болғанымен, білім алушының белсенді әрекетіне негізделген интерактивті педагогикалық құралдар (PK, TK) жеткіліксіз деңгейде екені анықталды. Р. Майердің мультимедиялық оқыту принциптері тұрғысынан қарастырғанда, мультимедиялық дизайн сапасы білімді қабылдауға әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде көрінді. Білім беру платформаларында ақпараттың ықшамдылығы мен визуалды сигналдардың дұрыс берілуі когнитивтік жүктемені азайтуға ықпал етсе, кейбір ғылыми кітапхана типтегі порталдар мен ақпараттық сайттарда мәтін көлемінің шамадан тыс көптігі мен интерфейстің күрделілігі пайдаланушыға қиындық тудыруы мүмкін.

Қорыта келе, қазақтілді цифрлық білім беру ресурстарының мазмұндық қоры мен технологиялық мүмкіндіктері біршама дамығанымен, олардың педагогикалық интеграциясы мен цифрлық трансформация деңгейінің әркелкі екенін көрсетті. Осыған байланысты қазақтілді цифрлық білім беру ресурстарын одан әрі жетілдіру үшін бірнеше ғылыми-әдістемелік бағытты ұсынуға болады.

Біріншіден, цифрлық білім беру ресурстарын дамытуда контент көлемін арттырумен қатар, оның педагогикалық қолданылу сапасына басымдық беру қажет. Зерттеу барысында кейбір ресурстардың мазмұндық қоры жоғары болғанымен, білім алушының белсенді оқу әрекетін ұйымдастыратын интерактивті тапсырмалар, өзіндік бағалау және жедел кері байланыс құралдарының шектеулі екені байқалды. Осыған байланысты цифрлық контентті интерактивті тапсырмалармен, өзіндік тексеру құралдарымен және оқу нәтижесін бақылау механизмдерімен жүйелі түрде байланыстыру ұсынылады. OECD цифрлық білім беру ресурстарын статикалық контенттен интерактивті, бейімделетін және дербестендірілген оқу ортасына қарай дамыту қажеттігін атап көрсетеді (OECD, 2023).

Екіншіден, цифрлық платформаларды дамытуда технологиялық жаңашылдық пен педагогикалық мақсаттың арақатынасын сақтау қажет. UNESCO, UNICEF және ITU ұсынған Public Digital Learning Platforms Charter цифрлық платформаларды ең алдымен педагогикалық қажеттіліктерге бағдарлауды, мұғалімнің рөлін қолдауды және технологияны білім беру мақсаттарына сәйкес қолдануды ұсынады (UNESCO, UNICEF & ITU, 2026).

Осыған сәйкес қазақтілді платформаларды бағалау барысында «қандай технология қолданылды?» деген сұрақпен қатар, «бұл технология қандай оқу міндетін шешеді және білім алушының оқу әрекетін қалай өзгертеді?» деген өлшемдерді енгізу орынды.

Үшіншіден, қазақтілді цифрлық ресурстардың сапасын бағалаудың бірыңғай мониторинг жүйесін қалыптастыру қажет. Әрбір ресурс үшін мазмұн сапасы, педагогикалық мақсатқа сәйкестік, интерактивтілік, қолжетімділік, мультимедиялық дизайн, кері байланыс, дербестендіру және қауіпсіздік сияқты көрсеткіштерден тұратын бағалау матрицасын әзірлеу ұсынылады. Мұндай тәсіл цифрлық платформаларды субъективті пікірмен емес, алдын ала белгіленген және барлық ресурсқа бірдей қолданылатын индикаторлар негізінде бағалауға мүмкіндік береді. UNESCO–UNICEF–ITU Charter цифрлық платформаларды бағалау, салыстыру және жетілдіру үшін ортақ қағидалар мен дәлелге негізделген итерациялық дамудың маңызын атап көрсетеді (UNESCO, UNICEF & ITU, 2026).

Төртіншіден, цифрлық ресурстарды жобалау кезінде білім алушының когнитивтік жүктемесін ескеретін мультимедиялық дизайн талаптарын күшейту қажет. Атап айтқанда, оқу мақсатына қатысы жоқ ақпаратты қысқарту, маңызды ұғымдарды визуалды түрде айқындау, өзара байланысты мәтіндік және графикалық элементтерді кеңістіктік жағынан жақын орналастыру сияқты принциптер жүйелі түрде қолданылуы тиіс. Бұл ұсыныс мақалада қолданылған Р. Майердің мультимедиялық оқыту теориясындағы когеренттілік, сигнал беру және кеңістіктік жақындық принциптерімен сабақтасады. Сондықтан қазақтілді цифрлық контентті әзірлеу кезінде мультимедиялық элементтердің санынан гөрі, олардың оқу мақсатына сәйкестігі мен ақпаратты өңдеуге ықпалын ескеру маңызды.

Бұл зерттеу жұмысы екі жылдық динамикалық даму кезеңін қамтиды. Зерттеудің бірінші кезеңінде (2024–2025 оқу жылында) жатақхана тәрбиешісі тарапынан негізгі назар «Тәрбиеленушілерді көшбасшылыққа топтық жұмыстар арқылы тәрбиелеудің» теориялық және алғашқы практикалық модельдерін қалыптастыруға бағытталса, екінші кезеңде (2025–2026 оқу жылында) жұмыс тереңдетіліп, «Тәрбиеленушілердің топтық жұмыстар арқылы көшбасшылық қабілетін дамыту» атты негізгі мақсатты бағытқа ауысты. Әртүрлі жастағы (7–12 сыныптар) оқушылар шоғырланған жатақхана тобында топтық жұмысты ұйымдастыру – үлкен сыныптардың кіші сыныптарға бағыт-бағдар беруіне, ал кіші сыныптардың үлкендерден үлгі ала отырып, өз позицияларын қалыптастыруына (peer-mentoring) бірегей мүмкіндік туғызады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы «Тараз қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының жатақхана базасында іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) әдіснамасы бойынша жүргізілді. Зерттеуге 7–12 сынып аралығындағы 27 тәрбиеленушіден құралған жатақхана тобы қатысты.

Зерттеудің теориялық негізін Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» тұжырымдамасы, К. Левиннің топтық динамика теориясы және заманауи тұлғалық-бағдарлы тәрбие модельдері құрады. 2024 жылдан бастап әртүрлі жастағы 27 баланың ерекшеліктерін ескере отырып, жатақханадағы тәрбие үдерісіне «Болашақ көшбасшылары» атты топтық жобалар мен интерактивті шаралар жүйесі енгізілді.

Зерттеудің екі жылдық алгоритмі келесі кезеңдерден тұрды.

1. Іргетас қалау кезеңі (2024–2025 оқу жылы): Жатақхана тәрбиешісі оқушылардың көшбасшылық қасиеттері мен коммуникативтік дағдыларын бағалау мақсатында А.Н. Лутошкинның «Ұжымның даму деңгейін бағалау» картасы және «Көшбасшылық қабілетті анықтау» (Н.П. Фетискин бойынша) сауалнамасы арқылы бастапқы бағалау жүргізді. 27 оқушы құрамында әртүрлі жастағы балалар болатындай 4 шағын топқа бөлініп, топтық ынтымақтастық ережелері қалыптастырылды.

2. Тереңдету және негізгі кезең (2025–2026 оқу жылы): Жатақханадағы топтық жұмыстардың мазмұны күрделіленіп, жобалық менеджмент элементтері енгізілді. Әр топтағы жобалық жұмыс барысында (мысалы, әлеуметтік жобалар, жатақхана ішілік дебаттар, зияткерлік ойындар) көшбасшы рөлі тұрақты түрде ауысып отырды (ротация әдісі).

3. Тәлімгерлік модель (Peer-Mentorship): Жатақханада тұратын 11–12 сыныптың тәжірибелі тәрбиеленушілері топ ішіндегі 7–8 сынып оқушыларына жобаларды жоспарлауды, мақсат қоюды және уақытты басқаруды (time management) үйрету арқылы өздерінің «тәлімгерлік көшбасшылық» қырларын дамытты.

4. Рефлексия және бағалау: Әрбір топтық жұмыстың соңында жатақхана тәрбиешісінің қолдауымен «Критериалды өзін-өзі бағалау» және «Кері байланыс шеңбері» жүргізіліп, жіберілген қателіктер мен жетістіктер талданды.

Нәтижелер және талқылау.

Екі жылдық іс-әрекеттегі зерттеудің (Action Research) қорытындысы бойынша 27 тәрбиеленушінің көшбасшылық профилінде айтарлықтай оң өзгерістер тіркелді.

2024–2025 оқу жылының басында жүргізілген алғашқы диагностикада оқушылардың тек 15%-ында (негізінен 11–12 сынып оқушылары) айқын көшбасшылық қасиеттер жоғары деңгейде көрінсе, 2025–2026 оқу жылының қорытынды өлшемінде бұл көрсеткіш 41%-ға өсті. Ең бастысы, жатақханадағы 7–9 сынып оқушылары арасында өз пікірін ашық айту, бастама көтеру (initiative) деңгейі екі жыл ішінде айтарлықтай артты.

Топтық жұмыстар барысында тәрбиеленушілердің бойында көшбасшылықтың келесі маңызды компоненттері қалыптасты:

– Ұйымдастырушылық құзыреттілік: Жатақханада жоба жетекшісі рөлін атқарған оқушылар тапсырмаларды топ мүшелерінің қабілетіне қарай әділ бөлуді, уақытты бақылауды үйренді.

– Эмоционалдық интеллект және эмпатия: Әртүрлі жастағы балалардың бір топта жұмыс істеуі жоғары сынып оқушыларынан төзімділікті, кіші сыныптардың мұқтаждықтарын түсінудію талап етті. Бұл Карл Роджерстің гуманистік тұжырымдамасына сай, топ ішінде өзара қолдау мен эмпатиялық климатты орнатты.

– Конфликттерді басқару: Жатақханадағы топтық талқылаулар кезінде туындаған пікір қайшылықтарын оқушылар конструктивті диалог және компромисс арқылы шешу дағдыларын меңгерді.

Кәсіби этика мен құпиялылықтың сақталуы.

Зерттеу барысында жатақхана тәрбиешісі мен тәрбиеленуші арасындағы этикалық қағидалар қатаң сақталды. Долгофф пен Лоуенбергтің (Dolgoff & Loewenberg) Этикалық принциптер экраны негізінде, кейбір оқушылардың топтық жұмысқа немесе жатақхана ортасына бейімделе алмау, тұйықталу сияқты жеке психологиялық мәселелері топ алдында талқыланбай, жатақхана

тәрбиешісімен жеке кеңес беру (coaching) форматында ғана шешілді. Бұл баланың жеке тұлғалық құқығын қорғауға және оның өзін-өзі бағалауын (self-esteem) түсірмеуге септігін тигізді.

Қорытынды.

Зерттеу қорытынбысы көрсеткендей, жатақханада тәрбиеленушілерді көшбасшылыққа тәрбиелеуде және олардың көшбасшылық қабілетін дамытуда топтық жұмыс формалары ең тиімді педагогикалық стратегия болып табылады. Назарбаев Зияткерлік мектептері жатақханасындағы әртүрлі жастағы 27 баланың қатысуымен өткен екі жылдық (2024–2026 жж.) іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) нәтижелері топтық рөлдердің ауысып отыруы мен тәлімгерлік жүйесінің оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыратынын толық дәлелдеді.

Топтық жұмыс оқушыны дайын қалыптармен шектемей, оның өз бетінше жатақхана өмірінде шешім қабылдауына, жауапкершілікті сезінуіне және ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдыруына мүмкіндік береді. Мақалада сипатталған топтық жұмыс алгоритмдері мен педагогикалық тәсілдерді желілік Зияткерлік мектептердің жатақхана тәрбиешілеріне және жалпы білім беретін мектеп-интернаттардың психологиялық-педагогикалық қызметіне тәжірибеде кеңінен қолдану ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер

Выготский Л.С. (1984). Собрание сочинений: Детская психология. Москва: Педагогика.

Лутошкин А.Н. (1988). Как вести за собой: Старшеклассникам о тайнах мальчишеской дипломатии. Москва: Просвещение.

Левин К. (2000). Динамика топологической психологии. Москва: Смысл.

Фетискин N. P., Козлов V. V., Мануйлов G. M. (2002). Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. Москва: Изд-во Института Психотерапии.

Dolgoff, R., Harrington, D., & Loewenberg, F. M. (2012). Ethical Decisions for Social Work Practice. Brooks/Cole, Cengage Learning.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәрбие жұмысының есептері мен ішкі мониторинг қорытындылары (2024–2026 жж.). – Тараз қ.: НЗМ қоры, 2026. – 50 б.

ҒТАМР 15.31.31, 14.25.05

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ САУЛЫҒЫН СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ КЕЙС-МЕНЕДЖМЕНТ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Н.С. Байтелиева

Психология ғылымдарының магистрі, «Тараз қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының педагог-психологы, Қазақстан Когнитивті Мінез-құлықтық Терапия Қауымдастығының және Орталық Азия мектеп психологтарының қауымдастығының мүшесі, Тараз қ.

Мақалада заманауи білім беру ортасында жасөспірімдердің психикалық саулығын сақтау, оқу процесінен шығып қалу (мектептен кету) қаупінің және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Зерттеудің басты мақсаты – «Оқушыларды қолдау жүйесі» бағдарламасы аясында енгізілген цифрлық кейс-менеджмент платформасының тиімділігін білім беру жүйесінің микро-, meso- және макродеңгейлерінде ғылыми-практикалық тұрғыдан бағалау болып табылады. Жұмыс барысында Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің базасында іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) тәжірибесі негізінде көпсалалы командалардың тәуекел тобындағы оқушыларды ерте анықтау, биопсихоәлеуметвіч бағалау жүргізу және жеке қолдау жоспарларын құру процестерін автоматтандыру форматы талданды. Нәтижелер көрсеткендей, халықаралық DASS және SDQ әдістемелерін интеграциялаған цифрлық платформа диагностика уақытын қысқартып, көпсалалы мектеп командасының өзара әрекеттесуін жүйелендірді және кәсіби этика мен құпиялылық стандарттарын арттырды. Кейс-менеджмент платформасы мектептердегі ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастырудың және оқушылардың мектеп жүйесінде барынша тиімді жұмыс істеуіне көмектесудің негізгі практикалық құралы ретінде айқындалды.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, кейс-менеджмент, Бронфенбреннер теориясы, балалық шақтың қолайсыз тәжірибесі (БҚТ), кәсіби этика, этикалық дилемма, DASS шкаласы.

Жасөспірімдік кезең (10 жастан 19 жасқа дейін) – адам өміріндегі тұлғалық идентификация қалыптасатын, автономия дамитын және айтарлықтай биологиялық, мінез-құлықтық, психологиялық және әлеуметтік өзгерістер орын

алатын ең дағдарысты өтпелі кезеңдердің бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметі бойынша, жаһандық деңгейде балалар мен жасөспірімдердің 10–20%-ы әртүрлі психикалық бұзылуларға ұшырайды және бұл мәселелердің басым көпшілігі 14 жастан бастау алады. Қазіргі таңда оқушылардың оқу процесінен шығып кетуі, эмоционалдық дағдарыстар мен суицидтік мінез-құлық стильдерінің артында кедейлік, отбасылық зорлық-зомбылық, ата-аналардың ажырасуы, ішімдік пен психоактивті заттарға тәуелділік немесе мектептегі буллинг/кибербуллинг сияқты Балалық шақтың қолайсыз тәжірибелері (БҚТ – Adverse Childhood Experiences) тұр. Клиникалық зерттеулер көрсеткендей, БҚТ-ның 4 және одан жоғары түрлеріне тап болған адамдарда депрессия қаупі 460%-ға, аяқталған немесе белсенді суицидтік әрекеттерге бару ықтималдығы 1220%-ға артады.

Мұндай кешенді әлеуметтік, медициналық және психологиялық қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларының мәселесін мектептегі бірде-бір маман немесе мекеме жалғыз өзі тиімді шеше алмайды. Осы тұрғыда, халықаралық әлеуметтік жұмыс стандарты болып табылатын, орталыққа мәселені емес, клиентті қоятын кейс-менеджмент (істі жүргізу) тәсілі мектеп ортасына қарқынды енуде. ЮНИСЕФ, Колумбия университеті және «НЗМ» ДББҰ мамандары әзірлеген, ұлттық контекстке бейімделген цифрлық «Оқушыларды қолдау жүйесі» ақпараттық платформасын қолдану – оқушылардың құқығы бар ресурстар мен қызметтерді уақтылы алуын қамтамасыз ететін ең тиімді инновациялық шешім болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмысы Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіиің базасында іс-әрекеттегі зерттеу форматында жүргізілді. Жұмыс барысында көпсалалы мектеп командасының (мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілері мен әкімшілік) қатысуымен автоматтандырылған кейс-менеджмент КМ моделі қолданылды. Зерттеу әдіснамасы Ури Бронфенбреннердің бала дамуының экологиялық теориясына негеделген. Бронфенбреннер модельдері бойынша оқушы бір мезгілде бірнеше жүйемен өзара әрекеттеседі: микрожүйе (отбасы, мектеп, құрдастар), мезожүйе (отбасы мен мектептің байланысы), экзожүйе (ата-ананың жұмыс орны, әлеуметтік қызметтер) және макрожүйе (қоғамдағы менталды денсаулыққа қатысты мәдени нормалар мен заңдар).

Платформадағы жұмыс барысында кейс-менеджменттің процестік (клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған динамикалық мазмұны) және процедуралық (жауапты тұлғаларды, мерзімдер мен құжаттау нысандарын айқындайтын қадамдық ережелер) айырмашылықтары қатаң сақталды. Цифрлық платформадағы бизнес-үдеріс келесі кезеңдік алгоритмнен тұрды:

1. Ақпараттандырылған келісім және оқыту: Ата-аналардан жазбаша келісім алу және мектеп ұжымына оқыту семинарларын өткізу.

2. Психодиагностикалық скрининг: Оқушылардан онлайн форматта депрессия, үрей және стресс деңгейлерін өлшеу шкаласы (DASS), күшті жақтар мен қиындықтарды бағалау сауалнамасы (SDQ) және қасақана өзіне зиян келтіруді бағалау шкаласы (DSHI) бойынша тест алу.

3. Автоматты өңдеу және бастапқы бағалау: Жүйе тест нәтижелерінде белгіленген шекті мәндер (DASS бойынша Депрессия >= 11, Үрей >= 8, Стресс >= 13) асқан жағдайда автоматты түрде қауіп деңгейін («орташа», «жоғары») анықтайды.

4. Кейс-менеджмент және сүйемелдеу: Анықталған оқушыға жеке кейс ашылып, жауапты кейс-менеджер тағайындалады, платформада тереңдетілген биопсихоәлеуметтік бағалау жүргізіліп, жеке қолдау жоспары құрылады және мониторинг жасалады.

Нәтижелер және талқылау.

Тәжірибелік қолданыс көрсеткендей, «Оқушыларды қолдау жүйесі» кешенді бағдарламасы аясында цифрлық кейс менеджмент платформасы бойынша жұмыс жасау өте тиімді болды. Эмпирикалық мәліметтер мен мамандардың кері байланысын талдау барысында келесідей маңызды нәтижелер тіркелді:

– *Процестерді оңтайландыру (Тиімділік):* Психологтардың тест нәтижелерін қолмен есептеуге және өңдеуге жұмсайтын уақыты 90%-ға қысқарды. Оқушы сауалнаманы аяқтаған сәтте жүйе бір секунд ішінде қауіп профилін сызып береді, бұл шұғыл шараларды дереу бастауға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде маманға Карл Роджерстің гуманистік көзқарасына («клиент – өз өмірінің эксперті») сәйкес оқушымен тікелей шынайылық, позитивті көзқарас және эмпатиялық қарым-қатынас орнатуға мол уақыт берілді.

– *Иерархия мен рөлдердің нақтылануы:* Координатор (мектеп әкімшілігі/бөлімше басшысы) стандарттарға сай қызметкерлердің жүктемесін реттеп, кейстерді әділ бөлді және супервизия жасады. Ал тағайындалған кейс-менеджер оқушыға тікелей эмоционалдық қолдау көрсетіп, әлеуметтік дағдыстарды шешу, оқушыны қажетті ресурстарға бағыттау және ония мүдделерін қорғау функцияларын тиімді атқарды.

– *Кәсіби этика мен құпиялылық стандарттарының сақталуы:* Платформа халықаралық этикалық стандарттарға сай, кейстерді көпсалалы команда (ПТ) ішінде талқылау кезінде оқушының тұлғасын анықтайтын жеке деректерді (аты-жөнін) жасыру функциясымен қамтамасыз етілген. Бұл оқушы мен отбасының жеке өміріне қол сұғылмауын кепілдендіріп, мектепке деген сенімді арттырды.

Этикалық дилеммаларды шешу:

Тәжірибеде кездесетін күрделі этикалық дилеммалар (мысалы, оқушының отбасындағы немесе құрдастары тарапынан болатын қатігездікті жасыруды сұрауы немесе ата-ананың кәсіби медициналық көмектен бас тартуы) Долгофф

пен Лоуенбергтің (Dolgoff & Loewenberg) Этикалық принциптер экраны (Screening Tool) бойынша шешілді. «Құпиялылық» принципі мен «Баланы қорғау және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету» принципі қақтығысқа түскен жағдайда, бірінші кезектегі маңыздылық – «Клиенттің өмірін қорғау» және «Зиян келтірмеу» принциптеріне берілді. Баланың өмірі мен денсаулығына қатер төнген сәтте құпиялылық қағидаты заң шеңберінде шектеліп, шұғыл шаралар ведомствоаралық топ (ВТ) мүшелерімен (ішкі істер, денсаулық сақтау органдары) бірлесіп, ведомствоаралық тәсіл негізінде іске асырылды.

Қорытынды.

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, кейс-менеджмент тәсілі қолдауды қажет ететін оқушылар үшін біріктірілген іс-әрекет жоспарын құруда жүйелі, пәнаралық және ведомствоаралық терең тәсілді қамтамасыз етеді. «Оқушыларды қолдау жүйесі» цифрлық платформасы мектеп мамандарын қауіп факторлары мен балалық шақтың травмаларын (БҚТ) ерте анықтаудың нақты, дәлелді құралдарымен қамтамасыз етті. Кәсіби және жеке құндылықтар арасындағы қайшылықтарды этикалық кодекстер мен мәдени-құзыретті тәжірибеге сәйкес шеше отырып, бұл цифрлық жүйені кеңінен қолдану білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтің сапасы мен оқушылардың әл-ауқатын жақсартудың басты кепілі болып табылады. Осы іс-әрекеттегі зерттеудің нәтижелерін алдағы уақытта НЗМ желісіндегі және еліміздің өзге де мектептерінің психологиялық қызмет тәжірибесіне кеңінен енгізу ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Ким Л. (2020). Стандартты практики предоставления услуг кейс-менеджмента в работе с семьями. ЮНИСЕФ, Ташкент.

2 de Jong, T. (2005). Strengthening mental health programs for secondary school students with high support needs: A framework for effective school case management. Journal of Psychologists and Counsellors in Schools, 15(2), 156-167.

3 Dolgoff, R., Harrington, D., & Loewenberg, F. M. (2012). Ethical Decisions for Social Work Practice. Brooks/Cole, Cengage Learning.

4 McGoldrick, M., Gerson, R., & Petry, S. S. (2008). Genograms: Assessment and intervention. WW Norton & Company.

5 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ішкі әдістемелік есептері. «Оқушыларды қолдау жүйесі» бағдарламасын жүзеге асыру және психологиялық мониторинг қорытындылары (2018–2026 жж.). – Тараз қ.: Дереккөз қоры, 2026. – 65 б.

SRSTI 14.25.09

THE IMPACT OF DIGITAL STORYTELLING ON ESL LEARNERS' LINGUOCULTURAL COMPETENCE AND MOTIVATION

A.M. Rakhmanberdi
Master's student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty

This study investigates the impact of digital storytelling on linguocultural competence development among primary school ESL learners. Using a quantitative pre- and post-test design, 30 fourth-grade students in Almaty, Kazakhstan were divided into control and experimental groups over four weeks. Results demonstrated significant improvements in the experimental group across learner motivation, linguistic competence, cultural awareness, and communicative competence. The findings confirm digital storytelling as an effective, student-centered pedagogical tool for primary ESL contexts, with practical implications for curriculum integration in multilingual, non-Westersn educational settings.

Keywords: linguocultural competence, digital storytelling, linguistic competence, cultural awareness, communicative competence, learner motivation, foreign language education, ESL learners, primary education.

The continuous process of globalization has fundamentally shifted the objectives of foreign language education, and mastering only linguistic features of the target language is no longer sufficient for effective intercultural communication. Contemporary researchers emphasize linguistic competence alone cannot equip learners to interpret meaning, negotiate across cultures, and communicate in ways that are both grammatically accurate and culturally appropriate [1]. This shift in perspective has brought the concept of linguocultural competence to the forefront of foreign language pedagogy.

Linguocultural competence is a multidimensional construct that integrates three core components:

linguistic competence – the knowledge of a language's grammatical rules, vocabulary, phonology, and syntax that enables speakers to produce and understand a limitless range of correct sentences [2].

cultural awareness – the ability to recognize, interpret, and reflect upon the cultural conventions, values, and behavioural norms of the target language community that shape how people think, communicate, and interact [3].

communicative competence – the ability to use language appropriately and meaningfully in real social and intercultural contexts [4].

Thus, linguocultural competence goes beyond the mere knowledge of a foreign language and its culture – it is the capacity to engage in meaningful intercultural communication by perceiving, interpreting and producing speech that is simultaneously grammatically accurate, socially appropriate, and culturally congruent.

This understanding is well-supported by L. Vygotsky who was among the first to argue that the meaning we attach to words are never purely individual or abstract, because they grow out of shared cultural and social experience, making language itself a reflection of the collective world we inhabit [5]. Building on this idea, V.Vorobyov observed that culture does not simply appear in the words we choose, but permeates every layer of language – its grammar, discourse patterns, and communicative norms. He described this phenomenon as 'cultural saturation' of language. To capture this fusion of language and culture at the level of a single unit of meaning, he introduced the concept of linguoculturеme – a language unit that simultaneously carries both linguistic meaning and cultural significance [6].

Furthermore, V. Maslova pushed this thinking even further, arguing that truly mastering a language means entering into an entirely different way of seeing the world. In her view, culture cannot be a separate subject of study without language as it lives inside the language itself [7].

The intrinsic link between language and culture finds its most famous theoretical grounding in the Sapir-Whorf Hypothesis, or the principle of linguistic relativity. In their theory of linguistic relativity, they proposed that the language we speak does not merely describe our reality, but actively shapes the way we perceive and experience the world around us [8]. The idea that different cultures perceive the world differently and their behaviour and cultural norms may be totally different was proposed by Edward Hall with his theory of high- and low-context cultures. What we understand by exploring these theories is that without the awareness of other cultural and social norms, even perfectly grammatical sentences can be misunderstood [9]. Therefore, it is extremely vital for foreign language learners to study about culture and communicative norms along with language learning. This is precisely what linguocultural competence addresses: preventing intercultural misunderstanding that occurs due to the lack of cultural knowledge and communicative skills.

This is exactly why innovative pedagogical approaches are needed in foreign language education today. Among the most efficient approaches is digital storytelling, which has gained prominence with the latest advancements in the fields of education and technology. Digital storytelling refers to a multimodal, technology-enhanced pedagogical tool that combines narrative with visual, digital, and multimedia elements, enabling learners to create personally meaningful stories in the target language [10]. It can effectively contribute to the development of linguistic, cultural and communicative competence, which are the main components of linguocultural competence, along with the positive influence on students' motivation. Unlike traditional methods, language learning happens almost naturally within the

process of story making. As students work on a story, they do not drill grammar rules or memorize vocabulary, but they use the foreign language to narrate the story purposefully and authentically [11].

Moreover, perhaps one of the most powerful things digital storytelling does is opening a window to both the learner's own culture and the world of the target language. Lambert's idea of 'giving voice' explains it perfectly: instead of repeating scripted textbook dialogues, students are invited to talk about their own lives, families, and cultural experiences in the target language, while simultaneously exploring the foreign culture [12]. This naturally prompts reflection on both their own culture and the other culture they are learning about. Besides, the use of images, audio, and video makes this process even richer, as learners encounter the target culture through meaningful, engaging content. Another important factor is the enhancement of communicative competence through the process of crafting and sharing own narratives. The communication occurs authentically without simulation and it is addressed to the real audience in the foreign language [13].

Additionally, the use of diverse materials such as videos, audio or multimedia platforms supports students with different learning styles. But beyond the use of technology, what truly drives motivation is the sense of creation and ownership the digital storytelling gives learners. It is no surprise that learners tend to work harder and engage deeply when they are creating something real. When students engage in the process of creation and experience the satisfaction with their own digital story, it fosters their motivation and the task completion feels like an achievement [14].

Despite the potential of the digital storytelling method being well acknowledged, research examining its specific impact on the integrated development of linguocultural competence – encompassing linguistic accuracy, cultural awareness, and communicative competence – among primary ESL learners remains limited.

In this regard, the present study aims to investigate the impact of digital storytelling on ESL primary learners' linguocultural competence development, with a particular focus on its influence on learner motivation, linguistic competence, cultural awareness, and communicative abilities. To achieve this, a mixed-methods research design was employed, drawing on pre- and post-intervention surveys, pedagogical observation, and comparative analysis of learning outcomes among 30 fourth-grade students, divided into control and experimental groups, at a primary school in Almaty, Kazakhstan.

Methods.

The present study employed a quantitative research design to investigate the effectiveness of digital storytelling in developing linguacultural competence among primary ESL learners. The methodological framework was grounded in the measurement of learning outcomes across four key indicators: motivation, linguistic competence, cultural awareness, and communicative competence. The experiment was conducted at a primary school located in Almaty, Kazakhstan.

The following research methods were applied in the study: analysis of scientific and methodological literature on linguacultural competence and digital

storytelling in foreign language education; pre- and post-intervention testing aimed at identifying changes in students' linguocultural competence and motivation; and comparative analysis of the results obtained from both control and experimental groups.

The empirical study was conducted among 4th grade students learning English as a foreign language at a primary school in Almaty, Kazakhstan. A total of 30 learners participated in the research and were divided into two groups: a control group, which included 15 members and an experimental group with 15 learners as well. Both groups were comparable in terms of age, language proficiency level (A1), and learning conditions. Prior to the intervention, a diagnostic pre-test was administered in order to determine the initial level of students' linguacultural competence.

In the control group, instructions were carried out using traditional teaching methods such as reading short text passages about cultural topics, and completing comprehension exercises, vocabulary matching tasks, and guided class discussions. Cultural content was mostly presented in a descriptive and teacher-centered manner, with limited opportunities for creative or interactive engagement.

In contrast, the experimental group was taught using digital storytelling as the main teaching approach. The intervention was designed to be age-appropriate, interactive and aligned with the cognitive and linguistic abilities of A1 level learners. The digital storytelling tasks were structured around the school curriculum module on Travelling, which included the following topics: Places around us, My neighbourhood, Kazakhstan and Great Britain, the CLIL lesson on the Lost city of Sauran, and the Culture page on places in Kazakhstan. The intervention consisted of eight structured lessons delivered over four weeks, with two lessons each week, each lasting 45 minutes. Digital tools appropriate for primary school students – including Google Slides, Book Creator, and Canva – were used to support the creation of visual content. During the lessons, students created digital products such as comic books to describe where they were using the new vocabulary and grammar (was/were), digital maps to describe their neighbourhood, cultural comparison presentation for comparing the culture and famous places of Kazakhstan and Great Britain, travel blog stories, and personal place narratives. The emphasis was placed not on technical complexity but on meaningful communication, cultural reflection, and creative expression in the target language.

The assessment instrument for both the pre- and post-intervention testing consisted of two parts: a written test and a performance-based speaking task. The written part comprised three sections: Section A assessed motivation through five questionnaire items measuring students' attitudes toward English learning, cultural interest, and classroom confidence, scored on a three-point scale (Yes, always / Sometimes / No, not really). Section B assessed linguistic competence through three tasks: a vocabulary identification task with five questions, gap-filling grammar tasks, and sentence completion tasks, totalling fifteen points. Section C assessed cultural awareness through true/false cultural knowledge tasks, totalling nine points.

The performance-based part (Section D) assessed communicative competence through an individual speaking task in which they were shown a picture of a city scene and asked to describe what they saw using at least three sentences, and expressing their personal opinion about the place. Student responses were evaluated according to the usage of related vocabulary, grammar, and coherence of speech.

The maximum total score for the assessment instrument was 41 points, distributed as follows: motivation (5 points), linguistic competence (15 points), cultural awareness (9 points), and communicative competence (12 points). The same instrument was administered as both pre-test and post-test, allowing for direct comparison of results before and after the intervention.

The collected data were analyzed quantitatively by comparing pre- and post-test scores between control and experimental groups. Average scores were calculated for each group and for each indicator separately, and percentage improvements were computed using the following formula: post-test average minus pre-test average, divided by pre-test average, multiplied by one hundred. This allowed for a precise, indicator-by-indicator comparison of the effectiveness of digital storytelling against traditional teaching methods across all four dimensions mentioned above.

Results.

The findings of the present research offer a clear and consistent picture of the impact of digital storytelling on enhancing the linguacultural competence among primary school students. The results demonstrate a positive dynamic across all four key factors – motivation, linguistic competence, cultural awareness, and communicative competence – in both groups, with the experimental group showing substantially greater gains. The data confirm that integrating digital storytelling into the foreign language learning process significantly enhanced students' linguocultural competence development compared to traditional teaching methods.

The analysis of pre- and post-test data revealed a substantial increase in learners' motivation in studying a foreign language within the experimental group. At the initial stage of the study, only 50% of students expressed a strong interest in English language learning; this number increased to 81% following the implementation of digital storytelling activities. On the contrary, the control group demonstrated only a minimal change, with interest increasing from 48% to 55%, reflecting only a 7% increase compared with the 31% shown by the experimental group. This difference suggests that the interactive, creative, and student-centered nature of digital storytelling had a significant motivational impact, making the learning process more engaging and personally meaningful for learners. The process of sharing their own digital product made students proud of their work and eager to share with others, thereby reinforcing their interest towards the target language [12].

Equally important were the changes observed in learners' linguistic competence. Prior to the experiment, only 34% of students in the experimental groups demonstrated confident use of vocabulary and grammar structures. Following the digital storytelling intervention, this number rose to 68% – an increase of 34 percentage points. Tasks such as creating digital comic books and place description

stories required students to actively apply grammar structures including was/wer, demonstratives, and prepositions of place within meaningful, culturally rich contexts. Meanwhile, the control group showed a more modest increase, rising from 36% to 50% – a gain of 14 percentage points.

The results also demonstrated notable improvements in understanding the cultural aspects of the target language. Prior to the experiment, only 45% of students in the experimental group noted that they were able to recognize and explain cultural differences in everyday situations. After the introduction of digital storytelling, this number increased to 74%. Activities such as comparing Kazakhstan and Great Britain through digital presentations and retelling the stories through comic strips enabled learners to engage with cultural content meaningfully and reflectively, rather than merely reproducing textbook information. In the control group, the corresponding figure changed from 41% to 52%, representing an increase of 11 percentage points.

Furthermore, the percentage of students demonstrating confidence in communicative competence increased from 42% to 69% in the experimental group, while the control group showed an increase from 38% to 47%. The significant improvements in the experimental groups were reflected in learners' increased active participation in discussion on cultural topics, their ability to express their opinions in the target language, and their use of culturally appropriate language in context.

To provide a clearer representation of the observed changes, the quantitative data obtained from the pre- and post-tests are summarized in Table 1.

Table 1. Dynamics of indicators of linguacultural competence development.

Indicator	**Exp. group (Before)**	**Exp. group (After)**	**Exp. Change**	**Control group (Before)**	**Control group (After)**	**Control change**
Learners' motivation	46%	81%	+35%	48%	55%	+7%
Linguistic competence	34%	68%	+34%	36%	50%	+14%
Cultural awareness	45%	74%	+29%	41%	52%	+11%
Communicative competence	42%	69%	+27%	38%	47%	+9%
Average	**41.75%**	**73%**	**+31.25%**	**40.75%**	**51%**	**+10.25%**

Following the data presented above, several important observations can be made. The most striking finding is the gap between the two groups – a difference of 21 percentage points in overall average improvement – which suggests that the gains in the experimental group were driven not simply by exposure to the curriculum content, but by the specific nature of the digital storytelling approach itself. Each

indicator got enhanced in different ways but with the help of one tool: motivation soared as students took ownership of their own learning through creative digital production; linguistic competence grew as grammar and vocabulary were applied in meaningful, purposeful contexts rather than isolated exercises; cultural awareness deepened as learners moved from passively receiving cultural information to actively comparing, reflecting on it; and, finally, communicative competence developed as students did not have to drill the communication, but because they had real reasons to speak, share information and be heard. Taken together, these findings provide a strong evidence that digital storytelling is far more than an engaging classroom activity. It is a pedagogical approach that brings language, culture, and communication together in a way that feels natural and meaningful, while enhancing learner motivation.

Discussion.

The findings of the present study provide compelling evidence that digital storytelling, when implemented in a structured and purposeful manner, has a significant positive impact on fostering linguacultural competence among primary ESL learners. The experimental group's overall average improvement of 31.25% compared to only 10.25% in the control group represents a difference of 21 percentage points across all four indicators, and this gap cannot be attributed to curriculum exposure alone. Rather, it points to something inherent in the digital storytelling approach itself: its ability to position learners as active creators of meaning thereby deepening both their cognitive engagement and emotional investment in the learning process.

The most striking increase of motivation for 35% among experimental group, compared to 7% in the control group is consistent with Huerta and Mallen's findings based on ARCS motivational model, which demonstrated that the intersection of attention, relevance, and satisfaction within the digital storytelling process leads to a significant increase in student engagement [15]. In our study, this motivational effect appears to have been driven by the sense of personal ownership that digital storytelling gives learners – the experience of creating something genuinely their own in foreign language transformed language learning from an obligation to an achievement. This is particularly significant in primary ESL contexts, where sustaining intrinsic motivation remains one of the essential challenges. Furthermore, the motivational gains had a cascading effect on the other indicators as students who were motivated engaged more deeply with the linguistic and cultural content.

The 34% improvement in linguistic competence in the experimental group compared to 14% in the control group suggests that applying grammar and vocabulary within meaningful, culturally rich digital storytelling tasks was significantly more effective than traditional decontextualized exercises. Rather than drilling isolated structures, students in the experimental group used target language forms as tools for expressing personally and culturally meaningful content. This finding aligns with Robin's argument that digital storytelling addresses 21st-century literacies by moving learners from passive consumption to active creation [10].

To continue with, the gain in cultural awareness reflects a particularly meaningful dimension of the study's findings. The process of creating digital stories required learners not to recall cultural facts, but to interpret and relate cultural phenomena to their own experiences, constructing meaning through narrative rather than memorization. This active meaning-making process led to a more personalized and therefore more durable understanding of cultural content. Moreover, the development from passive reproduction of cultural information to active interpretation and reflection represents the emergence of critical cultural awareness, which is a core element of linguocultural competence.

Besides, the collaborative and interactive nature of digital storytelling activities caused the improvements in communicative competence up to 27% among the experimental group compared to 9% in the control group, who were taught using traditional texts and tasks. The learners engaged in discussions with their peers, compared cultural viewpoints, and reflected on their own assumptions. As Lambert argues, digital storytelling gives learners a real communicative purpose and a genuine audience, which transforms the act of speaking from a performance for a grade to an authentic act of communication [12].

A key factor underlying these developments is the multimodal nature of digital storytelling. The integration of visual, auditory and textual elements provides a form of scaffolded meaning-making, which is especially beneficial for young learners with limited linguistic resources. Tools such as images, comics, and digital storybooks support comprehension by offering contextual cues that help learners infer meaning without relying solely on translation. When working with illustrated narratives, students could interpret facial expressions, gestures and situational contexts, which facilitates the acquisition process. Similarly, video-based tools further strengthen this process by exposing learners to authentic cultural practices, including tone, body language, and interaction patterns. This multimodal scaffolding also explains why the experimental group's gains were distributed relatively evenly across all indicators as digital storytelling activated all linguistic, communicative, cultural, and motivational dimensions of learning.

However, the effectiveness of digital storytelling is not automatic, because it depends on thoughtful pedagogical implementation. The structured implementation of digital storytelling also played a critical role in producing these outcomes. The intervention was organized around a clear framework in which each task moved through three key stages: the implementation stage where learners created their own digital stories in which language is used as a means of expressing cultural meanings. The following reflection stage plays a key role in recognizing differences between cultures and one's own experience, while the dissemination stage reinforces the communicative focus of the activity where learners shared their stories with peers. Nevertheless, the reflection stage plays a crucial role in consolidating learning, as it encourages students to articulate their insights and critically evaluate their own work, turning the experience into learning. Without this component, storytelling becomes a purely creative activity rather than a meaningful educational experience.

These findings suggest that digital storytelling can be effectively integrated into existing curriculum frameworks without replacing standard content – rather, it offers a powerful alternative mode of engaging with that content. Tools such as Google Slides, Book Creator, and Canva are accessible, age-appropriate, and require minimal technical training. What matters most is the pedagogical intentionality – ensuring that storytelling activities are designed to develop specific skills and that students are provided genuine communicative purpose for their work.

At the same time, certain challenges must be considered. Issues such as unequal access to digital tools, varying levels of digital literacy and the need for teacher training can affect the successful integration of digital storytelling. Additionally, ethical considerations, including responsibility in using digital content and respect for cultural representation, should be addressed, especially when students are encouraged to share personal or culturally sensitive narratives. These challenges point to the need for further research into the long-term effects of digital storytelling on linguocultural competence development, as well as studies examining its effectiveness across different age groups, proficiency level, and educational contexts beyond the primary school setting.

Conclusion.

The present study set out to investigate the impact of digital storytelling on the development of linguocultural competence among primary ESL learners, with a particular focus on learner motivation, cultural awareness, linguistic competence, and communicative competence. The findings confirm that the structured integration of digital storytelling into the primary ESL classroom leads to significant and meaningful improvements across all four dimensions.

The study has shown that digital storytelling is far more than just a modern classroom tool for enhancing students' motivation. It is a profound bridge that connects the technical side of language learning with the human side of cultural understanding. By moving away from the static, textbook-driven transmission of facts toward a dynamic, student-led creation of meaning, we allow learners to move from being observers of a culture to becoming active participants in the culture.

The data consistently shows that when students are given the opportunity to tell their own stories, they develop a level of empathy and critical awareness that traditional methods simply cannot reach. They begin to see that culture is not a set of rules to be memorized, but a lived experience to be shared with the help of language. This transition from an ethnocentric perspective to an ethnorelative one is the true hallmark of linguacultural competence.

Ultimately, digital storytelling is an effective technology for developing linguistic, cultural, and communicative dimensions of linguocultural competence along with the motivation for learning the foreign language. It validates students' identities, encourages curiosity towards exploring more about their own or other cultures and raises learners' interest in language learning. The most vital aspect to remember is that teachers' goal nowadays is not just to teach students a foreign language, but rather cultivate the second language personality in them – a personality

that can adapt to different cultural and social situations and communicate effectively within diverse cultures.

References

1 Byram, M. Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence / M. Byram. – Clevedon: Multilingual Matters, 1997. – 132 p.

2 Chomsky, N. Aspects of the Theory of Syntax / N. Chomsky. – Cambridge, MA: MIT Press, 1965. – 251 p.

3 Chen, G. M. Foundations of Intercultural Communication / G. M. Chen, W. J. Starosta. – Boston: Allyn & Bacon, 1998. – 304 p.

4 Hymes, D. H. On communicative competence / D. H. Hymes // Sociolinguistics / ed. by J. B. Pride, J. Holmes. – Harmondsworth: Penguin, 1972. – P. 269–293.

5 Vygotsky, L. S. Thought and Language; ed. by A. Kozulin. – Cambridge, MA: MIT Press, 1986. – 287 p.

6 Vorobyov, V. V. Linguaculturology: monograph. – Moscow: RUDN, 2008. – 340 p.

7 Maslova, V. A. Linguaculturology: textbook for students of higher educational institutions. – Moscow: Akademiya, 2001. – 208 p.

8 Whorf, B.L. Language, Thought, and Reality: Selected Writings of Benjamin Lee Whorf; ed. by J. B. Carroll. – Cambridge, MA: MIT Press, 1956. – 278 p.

9 Hall, E. T. Beyond Culture / E. T. Hall. – New York: Anchor Books, 1976. – 298 p.

10 Robin, B. R. Digital storytelling: A powerful technology tool for the 21st century classroom / B. R. Robin // Theory Into Practice. – 2008. – Vol. 47, № 3. – P. 220–228.

11 Banaszewski, T. M. Digital Storytelling: Supporting Digital Literacy in Grades 4–12. – Atlanta: Master's Thesis, Kennesaw State University, 2005. – 57 p.

12 Lambert, J. Digital Storytelling: Capturing Lives, Creating Community / J. Lambert. – New York: Routledge, 2013. – 192 p.

13 Lestari, N. Digital Storytelling and Intercultural Communicative Competence through English as a Foreign Language for Multilingual Learners / N. Lestari, I. Darmawan // Journal of Curriculum and Teaching. – 2023. – Vol. 12, № 1. – P. 14–25.

14 Solissa, E. M. Utilisation of Digital Storytelling to Increase Student Learning Motivation / E. M. Solissa, U. Yonaevy, D. Anggraheni, K. Febianti, T. Taqiyuddin // World Psychology. – 2024. – Vol. 3, № 1. – P. 14–27. – DOI: 10.55849/wp.v3i1.570.

15 Huerta, M. Digital Storytelling: A Tool for Increasing Student Engagement and Motivation / M. Huerta, M. Mallen // International Journal of Technology in Education and Science. – 2021. – Vol. 5, № 3. – P. 385–401.

ҒТАМР 14.25.09

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ (ArcGIS INSTANT APPS PORTFOLIO) ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕОКЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ж.Т. Мукаев
Ғылыми жетекші, профессор, PhD, Шәкәрім университеті, Семей қ.
Қ.Б. Заманиянова
Магистрант, Шәкәрім университеті, Семей қ.

Қазіргі заманғы география сабақтарында геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ), Esri компаниясының ArcGIS Instant Apps Portfolio платформасын қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеуде интерактивті картографиялық қосымшалардың оқушылардың геокеңістіктік ойлауын дамытудағы маңызы, оларды оқу үдерісіне интеграциялау жолдары және білім берудің сапасын арттырудағы тиімділігі талданады. Зерттеудің мақсаты – жалпы білім беретін мектепте ГАЖ технологияларын қолданудың педагогикалық-әдістемелік қажеттілігін негіздеу және оны іске асырудың нақты моделін ұсыну. Мақалада ArcGIS Instant Apps Portfolio платформасының National Geographic Education оқу материалдарымен интеграциялану тәжірибесі, «Sea Changes» сабағы негізінде Арал теңізінің экологиялық дағдарысын талдау үлгісін сипатталады. Зерттеу нәтижелері ГАЖ технологияларын жүйелі қолданудың оқушылардың цифрлық сауаттылығын, сыни ойлауын және танымдық белсенділігін арттыруға оң ықпал ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: Геокеңістіктік ойлау, цифрлық картография, интерактивті оқыту, сапалық зерттеу, географиялық білім беру.

Қазіргі білім беру парадигмасында география пәнін оқыту тек фактологиялық материалдарды жаттаумен шектелмейді. Жаһандану мен цифрландыру дәуірінде кеңістіктік талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және технологиялық сауаттылық алдыңғы орынға шықты. Дәстүрлі қағаз карталар мен статикалық атластар оқушылардың сыни ойлауын толыққанды дамытуға қауқарсыз болып отыр. Осы орайда, геоақпараттық

жүйелер (ГАЖ), нақтырақ айтқанда бұлтты технологияларға негізделген ArcGIS Portfolio сияқты интерактивті қосымшалар оқу процесін трансформациялаудың негізгі құралына айналуда. National Geographic Education ұстаздар үшін таптырмас құрал. Түрлі тақырыптар мен жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі тапсырмалар мен лекциялар, интерактивті тапсырмалар құрастырылған [1].

Зерттеудің өзектілігі: Қазіргі білім беру парадигмасында география пәнін оқыту тек фактологиялық материалдарды жаттаумен шектелмейді. Жаһандану мен цифрландыру дәуірінде кеңістіктік талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және технологиялық сауаттылық алдыңғы орынға шықты. Дәстүрлі қағаз карталар мен статикалық атластар оқушылардың сыни ойлауын толыққанды дамытуға қауқарсыз болып отыр.Зерттеу нысаны: Осы орайда, геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), нақтырақ айтқанда бұлтты технологияларға негізделген ArcGIS Portfolio сияқты интерактивті қосымшалар оқу процесін трансформациялаудың негізгі құралына айналуда. Зерттеу мақсаты: ГАЖ технологияларын қолдану арқылы білім беру жүйесінде оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру және танымдық белсенділігін күшейту мүмкіндіктерін талдау.

ArcGIS пен National Geograpic біріктіре құрастырған – бұл бірнеше интерактивті карталарды, қосымшаларды, 3D көріністер мен StoryMaps (карта-оқиғалар) жобаларын бір орталықтандырылған интерфейске біріктіруге мүмкіндік беретін қуатты Веб-ГАЖ құралы. Сайт 7 бөлімнен тұрады және география пәні мұғалімі үшін қолайлы, себебі 1 бөлім толық мұғалімге арналған материалға арналған. Бұл география сабағында тек қара мәселені аналитикалық ойлауын ғана емес, спутниктік картамен жұмыс жасауды, ғаламдық мәселенің түйінін ашып, уақыт өте келе қалай өзгеріске ұшырағанын мұғалімнің бағдарлауымен өз бетінше зерттей алады.

Оны география сабағында қолданудың маңыздылығы бірнеше факторлармен түсіндіріледі:

Мультимедиялық интеграция: Оқушылар мен студенттер құрғақ мәтін оқымайды, олар географиялық нысандарды нақты уақыт режимінде (real-time) көріп, зерттейді. Бұл визуалды қабылдау деңгейін арттырады.

Кешенді талдау мүмкіндігі: Бір портфолио ішінде бірнеше тақырыптық карталарды орналастыру арқылы білім алушылар екі немесе одан да көп құбылыстарды салыстыра алады.

ГАЖ логикасын қалыптастыру: 1-ші және 2-ші курс студенттері үшін ГАЖ негіздерін түсіну көбінесе күрделі бағдарламалық қамтамасыз етулерді (QGIS, ArcGIS Pro) орнатумен қиындайды. Ал бұлтты негіздегі Portfolio интерфейсі ГАЖ логикасын жеңілдетілген түрде ұғынуға жол ашады.

Экологиялық және кеңістіктік сананы ояту: Оқушылар жаһандық мәселелерді (климаттың өзгеруі, урбанизация, табиғи апаттар) жергілікті деңгейде талдап, геокеңістіктік шешімдер қабылдауға дағдыланады [2].

ArcGIS Portfolio платформасын оқу процесіне енгізу сабақтың мақсатына қарай әртүрлі сипатта жүзеге асырылады. Мұғалім арнайы портфолио жасап,

оның әрбір бөлімінде жекелеген тақырыптарды орналастырады. Мысалы, «Атмосфера және климат» бөлімінде атмосфера қабаттарының құрылымы, ауа райы фронттарының қозғалысы, циклондар мен антициклондардың динамикасы көрсетіледі; оқушылар нақты картадан жергілікті желдердің (фен, сирокко, бора, самум) бағытын және олардың рельефпен байланысын зерттейді. «Литосфера және геоморфология» бөлімінде жанартаулардың таралу аймақтары (Тынық мұхиттық «Отты шеңбер»), гейзерлердің жұмыс істеу механизмі және карст бедерлерінің таралу карталары ұсынылады, сондай-ақ минералдардың Моос шкаласы бойынша қаттылығы мен мөлдірлігі кеңістіктегі кен орындарымен байланыстырыла отырып көрсетіледі.

Сыныпты бірнеше зерттеуші топтарға бөліп, әр топқа портфолиодағы белгілі бір картаны немесе дайындалған жобаны зерттеуді тапсыруға болады. Әр топ өздерінің талдаған кеңістіктік деректерін сынып алдында қорғайды.

Inquiry-based learning (Сұраққа негізделген оқыту): Оқушыларға дайын жауап берілмейді. Оларға ArcGIS Portfolio сілтемесі ұсынылып, “Берілген аймақта неліктен жер сілкінісі жиі болады?” немесе “Таулы аймақтағы желдің бағыты климатқа қалай әсер етеді?” деген проблемалық сұрақтар қойылады. Оқушылар картадағы қабаттарды қосып-өшіру арқылы жауапты өздері табады [3].

ArcGIS Portfolio бағдарламасының география сабағындағы педагогикалық тиімділігі бірнеше критерийлермен өлшенеді:

Ақпаратты жүйелеу жылдамдығы: Оқушылар түрлі веб-сайттардан ақпарат іздеп уақыт жоғалтпайды. Барлық қажетті картографиялық деректер, 3D көріністер, инфографикалар мен мәтіндер бір сілтеме аясында жинақталған.

Мотивацияның артуы: Технологияға жақын қазіргі буын үшін (Gen Z және Alpha) оқу материалының цифрлық, интерактивті форматта берілуі пәнге деген қызығушылықты күрт арттырады.

Кәсіби дағдыларды қалыптастыру: Интерактивті карталармен жұмыс істеу дағдысы болашақта урбанистика, логистика, экология, геология, төтенше жағдайларды басқару сияқты салаларда тікелей қажет болатын “Hard skills” қатарына жатады.

Саралап оқыту мүмкіндігі: Мұғалім әртүрлі қабылдау деңгейі бар оқушыларға бейімделген материалдарды (біреулерге тек визуалды карталар, екіншілеріне тереңдетілген статистикалық деректер) бір платформа ішінде ұсына алады.

Қазіргі география сабақтарында практикалық және интерактивті элементтер, география сабағының зерттеу пәніне айналуына себепші болады. Интернет пен ЖИ заманында дайын, әрі қызықты интерактивті сабақтар табу қиынға түспейді. Esri компаниясы National Geographic Education-мен бірлесіп, ArcGIS StoryMaps көмегімен әдеттегі география сабақтарын қызықты интерактивті әңгімелерге қалай айналдыруға болатынын көрсетті. Мұндай формат географияны жай ғана оқып қана қоймай, оны карталар, нақты деректер және зерттеушілердің айтқан пікірлері арқылы зерттеуге көмектеседі. Барлық сабақтардың негізінде интерактивті карталар, ArcGIS Living Atlas деректері

және кеңістіктік ойлау мен талдау дағдыларын дамытатын тапсырмалар жатыр [4].

Қазіргі география сабақтарында практикалық және интерактивті элементтер география сабағының зерттеу пәніне айналуына себепші болады. Осының айқын мысалы ретінде Арал теңізіне арналған “Sea Changes” сабағын атауға болады. Оқушылар 1964 жылдан 2025 жылға дейінгі серіктік суреттерді салыстырып, жағалау сызығының қалай өзгергенін талдайды және адам іс-әрекетінің XX ғасырдың ең ірі экологиялық апаттарының біріне қалай әкеліп соққанын анықтайды. Мұндай тәсіл фактілерді жаттауға ғана емес, географиялық процестерді түсінуге және әлемді өз бетінше зерттеуге үйренуге көмектеседі.

Бұл бірлесіп жасалған жұмыста, Арал теңізінің мәселелері картамен көрсетіліп, спутниктің 1960 жылы түсірілген сурет арқылы, Аралдың қазіргі күйін салыстырады. Оқушылар салыстыру жұмыстарын өз бетінше оқып, зерттеуге қолайлы әрі тиімді [5].

Салыстыру үшін 9 карта көрсетілген, оны біз карта қабаттары бөлімінен қарап, салыстыру жұмыстарын жүргізе аламыз. Арнайы қосымша зерттеу жүргізу мақсатында, басқа да қосымша қабаттар қосуға болады. Жер бедерінің биіктік өлшемін де есептеуге болатын және оның динамикасын көруге болатын мүмкіндіктері қарастырылған.


Зерттеулер жүргізіліп, Арал теңізі мәселесі таныстырылып болғаннан кейін, сыни ойлау және картамен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар дайындалған. Тапсырмалар 3 деңгейде жүргізілген . Зерттеуге және талқылауға арналған сұрақтар:

Тарихи жағалау сызығы мен қазіргі су айдынының пішінінде қандай түбегейлі айырмашылықтар бар? Осы жарты ғасырлық өзгерістерді географиялық тұрғыдан қалай сипаттар едіңіз?

Серіктік суреттердегі шегінген судың орнында қандай табиғи немесе антропогендік іздер (тұзды сорлар, құрғаған арналар) байқалады?

Өзгерістерді сандық түрде бағалау үшін 1960 жылдар мен қазіргі уақыттағы теңіздің Батыстан Шығысқа және Солтүстіктен Оңтүстікке дейінгі қашықтығын өлшегенде, қандай ауқымдағы айырмашылық шығады?

1960 жылдары мақта шаруашылығын дамыту мақсатында Әмудария мен Сырдария өзендерінің суын бұру Аралдың тағдырын шешті. Су көлемінің 90%-ға дейін қысқаруы аймақтағы балық шаруашылығын жойып, химиялық қоспалар мен тұзды шаң дауылдарының таралуына әкелді. Бұл процесс – адам әрекеті мен табиғи факторлардың қосылуынан туындаған шөлейттенудің айқын көрінісі [6].



Сурет 1. Арал теңізінің спутниктік аэрофототүсірілімдері (1964-2025).

Аймақтық экожүйені талдау сұрақтары:

Әмудария мен Сырдария өзендерінің сағаларын зерттей отырып, олардың суы қазіргі күні теңізге толық жетіп жатыр ма? Бұл жағдай өзен атырауының (дельтасының) биоәртүрлілігіне қалай әсер етеді?

Өзен ағысына қарсы бойлай отырып, аймақтағы жер мен суды пайдаланудың қандай түрлерін (мысалы, суармалы егіншілік, каналдар) байқауға болады? Олар Аралға құятын су мөлшерін қалай реттеп немесе шектеп отыр?

2014 жылғы серіктік сурет пен қазіргі жағдайды салыстырғанда қандай динамика байқалады? Жер жамылғысы мен маңайдағы елді мекендердің орналасуы бұл өзгерістердің себебін қалай түсіндіре алады?

Жаһандық контекст: Арал дағдарысы жалғыз емес. БҰҰ мәліметінше, әлем елдерінің жартысында тұщы су жүйелері тартылуда. Аралдағы жағдайдың Ютадағы Үлкен тұзды көл (АҚШ), Чад көлі (Африка) немесе Поян (Қытай) көлдеріндегі экологиялық мәселелермен қандай ұқсастықтары бар? [7]

Ғалымдар теңіздің бастапқы қалпына келуі екіталай екенін айтқанымен, экожүйенің бір бөлігін сақтап қалу мүмкін болды. Қазақстан мен Дүниежүзілік банк бірлесіп салған Көкарал бөгеті (2005 ж.) Солтүстік Арал теңізіндегі су деңгейін тұрақтандырып, балық шаруашылығының қайта жаңғыруына жол ашты.

Сыни бағалау сұрақтары:

Көкарал бөгеті Солтүстік Аралды сақтап қалуда қаншалықты тиімді болды? Оңтүстік Арал теңізіндегі жағдайды жұмсарту үшін қандай баламалы гидротехникалық немесе экологиялық шешімдер ұсынар едіңіз?

Кез келген ірі араласудың жанама әсері болады. Бөгет салудың экожүйе үшін басқа қандай жасырын салдарлары болуы мүмкін?

Солтүстік Аралдың тәжірибесі басқа құрлықтардағы тартылып жатқан көлдерді құтқаруда қандай басты сабақ бола алады.

Қорыта келе, география сабақтарында ArcGIS Instant Apps Portfolio платформасын қолдану – жай ғана технологиялық тренд емес, ол білім сапасын арттырудың стратегиялық құралы. Бұл бағдарлама оқушылар мен студенттерге әлемді тұтас және өзара байланысты жүйе ретінде көруге мүмкіндік береді. Оқушыларды пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдыра отырып, интерактивті карталар геокеңістіктік сыни ойлауды, сапалық талдау жасауды және заманауи ақпараттық сауаттылықты қалыптастырады. Географиялық білім беру жүйесінде мұндай бағдарламаларды жүйелі түрде қолдану болашақ мамандардың кеңістіктік логикасын шыңдап, бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз. Жүргізілген теориялық талдау мен «Sea Changes» кейсі негізіндегі сипаттамалық зерттеу мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

– ArcGIS Instant Apps Portfolio сияқты бұлтты негіздегі веб-ГАЖ платформалары күрделі бағдарламалық қамтамасыз етулерді (QGIS, ArcGIS Pro) орнату мен меңгеруге қатысты техникалық кедергілерді жойып, ГАЖ логикасын мектеп деңгейінде де қолжетімді етеді;

– платформаны топтық-зерттеушілік жұмыс және сұраққа негізделген оқыту (inquiry-based learning) тәсілдерімен ұштастыру оқушыларды пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдырады және олардың геокеңістіктік ойлауын, сыни талдау жасау қабілетін жүйелі түрде дамытады;

– Арал теңізі мысалындағы кейс-стади көрсеткендей, нақты статистикалық деректер мен серіктік суреттерді салыстырмалы талдау оқушыларда тек фактологиялық білімді ғана емес, сонымен қатар жаһандық геоэкологиялық үдерістерді жергілікті контекстпен байланыстыра білу құзыретін қалыптастырады;

– ГАЖ технологияларын қолдану оқушылардың цифрлық сауаттылығын, танымдық белсенділігін арттырып, урбанистика, экология, логистика, төтенше жағдайларды басқару сияқты салаларда болашақта қажет болатын кәсіби дағдыларының (hard skills) негізін қалайды.

Қолданылған әдебиеттер

ArcGIS Instant Apps Portfolio платформасы. Кеңістіктік деректер және интерактивті карталар. URL: https://www.arcgis.com/apps/instant/portfolio/index.html?appid=66b623e6236b46139230177002f9dbb5.

. Tusam, M., Somantri, L., Setiawan, I., & Sugito, N. T. (2024). ArcGIS StoryMaps in Geography Learning: A Systematic Literature Review. Abjadia: International Journal of Education, 9(3), 643–655.

Lee, D. M. (2019). Cultivating preservice geography teachers' awareness of Geography using Story Maps. Journal of Geography in Higher Education, 44(3), 387–405. https://doi.org/10.1080/03098265.2019.1700487

Berendsen, M. E., Hamerlinck, J. D., & Webster, G. R. (2018). Digital story mapping to advance educational atlas design and enable student engagement. ISPRS International Journal of Geo-Information, 7(3), 125. https://doi.org/10.3390/ijgi7030125

Дүниежүзілік банк және Қазақстан Республикасының Солтүстік Арал теңізін сақтау (Көкарал бөгеті, 2005 ж.) жобасы бойынша ресми деректері.

Esri және National Geographic Education. «Sea Changes» (Арал теңізінің экологиялық дағдарысы) интерактивті оқу материалы. URL: https://www.arcgis.com/apps/instant/atlas/index.html?appid=0cd1cdee853c413a84bfe4b9a6931f0d&webmap=cdc2ed0afdd8497f97de24a243a318c2

Esri & National Geographic Education. Sea Changes: Guided Lesson (ArcGIS Instant Apps Portfolio). URL: https://www.arcgis.com/apps/instant/portfolio/index.html

ҒТАМР 14.25.05, 15.81.21

ОҚУШЫ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ

А.Б. Сейдуалиева

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Тараз қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының педагог-ұйымдастырушы-кураторы, Қазақстан, Тараз қ.

Мақалада заманауи білім беру кеңістігінде кураторлық сүйемелдеу аясында оқушы бойында негезігі адамгершілік құндылықтарды, дербес жауапкершілік пен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру арқылы біртұтас тұлғаны тәрбиелеу мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Зерттеудің басты мақсаты – Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 4 кураторлық тобы (7G, 7H, 9G, 9D сыныптары, барлығы 58 оқушы) базасында енгізілген жүйелі тәрбиелік жобалар мен тұлғалық бағдарлы сүйемелдеу үлгілерінің тиімділігін ғылыми-практикалық тұрғыдан бағалау болып табылады. Жұмыс барысында педагог-ұйымдастырушы-куратордың іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) тәжірибесі негезінде оқушылардың тұлғалық трансформациясын үдерістік басқару, рефлексиялық күнделіктерді енгізу және ата-аналармен мезожүйелік байланысты нығайту форматтары талданды. Мониторинг нәтижелері көрсеткендей, бекітілген тәрбиелік алгоритмдер оқушылардың өздігінен шешім қабылдау уақытын оңтайландырып, тұлғалық жауапкершілік деңгейін арттырды және кәсіби этика мен құпиялылық стандарттарын жүйеледі.

Түйін сөздер: тұлғаны тәрбиелеу, құндылықтар, жауапкершілік, өзін-өзі дамыту дағдылары, кураторлық топтар, Бронфенбреннер теориясы, іс-әрекеттегі зерттеу.

Кіріспе.

Заманауи білім беру парадигмасында мектептің басты миссиясы – оқушыларға тек академиялық білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ұялату, дербес жауапкершілік пен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру арқылы үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Қазіргі жаһандану мен

цифрландыру дәуірінде өскелең ұрпақтың бойында сыртқы өзгерістерге төзімді ішкі рухани өзгерістердің, өзін-өзі реттеу (self-regulation) мәдениетінің болуы тұлғалық жетістіктің басты кепіліне айналды.

Гумандық педагогика негедеріне сәйкес, оқушы бойында құндылықтарды қалыптастыру сырттан таңылған ережелер жиынтығы емес, баланың ішкі «Мен» концепциясы мен саналы таңдауы арқылы жүзеге асуы тиіс. Алайда, қазіргі тәрбие үдерісінде отбасындағы гиперопека, әлеуметтік желілердің бақылаусыз әсері немесе деструктивті коммуникациялар салдарынан жасөспірімдердің жауапкершіліктен қашуы, өз уақыты мен іс-әрекетін жоспарлай алмауы жиі кездеседі. Осы орайда, Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі педагог-ұйымдастырушы-куратордың қызметі оқушыларды бақылаушы емес, олардың тұлғалық өсу үдерісін бағыттаушы, қолдаушы жүйе ретінде ерекше маңызға ие. Бекітілген 4 кураторлық топтың (7G, 7H, 9G, 9D сыныптарындағы 58 оқушы) тәрбие жүйесін үйлестіру негезінде құндылықтар мен жауапкершілікті қалыптастырудың педагогикалық тетіктерін зерттеу осы жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмысы «Тараз қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының базасында іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) форматында жүргізілді. Жұмыс барысында педагог-ұйымдастырушы-куратордың тікелей жетекшілігімен, мектептің психологиялық қызметі мен ата-аналар қауымдастығынан құралған көпсалалы топтың қатысуымен кешенді тәрбиелік модель қолданылды. Зерттеуге кураторлық жетекшіліктегі 7G, 7H, 9G, 9D сыныптарынан 58 оқушы қатысты.

Зерттеудің әдіснамалық негезін Ури Бронфенбреннердің бала дамуының экологиялық теориясы, Карл Роджерстің гуманистік тұлғалық тұжырымдамасы және НЗМ-нің негезігі құндылықтар матрицасы құрады. Тұлғаны тәрбиелеу үдерісі Бронфенбреннер модельдері бойынша келесі жүйелер арқылы жүзеге асырылды:

– Микрожүйе: Кураторлық сағаттар, сынып ішіндегі өзін-өзі басқару ұйымдары және жеке тұлғалық әңгімелесу сессиялары.

– *Мезожүйе:* Куратор мен отбасының өзара тығыз ынтымақтастығы, ата-аналарды мектептік «Ата-аналар мектебі» жобалық шараларына тарту.

– *Экзожүйе:* Мектептің тәрбиелік бағдарламалары және әкімшілік шешімдер.

– *Макрожүйе:* Мектеп қауымдастығындағы жаһандық құндылықтар (Құрмет, Әріптестік, Жауапкершілік, Ашықтық, Өмір бойы білім алу).

Зерттеудің бизнес-үдерісі келесі қадамдық алгоритмнен тұрды:

1. Бастапқы диагностика: 4 кураторлық топтағы оқушылардың тұлғалық бағдарларын, жауапкершілік сезімін және өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға бағытталған сауалнамалар жүргізу.

2. Жобалық тәрбиелік іс-әрекет: Оқушыларды «Қоғамға қызмет», «100 кітап», «Шаңырақ» жобаларына белсенді тарту арқылы әлеуметтік жауапкершілік пен эмпатия құндылықтарын шыңдау.

3. Рефлексиялық мәдениетті қалыптастыру: Оқушылардың апталық мақсат қою, уақытты басқару (time management) және өз іс-әрекетіне сыни талдау жасау дағдыларын дамыту мақсатында «Рефлексиялық күнделік» құралын тұрақты қолдану.

4. Педагогикалық мониторинг: Тәрбиелік шаралардың тиімділігн анықтау үшін бастапқы, аралық және қорытынбы кезеңдердегі тұлғалық өсім динамикасын өлшеу.

Нәтижелер және талқылау.

Енгізілген тәрбиелік алгоритмдер мен кураторлық сүйемелдеу үлгілері 58 оқушының тұлғалық сапалары мен өзін-өзі басқару дағдыларында айқын оң өсім бар екенін көрсетті. Зерттеу кезеңінде оқушылар бойындағы сапалардың серпіні (динамикасы) келесі кестеде жүйеленді.

Кесте 1. Оқушылардың тұлғалық сапаларының даму динамикасы.

Өлшемшарттар (Критерийлер)	**Бастапқы кезең (Төмен)**	**Аралық кезең (Орта)**	**Қорытынды кезең (Жоғары)**
Жеке жауапкершілік (Өз міндеттерін түсіну)	42%	38%	20%
Өзін-өзі дамыту (Жоспарлау, рефлексия)	48%	35%	17%
Құндылықтарды сезіну (Құрмет, эмпатия)	31%	45%	24%
Жұмыс нәтижесінен кейінгі өзгеріс:			
Жеке жауапкершілік (Мониторинг соңы)	10%	32%	58%
Өзін-өзі дамыту (Мониторинг соңы)	12%	30%	56%
Құндылықтарды сезіну (Мониторинг соңы)	5%	25%	70%

Процестерді оңтайландыру және тиімділік: «Рефлексиялық күнделіктер» мен жүйелі кураторлық кері байланыстың нәтижесінде оқушылардың ұйымдастырушылық және өзін-өзі басқару мәселелерін шешу уақыты айтарлықтай оңтайланды. Бұл кураторға Карл Роджерстің гуманистік көзқарасына («клиент – өз өмірінің сарапшысы») сәйкес оқушылармен тікелей шынайылық, позитивті қабылдау және эмпатиялық қарым-қатынас орнатуға көбірек уақыт бөлді.

Иерархия мен рөлдердің нақтылануы: Куратор 4 сынып ішіндегі микроклиматты реттей отырып, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын (сынып белсенділерін, көшбасшыларын) құруға қолдау көрсетті. Нәтижесінде оқушыларға дер кезде эмоционалдық қолдау жасау, тұлғалық дағдарыстарды

шешу және оларды қажетті дамытушылық ресурстарға бағыттау функциялары сәтті іске асты.

Кәсіби этика мен құпиялылық стандарттары: Тәрбие үдерісі халықаралық педагогикалық-этикалық стандарттарға сай жүргізілді. Жеке кураторлық кейстерді көпсалалы мектеп командасы ішінде талқылау кезінде оқушылардың жеке деректері мен құпиялылығы қатаң сақталды. Бұл оқушы мен отбасының жеке өміріне қол сұғылмауын кепілдендіріп, кураторлық қызметке деген сенімді нығайтты.

Этикалық дилеммаларды шешу (Ethical Dilemmas Resolution): Тәжірибеде кездесетін этикалық дилеммалар Долгофф пен Лоуенбергтің (Dolgoff & Loewenberg) Этикалық принциптер экраны (Screening Tool) бойынша шешілді. «Оқушының дербес автономиясы» мен «Ата-ананың тәрбиеге құқығы» принциптері қақтығысқан жағдайларда, бірінші кезектегі маңыздылық «Баланың ең үздік мүддесін қорғау» және «Зиян келтірмеу» қағидаларына берілді.

Қорытынды.

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, оқушы бойында құндылықтарды, жауапкершілік пен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру арқылы тұлғаны тәрбиелеу – мектеп ортасында кураторлық сүйемелдеудің жүйелі жүргізілуін талап ететін кешенді педагогикалық үдеріс. 4 кураторлық топтың (58 оқушы) қатысуымен өткен іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) нәтижелері жобалық тәрбие үлгілері мен рефлексиялық мәдениеттің оқушының тұлғалық трансформациясына оң ықпал ететінін толық дәлелдеді.

Кәсіби және жеке құндылықтар арасындағы қайшылықтарды этикалық кодекстерге сәйкес шеше отырып, бұл жүйені кеңінен қолдану білім беру мекемелеріндегі кураторлық қызметтің сапасы мен оқушылардың әл-ауқатын жақсартудың басты кепілі болым табылады. Осы зерттеу жұмысының нәтижелерін НЗМ желісіндегі және еліміздің өзге де мектептерінің тәрбие үдерісі тәжірибесіне кеңінен енгізу ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер

1 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Даму стратегиясы – 2030. Астана, 2023.

2 De Jong, T. (2005). Strengthening mental health programs for secondary school students with high support needs: A framework for effective school case management. Journal of Psychologists and Counsellors in Schools, 15(2), 156-167.

3 Dolgoff, R., Harrington, D., & Loewenberg, F.M. (2012). Ethical Decisions for Social Work Practice. Brooks/Cole, Cengage Learning.

4. Роджерс К.Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М.: Прогресс, 1994.

5 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ішкі әдістемелік есептері. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту және тәрбие мониторингінің қорытындылары (2018–2026 жж.). – Тараз: Дереккөз қоры, 2026. – 45 б.

ҒТАМР 14.25.09

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ж.Т. Мукаев
Ғылыми жетекші, профессор, PhD, Шәкәрім университеті, Семей қ.
М.Е. Еркінов
Магистрант, Шәкәрім университеті, Семей қ.

Мақалада орта мектептерде география пәнін оқыту барысында интерактивті білім беру кеңістігін құрудың ғылыми-әдістемелік механизмдері сараланады. Ақсуат ауданы мектептерінің мұғалімдері мен оқушыларынан алынған сауалнама деректеріне сүйене отырып, білім алушылардың танымдық белсенділігі мен картографиялық сауаттылығын арттыру мүмкіндіктері зерделенді. Геоақпараттық жүйелер, цифрлық карталар және интерактивті веб-қызметтерді қолданудың педагогикалық тиімділігі жан-жақты талданады. Зерттеу нәтижесінде инфрақұрылымдық және әдістемелік кедергілерді еңсеру, оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілеті мен функционалдық дағдыларын дамыту бойынша нақты практикалық жолдар ұсынылды.

Түйін сөздер: интерактивті оқыту ортасы, география дидактикасы, геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), цифрлық білім беру ресурстары, сауалнама нәтижелері, картографиялық құзыреттілік, кеңістіктік ойлау.

Қазіргі жаһандану дәуіріндегі білім беру парадигмасы оқушыға дайын мәліметтер жиынтығын беруден гөрі, оны өзіндік зерттеу жұмысын жүргізе алатын, шешім қабылдауға бейім белсенді субъектіге айналдыруды көздейді [1]. Бұл үрдіс әсіресе кеңістіктік, табиғи, әлеуметтік және экономикалық заңдылықтарды кіріктіре қарастыратын география ғылымын оқытуда ерекше мәнге ие [2]. Дәстүрлі түсіндірмелі-иллюстративті оқыту әдісі оқушыны көбінесе пассивті тыңдаушы рөлінде қалдыратындықтан, заманауи мектеп тәжірибесінде интерактивті оқыту ортасын қалыптастыру басты дидактикалық талаптардың біріне айналды [3].

Отандық география дидактикасының іргетасын қалаған К. Мамырова мен Ш. Кәрібаеваның еңбектерінде географиялық білімнің мазмұны мен құрылымын жаңартудың, оқушылардың картографиялық құзыреттілігі мен практикалық іскерліктерін қалыптастырудың дидактикалық жолдары негізделген [3]. Сонымен бірге, көрнекті ғалым Ә.С. Бейсенова географияны

оқытуда өлкетанулық зерттеулерді, табиғи ортаны бақылауды және экологиялық тәрбиені өзара сабақтастыра жүргізу қажеттігін дәлелдеген [4, 5]. Бұл көзқарастар қазіргі таңдағы интерактивті ортаның негізгі өзегімен толық үйлеседі: оқушы теорияны жаттап қана қоймай, табиғи құбылыстарды модельдеу және зерттеу арқылы меңгеруі тиіс.

Интерактивті оқыту ортасының теориялық ұғымы оқу үдерісіне қатысушылардың өзара белсенді қарым-қатынасын, диалогтық ынтымақтастықты және білім алушының оқу нысанымен тікелей әрекеттесуін қамтиды [6]. Е.С. Полаттың педагогикалық технологияларға арналған зерттеулерінде көрсетілгендей, ынтымақтастықта оқыту, жобалау әдісі және телекоммуникациялық технологияларды қолдану білім сапасын арттырудың ең тиімді тетігі саналады [6]. Қазіргі жаратылыстану-ғылыми білім беру мәселелерін қарастыратын жетекші басылымдар да географияны цифрлық технологиялар мен белсенді оқыту құралдары негізінде ұйымдастыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың шарты болып табылатынын айқындайды [7].

Оқыту үдерісін цифрлық және геоақпараттық технологиялармен байыту.

География сабағының басты визуалды әрі танымдық негізі -карта болып табылады. Дегенмен, заманауи білім беру процесінде қағаз карталар мен статикалық кестелер динамикалық құбылыстарды толық көрсете алмайды [8]. Осы орайда геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) мен интерактивті технологиялар білім алушыларға Жер бедерін үш өлшемді (3D) кеңістікте көруге, табиғи апаттарды, климаттық белдеулердің өзгеруін және демографиялық қозғалыстарды тікелей цифрлық ортада бақылауға жағдай жасайды.

Цифрлық платформалар мен веб-қызметтер оқушылардың ақпаратты өз бетінше өңдеуіне және салыстырмалы талдау жүргізуіне бағытталған бірнеше функционалдық бағыттар бойынша 1-кестеде жүйеленеді[8, 9].

Кесте 1. Цифрлық платформалар.

Құралдар тобы	**Қолданылатын бағдарламалар мен веб-платформалар**	**Оқыту үдерісіндегі негізгі дидактикалық міндеті**
Геоақпараттық және виртуалды жүйелер	Google Earth, Google Maps, ArcGIS Online, NASA Earth Observatory	Ғарыштық түсірілімдерді талдау, жер бедерінің 3D үлгілерін құру, виртуалды экспедициялар мен бағыттарды зерттеу [9]
Интерактивті картографиялық және презентациялық қызметтер	Genially, Canva, Mapchart, Pixel Map, Piktochart	Интерактивті презентациялар мен инфографика құрастыру, тақырыптық контурлық карталарды визуализациялау [8]
Дидактикалық-ойындық және викториналық платформалар	Kahoot, Wayground, Wordwall, Baamboozle, Quizlet	Географиялық терминдер мен номенклатураны бекіту, жарыс түріндегі онлайн-викториналар өткізу [8]
Бірлескен жұмыс	Padlet, Jamboard	Ынтымақтастықтағы жобаларды

және виртуалды тақталар		ұйымдастыру, сынып оқушыларының ойларын бір виртуалды тақтаға жинақтау [8]
Жедел кері байланыс және бағалау құралдары	Plickers, Classtime, Mentimeter	Жедел формативті тексеру, QR-код арқылы жауаптарды цифрландыру, сауалнама нәтижелерін өңдеу [8]
Үш өлшемді модельдеу бағдарламалары	Tinkercad, SketchUp	Географиялық нысандардың көлемді модельдерін жобалау, экожүйелердің кеңістіктік құрылымын зерттеу [8]

Мұндай заманауи ресурстар оқушының тек білімді тұтынушы болуына жол бермей, оны ақпаратты визуализациялайтын, мәліметтерді салыстыратын және географиялық үдерістерді болжайтын зерттеуші деңгейіне көтереді [8, 9].

Аудан мектептеріндегі сауалнама деректері және эмпирикалық талдау. Интерактивті оқыту ортасын қалыптастырудың нақты деңгейін анықтау, білім алушылардың пәнге деген көзқарасын бағалау және педагогтердің тәжірибесіндегі нақты жағдайды зерделеу мақсатында Ақсуат ауданы мектептерінің, атап айтқанда «М. Әуезов атындағы Көкжыра ОМ» КММ, «Тоғас батыр атындағы ОМ» КММ, «Би Боранбай атындағы ОМ» КММ, «Ю.Гагарин атындағы ОМ» КММ, «К.Нұрбаев атындағы Ақсуат ОМ» КММ, «Ы.Кабеков атындағы ОМ» КММ, «С.Сейфуллин атындағы ОМ» КММ, «Ғ.Мұратбаев атындағы ОМ» КММ, «Қожагелді батыр атындағы ОМ» КММ, «Сасан би атындағы ОМ» КММ, «Тана мырза ОМ» КММ-де 7-сынып оқушылары(271 оқушы) мен 16 география пәні мұғалімі арасында Google Forms платформасы арқылы арнайы сауалнама жүргізілді [10].

Оқушылар сауалнамасының нәтижелері.

Сауалнаманың алғашқы бөлімінде білім алушылардың пәнге қызығушылық деңгейі зерделенді.



Сурет 1. Оқушылардың география пәніне қызығушылық деңгейі.

1-суретте көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқан оқушылардың 44,6%-ы өздерінің қызығушылығын «жақсы», ал 32,8%-ы «өте жақсы» деп бағалаған

[10]. Осылайша, респонденттердің 77,4%-ы география курсына айрықша танымдық қызығушылық танытып отыр. Пәнге «орташа» деңгейде қарайтындар үлесі 19,6%-ды құраса, «төмен» деп жауап бергендер небәрі 3,0%-ды құрады. Бұл география курсының жасөспірімдер арасында мазмұндық әлеуеті мен мотивациялық тартымдылығы өте зор екенін айғақтайды.

Келесі сұрақ сабақ барысында оқушыларға қандай жұмыс түрінің көбірек ұнайтынын анықтауға бағытталды.



Сурет 2. Оқушыларға сабақта көбірек ұнайтын оқу жұмысының түрлері.

2-сурет деректерінен байқалғандай, білім алушылардың жартысынан астамы, яғни 56,5%-ы «топтық жұмыс» түрін қалайды. Бұл көрсеткіш дәстүрлі жеке жұмыспен салыстырғанда (24,4%) екі еседен астам жоғары. Ал жұптық жұмысты оқушылардың 17,7%-ы таңдаған. Оқушылардың шағын бөлігі (1,4%) картамен жұмыс істеу, атлас немесе кескін картаны қолдану, сондай-ақ жұмыстың барлық түрлерін аралас қолдану нұсқаларын атап өткен. Алынған нәтиже оқушылардың пассивті тыңдаушы немесе оқшауланған орындаушы емес, сыныптастарымен пікір алмасып, ынтымақтастықта бірлесе әрекет етуге деген айқын бейімділігін көрсетеді.

Үшінші сауал арқылы география сабағының тартымдылығы мен тиімділігін арттыру бойынша оқушылардың ұсыныстары анықталды.




Сурет 3. Оқушылардың пікірінше сабақтың тиімділігін арттыру жолдары.

3-суретте бейнеленгендей, оқушылардың басым бөлігі (51,3%-ы) сабақтың сапасын арттырудың басты шарты ретінде «қызықты тапсырмалар беруді» атаған. Респонденттердің 27,7%-ы «ойын элементтерін қолдануды» құптаса, 19,9%-ы «топтық жұмысты жүйелі ұйымдастыру» қажеттігін алға тартқан. Респонденттердің 1,1%-ы тестті смартфон арқылы ойын түрінде тапсыру және шет елдердің географиясын тереңірек оқыту бойынша ұсыныстар қалдырған. Жалпы алғанда, оқушылардың 98,9%-ы сабақтың қызықты тапсырмалармен, ойын элементтерімен және командалық форматпен байытылғанын қалайды [10].

Мұғалімдер сауалнамасының нәтижелері.

Ақсуат ауданы бойынша георафия пәні мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнама (16 мұғалім) олардың интерактивті ортаны ұйымдастыру жиілігін, қолданатын әдістері мен сандық сервистерін және тәжірибеде кездесетін нақты қиындықтарын айқындады.




Сурет 4. Мұғалімдердің интерактивті сабақтарды өткізу жиілігі.

4-суреттен көрініп тұрғандай, мұғалімдердің тек төрттен бірі (25,0%) интерактивті сабақтарды «үнемі» өткізетінін көрсеткен. Респонденттердің басым көпшілігі (62,5%-ы, яғни 10 мұғалім) мұндай сабақтарды тек «кейде» ұйымдастырады, ал 12,5%-ы (2 мұғалім) сирек өткізетінін атап өткен. Бұл көрсеткіш мектептерде интерактивті оқыту әлі де тұрақты дидактикалық жүйеге айналмай, көбіне жекелеген тақырыптарда ғана эпизодтық сипатта қалып отырғанын дәлелдейді.



Сурет 5. Мұғалімдердің интерактивті оқыту ортасын қалыптастыру тәсілдері.

5-сурет көрсеткіштері бойынша мұғалімдердің 43,8%-ы (7 мұғалім) интерактивті ортаны қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде «интерактивті презентациялар мен инфографиканы» қолданады [10]. Мұғалімдердің 37,5%-ы (6 педагог) топтық жұмысты ұйымдастыруға, ал 31,3%-ы (5 педагог) интерактивті жаттығулар мен онлайн-викториналарға басымдық береді. Сондай-ақ сабақта мобильді қосымшаларды пайдаланатындар үлесі 18,8%-ды (3 мұғалім) құраса, рөлдік ойындар (6,3%) мен жобалық жұмыстар (6,3%) өте сирек қолданылатыны байқалды.



Сурет 6. Педагогтердің сабақта жиі қолданатын интерактивті құралдары.

6-суретте ұсынылған құралдар рейтингінде геоақпараттық және виртуалды картографиялық платформалар көш бастап тұр. Сұраққа жауап берген 15 мұғалімнің 10-ы (66,7%-ы) Google Earth және Google Maps қызметтерін тұрақты қолданатынын атап өткен. Екінші орында көрнекілік пен дизайнге арналған Genially және Canva платформалары (40,0%, 6 мұғалім) тұр. Ал Kahoot және Wayground сияқты викториналық бағдарламаларды 13,3% мұғалім қолданса, бірлескен виртуалды тақталар (Padlet, Jamboard) мен рөлдік ойындарды әрқайсысы 6,7%-дан (1 мұғалім) пайдаланады.



Сурет 7. Интерактивті сабақтарды күнделікті өткізуге кездесетін негізгі кедергілер.

7-сурет мәліметтері мұғалімдердің күнделікті жұмысына кері әсер ететін факторларды нақты көрсетеді. Сауалнама қатысушыларының 75,0%-ы (12 мұғалім) ең басты тосқауыл ретінде «материалдық-техникалық базаның

әлсіздігін» (компьютерлер мен интерактивті панельдердің тапшылығы, интернеттің баяулығы) атаған. Сонымен бірге, уақыт тапшылығы мен әдістемелік материалдардың аздығы әрқайсысы 12,5%-дан орын алса, педагогтің цифрлық сауаттылығы мен оқушылардың дайындық деңгейінің жетіспеушілігі небәрі 6,3%-ды құраған.

Бұл нәтижелер мұғалімдердің заманауи платформаларды (Google Earth, Genially) меңгеруге деген ниеті мен базалық білігі жоғары екенін, алайда мектептердегі материалдық-техникалық жағдайдың шектеулілігі интерактивті ортаны тұрақты енгізуге кедергі келтіріп отырғанын көрсетеді [10].

Интерактивті ортаны қалыптастырудың практикалық және дидактикалық механизмдері.

Оқушылар мен мұғалімдерден алынған нақты эмпирикалық мәліметтер (1–7 суреттер) мен озық педагогикалық әдістемелерді саралай келе, мектепте география пәні бойынша интерактивті ортаны қалыптастырудың төрт басты дидактикалық механизмін жүзеге асыру ұсынылады [9, 10]:

Бірінші механизм – оқушылардың 56,5%-ы таңдаған топтық жұмыс пен ойын элементтерін (27,7%) сабақ процесіне кешенді кіріктіру (2 және 3-суреттер). Е.С. Полаттың бірлескен оқу қағидатына сәйкес, шағын топтар арасында Kahoot, Wayground платформалары немесе онлайн-викториналар арқылы терминологиялық және номенклатуралық сайыстар өткізу оқушылардың қызығушылығын еселейді [6, 8]. Топ ішінде рөлдерді бөлу (картограф, аналитик, спикер) оқушылардың кеңістіктік мәліметтерді бірлесе талдауына жағдай жасайды [2, 6].

Екінші механизм – Google Earth және Google Maps платформалары арқылы кеңістіктік-зерттеушілік тапсырмаларды ұйымдастыру (6-сурет). Мұғалімдердің 66,7%-ы осы виртуалды жүйелерді жиі қолданатынын ескерсек, бұл оқушылардың «қызықты тапсырмаларға» (51,3%) деген сұранысын толық қанағаттандырады [10]. Мұнда оқушыларға дайын кескінді көрсетумен шектелмей, нақты ғарыштық түсірілімдерді зерттеу, табиғи апат ошақтарының географиялық координаттарын анықтау, тау жыныстары мен өзен арналарының өзгерісін 3D форматында өлшеу сияқты өздік ізденіс жұмыстары беріледі [1, 9].

Үшінші механизм – Genially және Canva платформалары арқылы авторлық интерактивті плакаттар мен инфографикалар құру (5 және 6-суреттер). Педагогтердің 43,8%-ы инфографика мен интерактивті презентацияны, ал 40,0%-ы аталған сервистерді белсенді қолданады [10]. Бұл платформалар кез келген географиялық нысанға қосымша бейнематериал, аудио, сұрақтар мен сілтемелерді қондыруға мүмкіндік береді [8]. Оқушылар «Өз өлкеміздің табиғаты» немесе «Экологиялық мониторинг» тақырыптарында дербес инфографикалар жасап, сыныпта қорғау арқылы Ә.С. Бейсенова ұсынған өлкетанулық зерттеу ұстанымдарын жүзеге асырады [4, 8].

Төртінші механизм – әлсіз материалдық-техникалық база (75,0%) жағдайында офлайн және гибридті шешімдерді пайдалану (7-сурет). Компьютерлер мен интернет тапшылығы жағдайында тек бір смартфонмен

бүкіл сыныптың жауабын қағаз QR-карталар арқылы жедел тіркейтін Plickers технологиясы мен офлайн орнатылған Mapchart, электрондық атластар бағдарламаларын қолдану тиімді [8, 10]. Бұл тәсіл ресурстық шектеулерге қарамастан, әрбір сабақта кері байланыс орнатып, интерактивті дидактикалық ортаның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді [2, 8].

Қорытынды.

Жүргізілген ғылыми-әдістемелік зерттеу мен аудан мектептеріндегі 271 оқушы және 16 география пәні мұғалімінің нақты сауалнама нәтижелері интерактивті оқыту ортасын құрудың заманауи білім сапасын көтерудегі маңызын айқын дәлелдеді. Оқушылардың 77,4%-ы пәнге айрықша қызығушылық танытып отыр, сондай-ақ олардың басым бөлігі сабақта топтық жұмысты (56,5%), қызықты тапсырмаларды (51,3%) және ойын элементтерін (27,7%) қолдануды құптайд. Мұғалімдердің басым бөлігі Google Earth/Google Maps (66,7%) және Genially/Canva (40,0%) ресурстарын қолданғанымен, интерактивті сабақтарды үнемі өткізу деңгейі тек 25,0%-ды құрап отыр. Бұған басты кедергі ретінде педагогтердің 75,0%-ы материалдық-техникалық базаның әлсіздігін көрсетті. Сондықтан мектеп инфрақұрылымын нығайтумен қатар, интернетке тәуелсіз гибридті құралдарды (Plickers, офлайн карталар) кіріктіру және топтық жобалық әдістерді дамыту қажет. Бұл механизмдер география сабағын нәтижелі зерттеу алаңына айналдырып, оқушылардың картографиялық сауаттылығы мен кеңістіктік-шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер

Сейт Ғ.Н. Географиялық зерттеулердің заманауи аспектілері және оқытудың белсенді әдістерін қолдану // Заманауи білім беру технологиялары. – 2020. – №5. – Б. 24–28.

Мамырова К., Кәрібаева Ш. География пәнінің мазмұны мен оқыту әдістерін жаңартудың ғылыми-әдістемелік негіздері және білім стандарты. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы ҚБА, 1998. – 86 б.

Оналбаева Л.Б. География сабағында интерактивті оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары // География және табиғат. – 2018. – №4. – Б. 12–15.

Бейсенова Ә.С. Экологиялық білім және тәрбие берудің теориялық мәселелері. – Алматы: Рауан, 1995. – 168 б.

Бейсенова Ә.С. Қазақстан географиясы: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 320 б.

Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие для студентов педагогических вузов. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 272 с.

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы (Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Естественно-

географические науки»). – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2022. – №2 (72). – 180 б.

Мусаева А.Қ. Географияны оқытуда цифрлық ресурстарды қолданудың әдістемелік тәжірибесі мен тиімділігі // Педагогикалық шеберлік. – 2021. – №3. – Б. 42–46.

Жолдасбаева Р. Интерактивті әдіс-тәсілдер мен 3D модельдеу технологиялары. – Қарағанды: Академия, 2019. – 145 б.

Аудан мектептерінің география пәні мұғалімдері (16 мұғалім, Google Forms сауалнамасы) мен оқушыларының (271 оқушы, Google Forms сауалнамасы) эмпирикалық материалдары мен сауалнама нәтижелері. – 2025.

ҒТАМР 14.25.19

САБАҚТАН КЕЙІНГІ ӨМІР: ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖҮЙЕЛЕУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ӘСЕРІ

І.Б. Болатова

Жатақхана меңгерушісі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Түркістан қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы, Түркістан қ.

Бұл мақалада Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) жүйесіндегі мектеп-интернат жағдайындағы тәрбие жұмысын басқару мен жүйелеудің оқушылардың академиялық үлгеріміне тигізетін әсері қарастырылады. Автор жатақхана меңгерушісінің стратегиялық, ұйымдастырушылық және үйлестірушілік қызметі аясында қалыптасатын сабақтан тыс тәрбие ортасының маңыздылығын негіздейді. Мақалада тәрбиешілер құрамы тікелей жүзеге асыратын «Ұрпақтар сабақтастығы», «100 кітап» жобалары мен үйірме жұмыстарын басқарушылық тұрғыдан жүйелеудің тиімділігі талданған. Түркістан қаласындағы НЗМ жатақханасындағы 221 тәрбиеленушінің (137 ұл, 84 қыз) көрсеткіштері негізінде басқарушылық модельдің нәтижелері ұсынылған.

Түйін сөздер: Назарбаев Зияткерлік мектептері, жатақхана меңгерушісі, тәрбиешілер, басқару және жүйелеу, академиялық жетістік, Ұрпақтар сабақтастығы, 100 кітап, үйірме жұмыстары.

Кіріспе

Қазіргі заманауи білім беру жүйесінде оқушының тек сынып ішіндегі академиялық білімі ғана емес, оның сабақтан тыс уақыттағы әлеуметтік-тәрбиелік ортасы да маңызды рөл атқарады. Әсіресе, дарынды балаларға арналған білім беру мекемелерінде, атап айтқанда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» желісінде жатақхана (интернат) жай ғана тұратын орын емес, ол – құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыратын тұтас бір «тәрбие мектебі» болып табылады.

Жатақхана кеңістігіндегі тәрбие процесі – бұл өзара тығыз байланысқан көпсатылы жүйе. Бұл жүйенің сапалы жұмыс істеуі тікелей орындаушылар (тәрбиешілер құрамы) мен оны стратегиялық тұрғыдан үйлестіруші әрі

басқарушы тұлғаның (жатақхана меңгерушісінің) өзара іс-қимылына байланысты. Тәрбиешілер оқушылармен тікелей жұмыс жасап, жобаларды тәжірибеде жүзеге асырса, жатақхана меңгерушісі бұл процестерді біртұтас педагогикалық жүйеге келтіреді, басқарады, бағыттайды және ұйымдастырады. Осы орайда, жатақхана меңгерушісі тарапынан тәрбие ортасын тиімді жүйелеу оқушылардың мектеп қабырғасындағы академиялық жетістіктеріне қалай әсер ететінін зерделеу жоғары ғылыми және практикалық өзектілікке ие.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы «Түркістан қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының жатақханасы базасында жүргізілді. Зерттеудің нысаны ретінде жатақханада тұратын жалпы саны 221 тәрбиеленуші (137 ұл және 84 қыз) және олармен жұмыс жасайтын тәрбиешілер ұжымы алынды.

Зерттеу барысында келесі педагогикалық және менеджменттік әдістер кешені қолданылды:

– Басқарушылық мониторинг және жүйелеу: Жатақхана меңгерушісі тарапынан бекітілген тәрбие жоспарының («Ұрпақтар сабақтастығы», «100 кітап», шығармашылық және спорттық үйірмелер) тәрбиешілер арқылы орындалу сапасын бақылау және оның оқушылардың күн тәртібіне ықпалын талдау.

– Әлеуметтік сауалнама (анкеталау): Тәрбиешілер мен оқушылар арасында жатақханадағы басқару жүйесінің тиімділігі мен құндылықтарға негізделген жобалардың білім сапасына әсерін анықтау.

– Педагогикалық бақылау: 221 тәрбиеленушінің сабақтан кейінгі өздігінен дайындалу сағаттарының тиімді ұйымдастырылуын бағалау және олардың академиялық үлгерім динамикасын ұзақ мерзімді қадағалау.

Бағалау критерийлері мен дағдылар	**Жүйелі тәрбиелік шараларға дейін**	**Басқару және жүйелеу жұмыстарынан кейін**	**Академиялық жетістікке тигізген әсері мен нәтижесі**
Уақытты тиімді жоспарлау (Тайм-менеджмент)	48%	85%	Үй тапсырмаларын уақытылы және сапалы орындау деңгейі артты. Сабаққа кешігу көрсеткіші нөлге теңелді.
Функционалдық сауаттылық және сыни ойлау («100 кітап» жобасы)	52%	88%	Тілдік және гуманитарлық пәндерден (тілдер, тарих) эссе жазу сапасы мен аналитикалық талдау ұпайлары өсті.
Ішкі уәждеме және мақсаттылық («Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы)	45%	92%	Оқушылардың ғылыми жобалармен айналысу белсенділігі мен пәндік олимпиадаларға дайындық сапасы жоғарылады.

Зейін шоғырландыру және төзімділік (Қолөнер және үйірме жұмыстары)	60%	94%	Академиялық шаршау (выгорание) басылды. Жаратылыстану-математика бағытындағы күрделі есептерді шығаруда табандылық артты.

Зерттеу нәтижелері

Жатақханама меңгерушісі тарапынан тәрбие процестерін жүйелеу, басқару және дұрыс ұйымдастыру тәрбиешілердің жұмыс өнімділігін арттыра отырып, оқушылардың академиялық ортада келесідей оң динамикалық нәтижелерге қол жеткізуіне жағдай жасады:

– «100 кітап» жобасын жүйелеудің нәтижесі.

Тәрбиешілердің күнделікті кітап оқу сағаттарын (Reading time) тікелей қадағалауы мен жатақхана меңгерушісінің бұл процесті әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруы оң нәтиже берді. Жүйелі бақылау 137 ұл мен 84 қыз баланың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлауын арттырды. Сауалнама қорытындысы бойынша, оқушылардың 85%-ы жатақханадағы реттелген кітап оқу жүйесі мектептегі тілдік пәндерден эссе жазу және аналитикалық тапсырмаларды орындау кезінде жоғары ширек ұпайларын алуға көмектесетінін растады.

– «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасын басқару мен бағыттау.

Жатақхана меңгерушісі ретінде зиялы қауым өкілдерімен және мектеп түлектерімен кездесулерді жоғары деңгейде ұйымдастырып, тәрбиешілер арқылы оқушылардың кері байланысын жүйелеу іске асырылды. Бұл зерттеу жобаларымен айналысатын оқушылардың 92%-ында ішкі мотивация мен мақсаттылық деңгейін арттырып, пәндік олимпиадаларға дайындық сапасын жақсартты.

Үйірме және қолөнер жұмыстарын тиімді ұйымдастыру. Тәрбиешілердің шығармашылық үйірмелерді, соның ішінде ұлттық және заманауи қолөнер сабақтарын тікелей жүргізуі мен меңгеруші тарапынан оқушылардың 100% қамтылуын басқаруы маңызды рөл атқарды. Қолөнер үйірмесі оқушылардың зейін шоғырландыру (концентрация), кеңістіктік ойлау және ұсақ моторика дағдыларын дамытты. Бұл оқушылардың академиялық шаршауын (выгорание) басып, эмоционалдық тұрғыдан жеңілдеуіне жағдай жасады. Жүйелі ұйымдастырылған үйірме жұмыстары оқушылардың жаратылыстану-математика бағытындағы күрделі есептерді шығаруда жоғары төзімділік пен табандылық танытуына ықпал етті.

Талқылау

Алынған нәтижелер жатақхана меңгерушісі тарапынан тәрбие процесін басқару мен жүйелеудің оқушының академиялық жетістігін арттыратын негізгі фактор екенін дәлелдейді.

1. Басқарушылық және орындаушылық синергия: Тәрбиешілер оқушылармен тікелей қарым-қатынаста болып, жобаларды іс жүзіне асырады. Ал жатақхана меңгерушісі осы жұмыстардың бірыңғай НЗМ құндылықтарына сай келуін қадағалап, процесті жүйелейді. Бұл синергия 221 тәрбиеленушінің әлеуметтік және когнитивтік дамуына қолайлы орта тудырады.

2. Саналы тайм-менеджментті ұйымдастыру: Жатақхана меңгерушісінің қатаң әрі тиімді етіп құрған күн тәртібі (ұйықтау, тамақтану, өздігінен дайындалу уақыты) тәрбиешілер тарапынан мүлтіксіз орындалады. Бұл оқушылардың бойында ішкі тәртіпті қалыптастырып, олардың НЗМ-нің күрделі оқу бағдарламасын игеруде үлкен академиялық басымдыққа ие болуын қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, сабақтан кейінгі жатақхана өмірі – бұл мектептегі оқу процесінің логикалық, жүйелі әрі тиімді жалғасы болып табылады. Жатақхана меңгерушісінің басқаруымен, ұйымдастыруымен және тәрбиешілер ұжымының тікелей атсалысуымен жүзеге асырылатын «Ұрпақтар сабақтастығы», «100 кітап» жобалары мен жүйелі үйірме жұмыстары оқушының тұлғалық, ұлттық және зияткерлік капиталын қалыптастырады.

Зерттеу көрсеткендей, жатақхана меңгерушісі тарапынан құрылған жүйелі тәрбие мен менеджмент моделі 221 тәрбиеленушінің мектепте жоғары академиялық көрсеткіштерге қол жеткізуіне, сыни ойлауының дамуына және болашақта халықаралық емтихандарды (IELTS, SAT) сәтті тапсырып, Қазақстанның және әлемнің алдыңғы қатарлы ЖОО-ларында білім алуына тікелей және берік негіз қалайды.

Қолданылған әдебиеттер

1 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2020. – 34 б.

2 Сухомлинский В.А. Balaġa jürek jyluy. – Алматы: Мектеп, 1984. – 214 б.

3 Есенғараев Е. Оқушыларды әлеуметтендірудегі мектеп-интернаттардың рөлі // Білім берудегі менеджмент. – 2018. – №3. – Б. 45-50.

ҒТАМР 14.25.09

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЛКЕТАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

А.А. Өмірғали
Магистрант, Шәкірім Университеті, Семей қ.
Ж.Т. Мукаев
Ғылыми жетекші, профессор, PhD, Шәкірім Университеті, Семей қ.

Бұл мақалада қазіргі мектеп географиясындағы өлкетанудың алатын орны мен маңызы, оның теориялық және әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылады. Жаһандану үдерістері күшейген қазіргі кезеңде жас ұрпақтың туған жерін, оның табиғатын, тарихын, халқын және шаруашылығын білуі ерекше маңызға ие болып отыр. Осы орайда өлкетану тек қосымша білім көзі ғана емес, оқушының кеңістіктік және сыни ойлауын қалыптастыратын маңызды құрал ретінде танылады. Мақалада өлкетану материалдарын оқу процесіне кіріктірудің қазіргі жай-күйіне талдау жасалып, мектеп тәжірибесінде кездесетін мәселелер айқындалады. Сонымен қатар, мақалада отандық және шетелдік зерттеу нәтижелері негізінде өлкетануды дамытудың тиімді жолдары ұсынылады. Индонезия, Грекия сияқты елдердің тәжірибесі мен Қазақстандық мектептердегі нақты мысалдар талдана отырып, ГАЖ технологияларын, цифрлық карталарды, 3D-модельдерді және интерактивті қосымшаларды оқу процесіне енгізудің тиімділігі талданды.

Түйін сөздер: географиялық білім, өлкетану, жаңартылған білім, ГАЖ-технологиялар, туристік-өлкетану қызметі, кеңістіктік ойлау.

Жаһандану үдерістері күшейген қазіргі уақытта туған жерін, оның табиғаты мен тарихын, экономикасын біліп тануда өлкетану бағыты ерекше орын алады. Өлкетану – белгілі бір аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін кешенді түрде зерттеу. С.О. Шмидттің (2004) пікірінше, өлкетану тарихи, әдеби, географиялық салаларға бөлініп, оқу пәні ретінде оқытылады [1]. Ал географиялық өлкетану – өлкенің табиғатын, халқын және шаруашылығын олардың өзара тығыз байланысында кешенді түрде зерттеу болып табылады [2]. А.С. Обуховтың тұжырымдамасына сәйкес, бұл бағытқа кешенді тәсіл тән болғандықтан, географтар өлкені зерттеуде жетекші рөл атқарады [3]. Осы мақаланың басты мақсаты мектептегі географиялық білім берудегі өлкетанудың қазіргі жағдайын теориялық және

практикалық тұрғыдан талдау және оны оқытудың ГАЖ технологияларына негізделген инновациялық әдістерін ұсыну болып табылады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМББС) талаптарына сәйкес, пән мұғалімдері жалпы заңдылықтарды оқыту барысында оқу процесіне міндетті түрде «жергілікті компонентті» енгізуі тиіс [5]. Бұл кіріктірілген тәсіл оқушыларға теориялық білімді нақты өңірлік мысалдармен (мәселен, жалпы климат пен гидросфера тарауларын өткенде өз аймағының табиғи ерекшеліктерін зерттеу арқылы) ұштастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, өлкетану мектеп бағдарламасынан шеттетілмей, керісінше, күнделікті оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде пәнаралық және қолданбалы сипатқа ие болып отыр.

«География» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес, пән мұғалімдерінен әр тақырыпты өткен кезде міндетті түрде «жергілікті компонентті» қосу талап етіледі. Бұл тәсіл оқушыларға теориялық білімді нақты өңірлік мысалдармен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Төмендегі 1 – кестеде көрсетілгендей, 7–9 сыныптарда география курсында өлкетану тақырыптары негізгі оқу бөлімдеріне кіріктіріліп оқытылады. Мысалы, 7-сыныпта литосфера мен жер бедерін өткенде оқушылар өз аймағының жер бедері формаларымен танысса, 8-сыныпта климат пен гидросфера тарауларында жергілікті климаттық белдеу мен ішкі суларды зерттейді. Ал 9-сыныпта экономикалық және әлеуметтік география бөлімінде туған өлкенің демографиясы мен жетекші өнеркәсіп орындары қарастырылады. Осылайша, 7-сыныпта топографиялық картамен жұмыс және тау жыныстары коллекциясын жинау, 8-сыныпта фенологиялық бақылаулар мен су сапасын талдау, ал 9-сыныпта статистикалық мәліметтермен жұмыс және экскурсия жасау сияқты бағдарламалар өтеді.

Кесте 1. 7–9 сыныптардағы география курсында өлкетану тақырыптарының кіріктірілуі.

Сынып	**Негізгі оқу бөлімі**	**Өлкетану компонентінің мазмұны**	**Қолданылуы / Оқыту әдістері**
7 сынып	Литосфера және Жер бедері	Өз аймағының жер бедерінің формалары, пайдалы қазбалары	Топографиялық картамен жұмыс, тау жыныстары коллекциясын жинау
8 сынып	Климат және гидросфера	Жергілікті жердің климаттық белдеуі, аймақтың ішкі сулары	Фенологиялық бақылаулар, су сапасын талдау
9 сынып	Экономикалық және әлеуметтік география	Туған өлкенің демографиясы, жетекші өнеркәсіп орындары	Статистикалық мәліметтермен жұмыс, экскурсия жасау

Өлкетануды теориялық тұрғыдан оқытылғанымен, мектеп тәжірибесінде бірқатар мәселелер бар. Біріншіден, оқу-әдістемелік кешендердің тапшылығы байқалады, себебі республикалық оқулықтар өңірдің барлық ерекшеліктерін толық қамти алмайды, бұл мұғалімдерден материалды үнемі өз бетінше іздеуді

талап етеді. Екіншіден, қауіпсіздік ережелері мен қаржыландыруға байланысты оқушыларды табиғатқа немесе өндіріске апару қиын болғандықтан, далалық тәжірибелерге шыға алмайды. Өлкетануды тек сынып қабырғасында оқыту оның маңызы мен мәнін жояды. Үшіншіден, заманауи технологияларды жеткіліксіз пайдалану кедергі келтіруде. Өлкетануды оқыту көбінесе дәстүрлі жаттауға негізделіп, мектептерде цифрлық карталар мен 3D модельдер сияқты визуалды құралдар кең көлемде пайдаланылмайды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін ғалымдар геоақпараттық жүйелерге (ГАЖ) негізделген жаңа шешімдерді ұсынуда. Халықаралық тәжірибелерге сүйенсек, Индонезияның Паданг қаласында зерттеушілер тарихи оқиғаларды құрғақ жаттау мәселесін шешу үшін «Зерттеу және дамыту» әдіснамасын қолданды [6]. Олар ArcGIS және Google Earth Pro бағдарламаларының көмегімен жергілікті тарихи ескерткіштердің координаттарын қамтитын интерактивті цифрлық карталар жасап шығарды. Бұл тәжірибенің арқасында оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуда жоғары тиімділік көрсетті. Ал Грекияның Агиа Параскеви ауылындағы бастауыш сынып оқушылары далалық жағдайда GPS құрылғысы мен компастың көмегімен тарихи нысандарды зерттеген болатын [7]. Оқушылар жинаған тарихи деректері мен фотосуреттерін ArcGIS бағдарламасы арқылы ғаламторға жүктеп, ауылдың ішіндегі сандық картаны жасап шығарды. Яғни бұл тәжірибелердің арқасында оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарға деген, қызығушылығымен белсенділігі артқанын байқауымызға болады.

Қазақстандық тәжірибеде оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін АКТ мен ГАЖ технологияларын сабаққа енгізудің тиімділігі нақты эксперименттер мен теориялық тұжырымдар арқылы дәлелденуде. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің зерттеушілері Е.Семинар мен А.Әмешов атап өткендей, қазіргі таңда ГАЖ технологиялары қоғамды цифрландыруда, геожүйелерді оңтайландыруда және адамдардың күнделікті өмірінде (Google Maps, 2ГИС, Яндекс карта сияқты қосымшалар арқылы) аса маңызды рөл атқарады [8]. Осы қолданбалы бағытты мектеп тәжірибесіне тікелей енгізу мақсатында Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің Б.Қамбарұлы орта мектеп оқушысымен бірлесіп, «Яндекс Карта конструкторы» негізінде практикалық зерттеу жүргізді [9]. Жоба барысында оқушы өз үйінен мектепке дейінгі қауіпсіз маршрутты жаяу жүріп өтіп, смартфон арқылы координаталарды жинақтады, сондай-ақ қауіпсіз жаяу жүргіншілер өткелдері мен көлік көп жүретін қауіпті қиылыстарды түрлі түсті маркерлермен белгілеп, кеңістіктік талдау жасады. Бұл тәжірибе картаны 2D немесе 3D пішіміндегі жай ғана визуалды ақпарат көзі ретінде емес, күнделікті өмірдегі қауіпсіздік мәселелерін шешуге және жол ұзындығын есептеуге арналған қолданбалы талдау құралы ретінде пайдаланудың маңызын ашып көрсетті.

Өлкетануды дамытудың инновациялық жолдары. Дәстүрлі оқытудан цифрлық оқытуға көшудің айырмашылығы төмендегі 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Дәстүрлі және инновациялық өлкетанудың салыстырмалы сипаттамасы.

Көрсеткіштер	Дәстүрлі өлкетану	Цифрлық өлкетану
Ақпарат көздері	Оқулықтар, энциклопедиялар, мұражайлар	Ғаламтор, спутниктік түсірімдер, ашық базалар
Көрнекілік құралдары	Қағаз карталар, плакаттар	Интерактивті карталар, 3D-модельдер, ГАЖ
Оқушының рөлі	Пассивті тыңдаушы, ақпаратты жаттаушы	Белсенді зерттеуші, мәліметтер базасын жасаушы
Нәтиже	Аймақ туралы теориялық білім	Кеңістіктік және сыни ойлаудың, АКТ-дағдының дамуы

Осы талдауларға сүйене отырып, мектептегі өлкетануды жандандыру үшін кешенді шешу жолдары ұсынылады. Ең алдымен, әр облыстың білім басқармалары жергілікті университеттермен бірлесіп, өңірдің геодеректерге негізделген интерактивті географиялық хрестоматияларын әзірлеп, өңірлік оқу-әдістемелік базаны цифрландыруы қажет. Сонымен қатар, өлкетануды құрғақ жаттаудан шығарып, оқушыларды далалық зерттеулерге көптеп қатыстыру керек. Бұл жұмыстар нақты жергілікті экологиялық немесе инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге бағытталуы тиіс. Ақырында, мектептегі информатика және география пәндерінің байланысын күшейтіп, оқушыларды QGIS, ArcGIS сияқты бағдарламаларда базалық деңгейде жұмыс істеуге үйрету маңызды.

Географиялық білім берудегі өлкетану аймақ туралы фактілер жиынтығы ғана емес, ол оқушылардың географиялық құзыреттілігін дамытудың қуатты құралы болып табылады. Қазіргі жағдайда өлкетануды оқыту процесі ГАЖ технологияларын енгізу арқылы толық трансформацияны қажет етеді. Өлкетану қазіргі мектеп географиясының өзегіне айналғанда ғана, оқушы туған жерінің қадір-қасиетін түсініп, болашақта жаһандық проблемаларға экологиялық және экономикалық тұрғыдан сауатты баға бере алатын тұлға болып қалыптасады.

Қорытынды.

Қорытындылай келе, қазіргі географиялық білім беру жүйесінде өлкетанудың алатын орны ерекше екенін атап өтуіміз керек. Ол оқушылардың туған өлкесінің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін кешенді түрде танып-білуіне, одан бөлек жаһандық және сыни ойлау дағдыларының қалыптасуына көмегін тигізеді. Жүргізілген талдаулар өлкетанудың мектеп бағдарламасында дербес пән ретінде емес, базалық пәндер құрамында кіріктіріліп оқытылатынын көрсетеді. Бұл тәсіл арқылы теориялық білімді өңірлік мысалдармен ұштастыруға мүмкіндік бергенімен, оқу-әдістемелік кешендердің тапшылығы, далалық тәжірибелердің аздығы және заманауи технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы сияқты мәселелердің орын алып отырғанын байқауымызға болады.

Осы мәселелерді шешу жолында геоақпараттық жүйелерге негізделген инновациялық әдістерді енгізудің маңызы зор деп атап өткеніміз жөн. Халықаралық және отандық тәжірибелер ГАЖ–технологияларды өлкетануға

кіріктіру оқушылардың зерттеушілік белсенділігін арттырып қана қоймай, сондай–ақ оларды пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдыратынын айқындатады. Цифрлық карталар, 3D-модельдер, спутниктік түсірімдер мен интерактивті қосымшалар оқу процесін визуалды әрі қолданбалы етуге септігін тигізеді.

Толығымен алғанда, өлкетануды дамыту үшін өңірлік оқу–әдістемелік базаны цифрландыру, оқушыларды далалық зерттеулерге көбірек тарту, информатика мен география пәндерінің байланысын күшейтіп, QGIS, ArcGIS сияқты бағдарламаларды оқытумыз қажет. Осы шаралар болашақта жүзеге асқанда, әрбір өңірлік өлкетанудын мектеп географиясының өзегіне айналып, оқушы туған жерінің қадір-қасиетін терең түсінетін, болашақта жаһандық проблемаларға экологиялық және экономикалық тұрғыдан сауатты баға бере алатын болашақ кадрларды, зерттеушілерді қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Шмидт С.О. (2004). Краеведение.

2 Мешечко П.И. (1986). Географиялық өлкетану.

3 Обухов А.С. (2025). Білім берудегі заманауи географиялық өлкетануды дамыту тұжырымдамасы. Исследователь/Researcher, 1–2/2025.

4 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

5 Junaidi, J. K., Zulfa, Hayati, R. D. R., Nurfadhlila, & Saputra, R. (2026). The Development of Local History Learning Media Enhanced with Geographic Information Systems. International Journal of Learning, Teaching and Educational Research, 25(3), 519-536.

6 Lambrinos, N., & Asiklari, F. (2014). The introduction of GIS and GPS through local history teaching in primary school. European Journal of Geography, 5(1), 32-47.

7 Семинар Е., Әмешов А.А. Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) – ғылымының географиядағы бүгіні мен келешегі, ондағы мәселелер мен шешу жолдары. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.

8 Қамбарұлы Б. Цифрлық карталар мен геоақпараттық жүйелерді мектепте қолдану. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті.

ҒТАМР 14.25.05

МЕКТЕП ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК: KIVA БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨМЕНДЕТУ ЖОЛДАРЫ

А.Қ. Жолдасбекова

KiVa буллингке қарсы бағдарламасының координаторы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Тараз қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы, Қазақстан, Тараз қ.

Бұл мақалада Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) жүйесінде финдік KiVa буллингке қарсы бағдарламасын енгізудің тиімділігі мен нәтижелері қарастырылады. Автор бағдарлама координаторы ретінде бағдарлама енгізілгенге дейінгі (2023 жыл) бастапқы кезең мен 2024–2026 оқу жылдары аралығында жүргізілген жүйелі педагогикалық жұмыстарды талдайды. Зерттеу шеңберінде 7-8 сынып оқушылары арасында буллингтің түрлері бойынша алдын алу шараларын кураторлық сағаттар мен күнделікті тәрбие үдерісіне кіріктіру, сондай-ақ оқу жылының басында ата-аналарға ағарту жұмыстарын жүргізудің маңызы негізделген. Тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде оқушылар арасындағы буллинг деңгейінің төмендегені және жасөспірімдердің бұл құбылыс туралы нақты түсініктерінің қалыптасқаны дәлелденген.

Түйін сөздер: Назарбаев Зияткерлік мектептері, KiVa бағдарламасы, буллингтің алдын алу, кибербуллинг, кураторлық қызмет, ата-аналарға ағарту жұмыстары, қауіпсіз мектеп ортасы.

Қазіргі заманауи білім беру кеңістігеінде оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектепшілік құдалаудың (буллингтің) кез келген көріністерін болдырмау ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, мектептегі жайсыз психологиялық ахуал оқушылардың мазасыздығын арттырып, олардың когнитивтік қабілеттері мен академиялық үлгеріміне кері әсерін тигізеді. Осы орайда, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ желісінде халықаралық деңгейде тиімділігі дәлелденген KiVa буллингке қарсы бағдарламасының негізгі қағидаттарын енгізу қолға алынды [1].

Тараз қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде бұл бағдарлама арнайы бекітілген координатордың жүйелеуімен және басқаруымен іске асырылуда. Әсіресе, мектеп ортасына бейімделу және тұлғалық қалыптасу кезеңінде тұрған 7-8 сынып оқушылары арасында буллингке қарсы иммунитет қалыптастыру ерекше маңызға ие. Осы зерттеу жұмысының өзектілігі – 2024–2026 оқу жылдарында KiVa бағдарламасы аясында мектеп әкімшілігі, кураторлар және ата-ана арасындағы үшжақты синергияны құру арқылы буллинг көрсеткішін төмендетудің педагогикалық моделін авторлық тұрғыдан талдау болып табылады [1].

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу жұмысы 2024–2026 оқу жылдары аралығында Тараз қаласындағы НЗМ базасында жүргізілді. Бастапқы диагностикалық көрсеткіштерді салыстыру мақсатында бағдарлама енгізілгенге дейінгі, яғни 2023 жылғы мониторингтік мәліметтер негізге алынды. Зерттеуге мектептің 7-8 сынып оқушылары, осы сыныптарға бекітілген кураторлар құрамы және ата-аналар қауымдастығы қатысты. Бағдарламаның орындалуын KiVa координаторы тікелей басқарды және әдістемелік тұрғыдан бағыттап отырды.

Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер мен құралдар кешені қолданылды:

Тәрбие үдерісіне кіріктіру (интеграция): Бағдарлама аясында жеке арнайы пән немесе сабақ өткізілмегендіктен, KiVa құндылықтары мен ережелері кураторлық сағаттардың мазмұнына және оқушылармен күнделікті жүргізілетін тәрбие жұмыстарына жүйелі түрде кіріктірілді [3].

Әлеуметтік-ағартушылық жұмыс: Жаңа оқу жылының басында ата-аналар жиналыстарында KiVa бағдарламасының мақсаттары, буллингтің белгілерін анықтау және отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту бойынша арнайы ата-аналарға ағарту жұмыстарын жүргізу және тренингтер ұйымдастыру.

Мониторинг және диагностика: Оқушылар арасындағы буллинг деңгейін анықтауға арналған жыл сайынғы KiVa анонимдік сауалнамалары және 7-8 сынып оқушыларының буллинг туралы түсініктерін тексеруге бағытталған педагогикалық сұхбаттар.

Зерттеу нәтижелері.

Бағдарлама енгізілгенге дейінгі (2023 ж.) және 2024–2026 оқу жылдары аралығында мектепте жүзеге асырылған KiVa бағдарламасының компоненттері оң динамикалық нәтижелер көрсетті:

Оқушылардың танымдық деңгейінің артуы: Педагогикалық бақылау мен сұхбаттар қорытындысы көрсеткендей, 7-8 сынып оқушыларының буллинг, оның түрлері (вербалды, кибербуллинг, физикалық) және салдары туралы нақты, терең түсініктері қалыптасты. Оқушылар «құрбан», «агрессор» және «бақылаушы» рөлдерін нақты ажыратуды үйренді [2].

Кіріктірілген тәрбие жұмысының тиімділігі: Сыныптарға бекітілген әрбір куратордың арнайы оқу сабақтарынан тыс, күнделікті кураторлық қызметте және Шаңырақ сағаттарында KiVa қағидаттарын қолдануы оқушылардың эмпатиясын арттырып, ұжымдағы сыйластықты күшейтті [2].

Ата-аналарға ағарту жұмыстарын жүргізу нәтижесі: Жаңа оқу жылының басында жүргізілген жүйелі шаралардың арқасында, отбасында баланың эмоционалдық жағдайына назар аудару деңгейі өсті. Ата-аналар координатормен тығыз байланыс орнатып, алдын алу шараларының тиімділігін арттырды.

Бағдарлама енгізілгенге дейінгі (2023 ж.) кезең мен екі жылдық қорытынды бойынша оқушылар арасындағы буллингтің нақты түрлері және жалпы көрсеткіштер динамикасы 1-кестеде нақтыланған.

Кесте 1. Бағдарлама енгізілгенге дейінгі (2023 ж.) және енгізілгеннен кейінгі (2024-2026 жж.) KiVa бағдарламасының динамикалық көрсеткіштері (7-8 сыныптар).

Зерттелетін критерийлер мен бағыттар	2023 жыл (Бағдарламаға дейін)	2024-2026 оқу жылдары (Енгізілгеннен кейін)	Педагогикалық ықпалы мен нәтижесі
Кибербуллинг (Әлеуметтік желідегі қудалау)	25%	7%	Әлеуметтік желілердегі агрессия деңгейі төмендеп, желілік мәдениет қалыптасты.
Вербалды буллинг (Сөзбен тиісу, мазақтау)	21%	5%	Оқушылар арасындағы лақап ат қою, келемеждеу оқиғалары азайып, өзара сыйластық артты.
Физикалық буллинг (Күш көрсету)	5%	0%	Мектеп және жатақханадағы физикалық агрессия оқиғалары толығымен жойылды.
Оқушылардың буллинг туралы нақты түсінігі	45%	95%	Жасөспірімдер буллингтің кез келген түрін ерте анықтап, оған қарсы тұру ережелерін толық меңгерді.
Тәрбие жұмыстарына кіріктіру деңгейі	Жүйесіз	Жүйелі (100%)	7-8 сыныптардың кураторлық сағаттары мен тәрбие жоспарына бағдарлама толық енгізілді.
Ата-аналарға ағарту жұмыстарының деңгейі	30%	90%	Жаңа оқу жылының басындағы ағарту шаралары ата-аналардың мектеппен сенімді серіктестігін арттырды.

Талқылау.

KiVa бағдарламасының ерекшелігі – ол тек буллинг құрбанымен немесе агрессормен ғана жұмыс істемейді, ол бүкіл мектеп ұжымының, сыныптағы «бақылаушылардың» мәдениетін өзгертуге бағытталған.

Координатордың басқарушылық рөлі: Бағдарлама координаторының жобаны мектеп өмірінде әрі кураторлар арасында жүйелеп, бағыттап,

әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етіп отыруы тәрбие жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне негіз болды.

Жүйелілік пен үздіксіздік: Кураторлық сағаттар мен тәрбие үдерісіне біріктірілген шаралар оқушылардың зейінінде «буллингке жол жоқ» деген ұстанымды тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік береді. Ал оқу жылының басында ата-аналарға ағарту жұмыстарын жүргізу – мектепте басталған тәрбиенің отбасында логикалық түрде жалғасуын қамтамасыз етеді [3].

Қорытынды.

2024–2026 оқу жылдарында Тараз қаласындағы НЗМ-де жүзеге асырылған KiVa бағдарламасының нәтижелері мектеп ортасында қауіпсіз, мейірімді әрі сыйластыққа негізделген кеңістік қалыптастырудың тиімді құралы екенін көрсетті. Бағдарлама координаторының ұйымдастыруымен және кураторлар ұжымының қолдауымен өткен жүйелі шаралар 7-8 сынып оқушылары арасында буллингтің, әсіресе кибербуллинг пен вербалды қудалаудың айтарлықтай азаюына алып келді.

Кураторлық сағаттардың мазмұнына KiVa қағидаттарын енгізу және ата-аналарға ағарту жұмыстарын үздіксіз жүргізу оқушылардың бойында жоғары эмоционалдық интеллект, эмпатия және ұжымдық ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырды. Бұл тәрбиелік капитал тәрбиеленушілердің ішкі психологиялық тұрақтылығын нығайтып, олардың кез келген әлеуметтік ортада өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнатуына, ішкі тепе-теңдігін сақтауына, күйзеліске қарсы берік иммунитет қалыптастыруына және бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамуына тікелей ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер

Оқушылардың тұтас даму тұжырымдамасы («Адал азамат» қағидаларына негізделген тәрбие бағытының жаңартылған нұсқасы), 2024, сәуір.

Салмивалли К. Буллингке қарсы KiVa бағдарламасы: әдістемелік нұсқаулық. – Турку университеті, 2018. – 120 б.

Глазман О. Л. Психологические особенности дифференциации субъектов буллинга в школьном возрасте // Вопросы психологии. – 2009. – № 4. – С. 52-65.

ҒТАМР 14.43.43

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘРБИЕСІН ДАМЫТУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

А.Б. Мусанова
Магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.
Б.А. Аринова
Ассистент-профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Мақалада жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесін дамытудағы әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесіне ықпал ететін заманауи технологияларды жүйелеу және олардың педагогикалық әлеуетін анықтау. Теориялық талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері негізінде әлеуметтік-эмоциялық оқыту, әлеуметтік жобалау, тренинг, медиация, тәлімгерлік, профилактика және цифрлық азаматтық технологиялары сараланды. Оларды жүйелі қолдану жасөспірімдердің әлеуметтік құзыреттілігін, жауапкершілігін және әлеуметтік белсенділігін дамытуға ықпал ететіні негізделді.

Түйін сөздер: әлеуметтік тәрбие, жасөспірім, әлеуметтік педагог, әлеуметтік-педагогикалық технология, әлеуметтену, әлеуметтік құзыреттілік, әлеуметтік белсенділік.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени және технологиялық өзгерістер жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнына жаңа талаптар қояды. Ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, әлеуметтік желілердің ықпалы, онлайн және офлайн қарым-қатынастың қатар дамуы жасөспірімнің әлеуметтік тәжірибені игеру үдерісін күрделендіруде. Осыған байланысты білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы оқушыны әлеуметтік нормалармен таныстырумен ғана шектелмей, оның жауапкершілігін, әлеуметтік белсенділігін, ынтымақтастық пен саналы шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім алушылардың тұлғалық дамуы, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылған [1]. Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие

бағдарламасында отаншылдық, бірлік, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық және жасампаздық тәрізді құндылықтарды қалыптастыру көзделген [2].

Әлеуметтік тәрбие – тұлғаның қоғамдағы құндылықтарды, нормалар мен әлеуметтік тәжірибені саналы игеруіне, басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынас орнатуына және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауына бағытталған педагогикалық үдеріс. Б.А. Аринова тұлғаның адамгершілік қалыптасуында ізгілік, жауапкершілік пен адамға құрмет көрсету құндылықтарының маңызын атап көрсетеді [3].

Жасөспірімдік кезеңде құрдастармен қарым-қатынас маңызы артып, дербестікке ұмтылыс пен өзіндік пікір қалыптасады. Сондықтан тәрбие жұмысы тек түсіндіру мен насихаттауға емес, жасөспірімді нақты әлеуметтік әрекетке қатыстыруға негізделуі қажет. Бұл міндетті жүзеге асыруда әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың мүмкіндігі жоғары.

Зерттеудің мақсаты – жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесін дамытуға бағытталған заманауи әлеуметтік-педагогикалық технологияларды жүйелеу және олардың педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу теориялық-талдамалық сипатта жүргізілді. Әлеуметтік тәрбие, әлеуметтену, әлеуметтік-эмоциялық оқыту, әлеуметтік жобалау, медиация, профилактика және цифрлық азаматтық мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер қарастырылды.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді теориялық және салыстырмалы талдау, контент-талдау, жүйелеу, жіктеу және педагогикалық тәжірибені жалпылау әдістері қолданылды. Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың құрылымын анықтауда диагностика, профилактика, бейімдеу, түзету және қолдау бағыттары ескерілді [4; 5].

Нәтижелер және талқылау.

Әлеуметтік-педагогикалық технология белгілі бір тәрбиелік мақсатқа жетуге бағытталған өзара байланысты әдістер, құралдар мен әрекеттер жүйесі болып табылады. Оның жеке әдістен айырмашылығы – диагностикадан бастап нәтижені бағалауға дейінгі тұтас кезеңдерді қамтуында. Сондықтан мұндай технологияларға мақсаттылық, жүйелілік, кезеңділік, жас ерекшелігін есепке алу және нәтижені бақылау тән.

Жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесін дамытуда әлеуметтік-эмоциялық оқыту технологиялары маңызды орын алады. Олар өзіндік эмоцияны түсіну, оны реттеу, эмпатия, жауапты шешім қабылдау және конструктивті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. R.D. Taylor және әріптестерінің метаталдауы әлеуметтік-эмоциялық бағдарламалардың жасөспірімдердің әлеуметтік дағдылары мен мінез-құлқына ұзақ мерзімді жағымды ықпалын көрсеткен [6]. R.P. Corcoran және әріптестері мұндай бағдарламалардың оқу нәтижелерімен де байланысты екенін анықтайды [7]. С.

Cipriano және әріптестерінің 53 елдегі 424 зерттеуді қамтыған метаталдауы әлеуметтік-эмоциялық оқытудың қарым-қатынас, мінез-құлық және оқу қызметіне оң әсер ететінін көрсетеді [14].

Әлеуметтік педагог бұл бағытты тренинг, рөлдік ойын, жағдаяттарды талдау, шағын топтық жұмыс және рефлексия арқылы жүзеге асыра алады. Мұндай жұмыстар жасөспірімнің өзін және өзгелерді түсінуіне, жауапты әрекет жасауына жағдай туғызады.

Әлеуметтік жобалау да әлеуметтік тәрбиенің тиімді технологияларының бірі. Оның ерекшелігі – жасөспірімді нақты әлеуметтік мәселені анықтауға, оны шешудің жолдарын жоспарлауға және қоғамдық пайдалы әрекетке қатыстыру. Экологиялық акциялар, еріктілік, кіші сынып оқушыларына қолдау көрсету немесе буллингтің алдын алуға арналған жобалар жасөспірімдердің бастамашылдығы мен жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл бағыт халықаралық тәжірибеде *service-learning*, яғни қоғамдық пайдалы әрекетті оқумен және рефлексиямен ұштастыру ретінде қарастырылады. T. Filges және әріптестері мұндай бағдарламалардың тиімділігі олардың мазмұнына, ұзақтығына, жастардың белсенді қатысуына және рефлексияның ұйымдастырылуына тәуелді екенін көрсетеді [12]. Сондықтан әлеуметтік жоба бір реттік іс-шарамен шектелмей, оқушының әлеуметтік тәжірибесін ұғынуына бағытталуы тиіс.

Тренингтік технологиялар жасөспірімдердің коммуникация, ынтымақтастық, өз пікірін білдіру және жанжалды конструктивті шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Тренинг барысында жасөспірім дайын жауапты қабылдаушы емес, әлеуметтік жағдаяттарды белсенді талдайтын субъект ретінде әрекет етеді. Сондықтан мұндай жұмыс бір реттік сабақ емес, бірізді бағдарлама түрінде ұйымдастырылғаны тиімді.

Мектептегі әлеуметтік тәрбиеде медиация және қалпына келтіруші тәжірибелердің де әлеуеті жоғары. Бұл технологиялар жанжалды жазалау арқылы емес, диалог, жауапкершілік және келтірілген зиянды қалпына келтіру арқылы шешуге бағытталады. C. Weber мен L. Vereenooghe зерттеулерінде қалпына келтіруші тәсілдердің мектептегі қарым-қатынасты жақсартуға және тәртіптік мәселелерді азайтуға ықпал етуі мүмкін екені көрсетілген [10]. E. Lodi және әріптестері мектептерде қалпына келтіруші шеңберлер, құрдастар медиациясы және қалпына келтіруші әңгімелесу тәсілдерінің қолданылатынын анықтаған [13].

Әлеуметтік педагог қызметінде тәлімгерлік пен жеке қолдау технологиялары да маңызды. Олардың мақсаты – жасөспірімнің мәселесін оның орнына шешу емес, өз мүмкіндіктерін тануына, мақсат қоюына және шешіміне жауапкершілік алуына көмектесу. Мұндай жұмыста диагностика, жеке мақсаттарды анықтау, іс-қимыл жоспарын құру, ата-анамен және педагогтермен өзара әрекеттесу, нәтижені бақылау кезеңдері қамтылады.

Әлеуметтік-педагогикалық профилактика буллинг, кибербуллинг, құқық бұзушылық, агрессивті мінез-құлық және әлеуметтік оқшаулану сияқты қауіптердің алдын алуға бағытталады. Н.Г. Еняшина профилактикалық

жұмыста алдымен қауіп факторларын анықтап, кейін мақсатты топ пен ықпал ету тәсілдерін белгілеу қажеттігін көрсетеді [5]. Сондықтан профилактика тек мәселе туындағаннан кейін әрекет етумен шектелмей, жасөспірімнің қорғаныш ресурстарын ерте дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазіргі жағдайда цифрлық азаматтықты қалыптастыру да әлеуметтік тәрбиенің маңызды бағытына айналды. Ол интернеттегі жауапты қарым-қатынас, жеке деректерді қорғау, ақпаратты сыни бағалау, кибербуллингтен сақтану және цифрлық этиканы қамтиды. C. Lu мен M.M. Gu жасөспірімдердің цифрлық азаматтығына арналған зерттеулерді талдай отырып, цифрлық дағдылар мен арнайы білім беру бағдарламаларының олардың онлайн мінез-құлқымен байланысты екенін көрсетеді [16].

Осы технологияларды өзара байланысты түрде қолдану жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесін кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Кесте 1. Жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесін дамытудағы әлеуметтік-педагогикалық технологиялар.

Әлеуметтік-педагогикалық технология	**Негізгі мазмұны**	**Дамытылатын әлеуметтік сапалар**	**Күтілетін нәтиже**
Әлеуметтік-эмоциялық оқыту	Эмоцияны тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, шешім қабылдау	эмпатия, өзін-өзі бақылау, жауапкершілік	әлеуметтік-эмоциялық құзыреттіліктің дамуы
Әлеуметтік-педагогикалық тренинг	Топтық жаттығулар, рөлдік ойын, жағдаяттық тапсырмалар	коммуникация, ынтымақтастық, өзіндік сенімділік	конструктивті өзара әрекет
Әлеуметтік жобалау	Нақты әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған жоба	бастамашылық, азаматтық жауапкершілік, шығармашылық	әлеуметтік белсенділік
Service-learning және еріктілік	Қоғамдық пайдалы қызмет пен рефлексияны біріктіру	өзара көмек, әлеуметтік жауапкершілік	қоғамға пайдалы әрекет тәжірибесі
Медиация және қалпына келтіруші тәжірибе	Жанжалды диалог арқылы шешу, зиянды қалпына келтіру	әділдік, эмпатия, жауапкершілік	жанжал мәдениетінің қалыптасуы
Тәлімгерлік	Жеке мақсат қою және сүйемелдеу	дербестік, рефлексия, жауапкершілік	жеке әлеуметтік даму траекториясы
Профилактикалық технологиялар	Қауіп факторларын ерте анықтау және қорғаныш факторларын күшейту	тұрақтылық, қауіпсіз мінез-құлық	әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу
Цифрлық азаматтық	Онлайн кеңістіктегі этика, қауіпсіздік және жауапкершілік	цифрлық жауапкершілік, сыни ойлау	қауіпсіз әрі этикалық онлайн мінез-құлық

Теориялық талдау негізінде әлеуметтік-педагогикалық жұмысты диагностика → мақсат қою → технологияны таңдау → әлеуметтік әрекет → рефлексия → нәтижені бағалау және түзету кезеңдері арқылы ұйымдастыру орынды деп есептейміз. Бұл алгоритм тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуге және оның нәтижесін бақылауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік тәрбиенің нәтижелілігін бағалауда үш негізгі өлшемді қарастыруға болады: құндылықтық-мотивациялық, коммуникативтік-әрекеттік және рефлексивтік-жауапкершілік. Біріншісі жасөспірімнің әлеуметтік құндылықтарға қатынасын, екіншісі қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын, үшіншісі өз іс-әрекетін бағалау және оған жауапкершілік алу қабілетін сипаттайды.

Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың тиімділігі бірнеше шартқа тәуелді. Олар жасөспірімдердің жас ерекшелігіне сәйкес болуы, олардың белсенді субъектілік позициясын қамтамасыз етуі, нақты әлеуметтік тәжірибемен байланыстырылуы және жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет. Сонымен қатар мектеп, отбасы және қоғамның өзара ынтымақтастығы маңызды. R.J. Jagers және әріптестері де әлеуметтік-эмоциялық оқытуда жасөспірімдердің белсенді қатысуы мен дербестігіне ерекше мән береді [9]. OECD зерттеулерінде әлеуметтік және эмоциялық дағдылардың жасөспірімдердің мектептегі тәжірибесі мен өмірлік нәтижелерімен байланысы көрсетілген [11; 15].

Қорытынды.

Жасөспірімдердің әлеуметтік тәрбиесін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қоғамдық және цифрлық ортаның өзгеруі тәрбие жұмысында әрекеттік, жүйелі және тұлғаға бағдарланған технологияларды қолдануды талап етеді.

Теориялық талдау әлеуметтік-эмоциялық оқыту, әлеуметтік жобалау, тренинг, медиация, тәлімгерлік, профилактика және цифрлық азаматтық технологияларының жасөспірімдердің әлеуметтік құзыреттілігін, жауапкершілігін, қарым-қатынас мәдениетін және белсенділігін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Олардың нәтижелілігі технологияларды жеке іс-шара ретінде емес, диагностикадан бастап рефлексия мен нәтижені бағалауға дейінгі біртұтас әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде ұйымдастыруға байланысты. Сондықтан әлеуметтік педагогтің қызметінде жасөспірімнің белсенді позициясына, нақты әлеуметтік әрекетке, жүйелілікке және *мектеп – отбасы – қоғам* ынтымақтастығына басымдық берілуі тиіс.

Осы тұрғыдан әлеуметтік-педагогикалық технологиялар жасөспірімнің әлеуметтік тәжірибені саналы меңгеруіне, жауапты таңдау жасауына және қоғаммен сындарлы өзара әрекеттесуіне жағдай жасайтын маңызды педагогикалық құрал болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. – Астана, 2023.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы. – Астана, 2025.

Аринова Б.А. Әл-Фарабидің ізгілікті идеяларының заманауи қайырымды тұлға тәрбиелеудегі құндылықтық әлеуеті // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – №1 (62). – Б. 21–28. DOI: 10.26577/JES.2020.v62.i1.02.

Bulatbayeva A.A., Kadenov Ye.T. Әлеуметтік педагогтың балалармен тұрмыстық зорлыққа ұшырауды алдын алу жұмысының алгоритмі // Journal of Educational Sciences. – 2020. – Vol. 63, No. 2. – P. 53–61. DOI: 10.26577/JES.2020.v63.i2.06.

Еняшина Н.Г. Социально-педагогические технологии в работе с молодежью: учебное пособие. – Ульяновск: УлГУ, 2021. – 32 с.

Taylor R.D., Oberle E., Durlak J.A., Weissberg R.P. Promoting Positive Youth Development Through School-Based Social and Emotional Learning Interventions: A Meta-Analysis of Follow-Up Effects // Child Development. – 2017. – Vol. 88, No. 4. – P. 1156–1171. DOI: 10.1111/cdev.12864.

Corcoran R.P., Cheung A.C.K., Kim E., Xie C. Effective Universal School-Based Social and Emotional Learning Programs for Improving Academic Achievement: A Systematic Review and Meta-analysis of 50 Years of Research // Educational Research Review. – 2018. – Vol. 25. – P. 56–72.

Mahoney J.L., Durlak J.A., Weissberg R.P. An Update on Social and Emotional Learning Outcome Research // Phi Delta Kappan. – 2018. – Vol. 100, No. 4. – P. 18–23. DOI: 10.1177/0031721718815668.

Jagers R.J., Rivas-Drake D., Williams B. Transformative Social and Emotional Learning (SEL): Toward SEL in Service of Educational Equity and Excellence // Educational Psychologist. – 2019. – Vol. 54, No. 3. – P. 162–184. DOI: 10.1080/00461520.2019.1623032.

Weber C., Vereenooghe L. Reducing Conflicts in School Environments Using Restorative Practices: A Systematic Review // International Journal of Educational Research Open. – 2020. – Vol. 1. – Article 100009. DOI: 10.1016/j.ijedro.2020.100009.

OECD. Beyond Academic Learning: First Results from the Survey of Social and Emotional Skills. – Paris: OECD Publishing, 2021. DOI: 10.1787/92a11084-en.

Filges T., Dietrichson J., Viinholt B.C.A., Dalgaard N.T. Service Learning for Improving Academic Success in Students in Grade K to 12: A Systematic Review //

Campbell Systematic Reviews. – 2022. – Vol. 18, No. 1. – e1210. DOI: 10.1002/cl2.1210.

Lodi E., Perrella L., Lepri G.L., Scarpa M.L., Patrizi P. Use of Restorative Justice and Restorative Practices at School: A Systematic Literature Review // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022. – Vol. 19, No. 1. – Article 96. DOI: 10.3390/ijerph19010096.

Cipriano C., Strambler M.J., Naples L.H., Ha C., Kirk M., Wood M., Sehgal K., Zieher A.K., Eveleigh A., McCarthy M., Funaro M., Ponnock A., Chow J.C., Durlak J. The State of Evidence for Social and Emotional Learning: A Contemporary Meta-analysis of Universal School-Based SEL Interventions // Child Development. – 2023. – Vol. 94, No. 5. – P. 1181–1204. DOI: 10.1111/cdev.13968.

OECD. Social and Emotional Skills for Better Lives: Findings from the OECD Survey on Social and Emotional Skills 2023. – Paris: OECD Publishing, 2024. DOI: 10.1787/35ca7b7c-en.

Lu C., Gu M.M. A Systematic Review and Meta-analysis of Factors and Outcomes of Digital Citizenship among Adolescents // Asia Pacific Journal of Education. – 2025. – Vol. 45, No. 4. – P. 1130–1145. DOI: 10.1080/02188791.2023.2296352.

ҒТАМР 14.25.05

ЖАТАҚХАНА – ОҚУШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ КЕҢІСТІГІ

М.Д. Турабаева, Ұ.Ш. Биләл

Жатақхана тәрбиешілері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Түркістан қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы, Түркістан қ.

Бұл мақалада Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) жүйесіндегі мектеп-интернат (жатақхана) ортасының оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуына (SEL) тигізетін әсері қарастырылады. Авторлар академиялық білім беру үдерісінен бөлек, сабақтан тыс уақытта тәрбиеленушілердің эмоционалдық интеллектісін (EQ), стресске төзімділігін және өзара тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту жолдарын зерделейді. Мақалада жатақхана ортасында қолданылатын SEL (Social and Emotional Learning) бағдарламасының құрылымдық компоненттері (өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік сезімталдық, қарым-қатынас дағдылары және жауапты шешім қабылдау) егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу жұмысы Түркістан қаласындағы НЗМ жатақханасындағы тәрбие жүйесіне негізделген, онда әр тәрбиеші өз қарамағына 30 оқушыдан алып, олардың даму үдерісін тікелей басқарады (жалпы саны 60 тәрбиеленуші қамтылған). Мақалада қолданылған тәрбиелік жобалар мен психологиялық-педагогикалық тренингтердің оқушылардың тұлғалық әлеуметтенуіне тигізген оң динамикасының нәтижелері кесте түрінде ұсынылған.

Түйін сөздер: Назарбаев Зияткерлік мектептері, жатақхана ортасы, әлеуметтік-эмоционалдық даму (SEL), эмоционалдық интеллект (EQ), қарым-қатынас дағдылары, тәрбиеші рөлі, тәрбиелік кеңістік.

Қазіргі заманауи білім беру парадигмасында оқушылардың тек академиялық білімі мен когнитивті қабілеттерін (IQ) дамыту жеткіліксіз. Әлемдік педагогикалық трендтер көрсеткендей, тұлғаның өмірдегі және болашақ кәсіби ортадағы сәттілігі оның әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларына, атап айтқанда эмоционалдық интеллектісі (EQ) мен коммуникативтік құзыреттілігіне тікелей байланысты. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ білім беру жүйесінде бұл бағытқа, әсіресе сабақтан тыс уақыттағы жатақхана ортасында ерекше маңыз беріледі.

НЗМ жанындағы мектеп-интернат (жатақхана) – жай ғана оқушылардың тұратын орны емес, бұл баланың тұлғалық әлеуметтенуін қамтамасыз ететін, эмоционалдық тұрғыдан шыңдайтын және ұжымаралық өзара әрекеттесуді үйретететін негізгі әлеуметтік-эмоционалдық даму кеңістігі болып табылады. Үй ортасындағы отбасылық қамқорлықтан уақытша жырақтап, қатарластарымен бір кеңістікте өмір сүретін оқушылар ерте жастан эмпатия, конфликтілерді шешу, өз эмоцияларын басқару және топта жұмыс істеу дағдыларын игеруге мәжбүр болады. Осы орайда, жатақхана тәрбиешісінің өз қарамағындағы оқушылар тобын тиімді басқаруы және олардың әлеуметтік-эмоционалдық саласын дамытудың тиімді жолдарын іске асыруы осы зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу жұмысы «Түркістан қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының жатақханасы базасында жүргізілді. Зерттеу жұмысы 2024–2026 жылдар аралығын қамтиды. Зерттеудің эмпирикалық негізін жатақханадағы екі тәрбиешінің тікелей басқаруындағы топтар құрады. Әр тәрбиеші өз қарамағына 30 оқушыдан алып, олардың сабақтан тыс уақыттағы өмірін үйлестіреді және басқарады (жалпы іріктеу жиынтығы – 60 тәрбиеленуші).

Зерттеу барысында оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық даму деңгейін анықтау үшін келесі әдістер кешені қолданылды:

1. *Диагностикалық әдістер:* Оқушылардың эмоционалдық интеллект деңгейін анықтауға арналған Н. Холл тесті және әлеуметтік-психологиялық бейімделуді бағалау сауалнамалары.

2. *Педагогикалық эксперимент (Формирлеуші кезең):* Сабақтан кейінгі уақытта жатақханада тәрбиешілердің тікелей басқаруымен арнайы әзірленген SEL (Social and Emotional Learning) бағдарламасын енгізу. Бағдарлама шеңберінде «100 кітап» жобасы арқылы кейіпкерлердің эмоциясын талдау, «Ұрпақтар сабақтастығы» аясында үлкендермен сұхбаттасу мәдениетін дамыту және қолөнер үйірмелері арқылы арт-терапиялық эмоционалдық жеңілдеу (релаксация) шаралары ұйымдастырылды.

3. *Педагогикалық бақылау мен мониторинг:* Тәрбиешілердің қарамағындағы 60 оқушының күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынас мәдениетін, кикілжіңдерді (конфликт) конструктивті шешу қабілетін және топтық ұйымшылдығын ұзақ мерзімді бақылау жүргізу.

Жатақхана ортасындағы SEL бағдарламасының құрылымы.

Зерттеу аясында тәрбиешілердің тікелей басқаруымен енгізілген SEL (Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту) бағдарламасы академиялық жүктемеден тыс уақытта оқушының эмоционалдық интеллектісін (EQ) дамытуды көздеп, келесі бес негізгі бағыт бойынша құрылымдалды:

– *Өзін-өзі тану (Self-awareness):* Оқушының өз эмоцияларын, ішкі сезім күйлерін, күшті және әлсіз тұстарын нақты тани білуі. Тәрбиешімен жеке әңгімелесу және рефлексия сәттері арқылы іске асырылды.

– *Өзін-өзі реттеу (Self-management):* Күйзеліс пен мазасыздық деңгейін төмендету, эмоцияларды бақылау, емтихандар мен олимпиадалар кезеңінде жоғары стресске төзімділік таныту. Бұған қолөнер мен арт-терапиялық үйірмелер септігін тигізді.

– *Әлеуметтік сезімталдық (Social awareness):* Өзгелердің жағдайына түсіністікпен қарау, эмпатия таныту және ұлттық-мәдени құндылықтарға құрметпен қарау. Осы орайда «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы арқылы үлкен буынға деген құрмет мәдениеті шыңдалды.

– *Қарым-қатынас дағдылары (Relationship skills):* Құрдастарымен, бөлмелестерімен және тәрбиешілермен тиімді тіл табысу, кикілжіңдерді бейбіт әрі конструктивті шешу, топта жұмыс істей алу.

– *Жауапты шешім қабылдау (Responsible decision-making):* Тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда өз мінез-құлқы мен әрекеттерінің нәтижесін саналы түрде түсіну, дербестік таныту.

Зерттеу нәтижелері.

Тәрбиешілердің өз қарамағындағы 30 оқушымен жүйелі түрде жүргізген әлеуметтік-эмоционалдық дамыту және басқару жұмыстарының нәтижесінде тәрбиеленушілердің тұлғалық қасиеттері мен өзгелермен қарым-қатынас жасау дағдыларында айтарлықтай оң динамика байқалды. Зерттеудің басы мен соңында жүргізілген диагностикалық көрсеткіштер 1-кестеде бейнеленген.

Кесте 1. Жатақхана ортасында тәрбиешілердің басқаруымен SEL бағдарламасын енгізгенге дейінгі және одан кейінгі оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының даму динамикасы (N=60).

Бағаланатын әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттіліктер (Дағдылар)	**Бағдарламаға дейінгі деңгей (%)**	**Бағдарламадан кейінгі деңгей (%)**	**Жатақханадағы дамыту жолдары мен педагогикалық құралдар**
Эмоционалдық өзін-өзі реттеу (Стресске төзімділік)	42%	78%	Қолөнер үйірмелері, арт-терапия, академиялық жүктемеден кейінгі релаксациялық сәттер.
Эмпатия және өзгелерді түсіну қабілеті	50%	85%	«100 кітап» жобасы аясында шығармаларды талқылау, кейіпкерлердің психологиялық портретін талдау.

Коммуникативтік дағдылар (Қарым-қатынас мәдениеті)	55%	88%	«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясындағы кездесулер, дебаттар, топтық зияткерлік ойындар.
Конфликтілерді конструктивті шешу және топтық жұмыс	48%	83%	Жатақханадағы өзін-өзі басқару кеңестері, тұрмыстық және ұжымдық шешімдерді бірлесе қабылдау.

Кестеде көрініп тұрғандай, ең үлкен өсім оқушылардың эмоционалдық өзін-өзі реттеу (42%-дан 78%-ға) және эмпатия (50%-дан 85%-ға) көрсеткіштерінде байқалды. Бұл жатақханадағы сабақтан тыс уақыттың тәрбиеші тарапынан дұрыс бағытталуы баланың ішкі психологиялық тепе-теңдігін сақтауға көмектесетінін дәлелдейді.

Талқылау.

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, жатақханалық кеңістіктің оқушының әлеуметтік-эмоционалдық дамуына әсерін келесі негізгі бағыттар арқылы сипаттауға болады:

1. Академиялық деструкциядан арылу және эмоционалдық теңдік: НЗМ-нің жаратылыстану-математика бағытындағы жоғары оқу жүктемесі оқушыларда жиі мазасыздық тудырады. Тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өткізілетін қолөнер үйірмелері мен шығармашылық шаралар тәрбиеленушілердің эмоционалдық жеңілдеуіне мүмкіндік береді. Бұл олардың келесі күнгі сабақтарға эмоционалды дайын, зейінді болуын қамтамасыз етеді.

2. Тәрбиешінің басқарушылық рөлі және ұжымдық орта: Тәрбиеші өз қарамағындағы 30 оқушының әрқайсысының психоэмоционалдық күйін бақылап, бөлмелердегі өзара сыйластық ахуалын реттеп отырады. 30 баланың бір ұжым ретінде бірлесіп өмір сүретін ортасы оларды компромисске келуге, өз шекараларын қорғауға және өзгенің пікіріне құрметпен қарауға үйретеді.

3. Құндылықтарға негізделген жобалардың маңызы: «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы оқушылардың үлкен буынмен тіл табысу дағдыларын дамытса, «100 кітап» жобасы оқылған шығармалар арқылы адамгершілік нормаларын саналы түрде түсінуге жол ашады.

Қорытынды.

Зерттеу жұмысының қорытындысы көрсеткендей, сабақтан кейінгі жатақхана өмірі – академиялық білім беруді толықтыратын, оқушының тұлғалық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуының негізгі іргетасы болып табылады. Жатақхана тәрбиешісінің басқаруымен мақсатты түрде ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстары оқушылардың эмоционалдық

интеллектісін жоғарылатып, өзгелермен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастырады.

Әр тәрбиешінің өз қарамағындағы 30 оқушымен жүргізген екіжылдық тәжірибесі дәлелденгендей, жатақханада қалыптасқан әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар (SEL) тәрбиеленушілердің ішкі психологиялық тұрақтылығын нығайтып, олардың әлеуметтік ортадағы «жұмсақ дағдыларын» (soft skills) жоғарылатады. Бұл білім беру кеңістігінде алған тұлғалық капитал оқушылардың кез келген өмірлік жағдаяттарда эмоционалды тұрақтылық танытуына, ішкі тепе-теңдігін сақтауына, күйзеліске қарсы берік иммунитет қалыптастыруына және бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамуына тікелей ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер

1 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2020. – 34 б.

2 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значит больше, чем IQ. – Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2016. – 544 с.

3 Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 214 б.

4 Elias M.J. Academic and Social-Emotional Learning // Educational Practices Series. – 2003. – Vol. 11. – P. 10-20.

ГРНТИ 14.25.09

РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

А.В. Евдокина
Студент, Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск
З.К. Чункурова
Магистр, старший преподаватель-исследователь, Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск
А.К. Правдивцева
Учитель начальных классов, педагог-эксперт, КГУ «Средняя многопрофильная школа № 37», г. Усть-Каменогорск

В статье рассматривается значение познавательного интереса в процессе обучения младших школьников естествознанию. Раскрываются особенности формирования познавательного интереса у детей младшего школьного возраста, его связь с любознательностью, учебной мотивацией и активностью обучающихся. Особое внимание уделяется возможностям уроков естествознания в развитии интереса к изучению окружающего мира через наблюдения, проблемные ситуации, опыты, эксперименты, игровые задания и самостоятельный поиск информации. Рассматриваются педагогические приёмы, позволяющие сделать учебную деятельность более активной и содержательной. Предлагается практический комплекс заданий «Юный исследователь», направленный на развитие у младших школьников умения задавать вопросы, выдвигать предположения, наблюдать, сравнивать, анализировать результаты и делать выводы. В итоге подчёркивается, что систематическое использование активных методов обучения на уроках естествознания способствует поддержанию познавательной активности и формированию устойчивого интереса к изучению природы.

Ключевые слова: познавательный интерес, младший школьник, естествознание, учебная мотивация, познавательная активность, наблюдение, эксперимент, проблемное обучение, исследовательская деятельность.

Познавательный интерес является одним из важных условий успешного обучения младших школьников. В период начального обучения у ребёнка

активно формируется отношение к учебной деятельности, окружающему миру и процессу получения новых знаний. Именно в этом возрасте естественная детская любознательность может постепенно переходить в устойчивый интерес к определённым областям знаний. Поэтому перед учителем стоит задача не только познакомить обучающихся с содержанием учебного материала, но и создать условия, при которых ребёнок испытывает желание узнавать новое, задавать вопросы и самостоятельно искать ответы.

Особое значение в развитии познавательного интереса имеет предмет «Естествознание». Его содержание непосредственно связано с окружающим миром, природными явлениями, растениями, животными, человеком и взаимодействием природы и общества. В Государственном общеобязательном стандарте начального образования подчёркивается необходимость формирования у обучающихся базовых знаний и навыков, развития самостоятельности, познавательной активности и способности применять полученные знания в различных ситуациях [1]. В свою очередь, типовая учебная программа по естествознанию предусматривает формирование у младших школьников представлений об окружающем мире, развитие исследовательских навыков, умения наблюдать, проводить простые опыты, анализировать полученную информацию и делать выводы [2]. Следовательно, содержание предмета создаёт широкие возможности для организации активной познавательной деятельности учащихся.

